

**Жамбыл
Жабаев**

ШЫҒАРМАЛАРЫ

«Нұрлы Press.kz»

Алматы

2014

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)-5
Ж 25

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару
бағдарламасы бойынша жарық көрді»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Жамбылтану және халық ақындары ғылыми-зерттеу институты

Редакция алқасы
С.Пірәлиев, С.Қирабаев, ТКәкішев,
У.Қалижанов, Б.Ыбырайым, Б.Сманов

**«Ақындар аманаты» атты қазақтың ауызша
әдебиеті жобасының авторы:**
Бекен Ыбырайым

Ж25 **Жамбыл Жабаев.** Шығармалары. – Алматы:
«Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б. – (Ақындар аманаты)

ISBN 978-601-80288-6-1

Жамбыл Жабаев шығармаларының оқырмандарға ұсынылып отырған жаңа басылымына әр жылдары жарық көрген туындылары іріктеліп енгізілді. Жыр алыбының айтыстары, жырлары, дастандары – ақындық өнердің, шеберліктің айқын айғағы.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)-5

ISBN 978-601-80288-6-1

© **Б.Ыбырайым**
© «Нұрлы Press.kz», 2014

**Жамбыл
Жабаев
(1846 – 1945)**

ӨЛЕНДЕР



ӘКЕМЕ

Сөртінің ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын,
Жапанда жалғыз қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын ығыр қып,
Ойым жоқ шұрқан¹ салатын.
Қоныстан елді бостырып,
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке.
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз құр келеке.

¹ Шұрқан – бүлік, жанжал мағынасында.

САРЫБАЙҒА

Сары-еке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып талап қылдым,
Бересіз қандай баға ұлыңызға?

Жаманның көңілі көкте, жерде басы,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы...
Жақсының өзі кішік, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі?

Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.
Көтеріп дүниенің көң-қоқырын,
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?

Біреулер «қайтемін» деп қалтаңдап жүр,
Өркімнің аузына бір жалтаңдап жүр...
Біреулер біліп тұрып жете алмайды,
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?

Көңілі кейбіреулердің бұлтта жүр,
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.

Қайсысын маған соның еп көресіз?
Өкетсем өзім таңдап өкпелерсіз...
Сүй-екемнің сүйгенін ойласаңыз,
Өлең болсын серігің деп бересіз!

КӘМШАТ ҚЫЗ

Кермиық Кәмшат қыздың көрдік көркін,
Қондырған шекесіне құндыз бөркін.
Секілді алтай түлкі сылаң қағып,
Шеніне келтірмейді-ау емін-еркін.
Қырандай қияннан-ақ ілер едім,
Қырқада қызыл жүзін бұрса бертін.

Шаң жұқпас шашасына саңлақ едім,
Сан жерде шаршы төске самғап едім.
Жұртшыдай жұрт торымай, алысқа ұшып,
Алатын тоятымды тандап едім.
Айдынның ақ шортанын жібермейтін,
Жасымнан жаза баспас қармақ едім.

Болғанмен сыртым қораш, ішім сұлу,
Сол ғана жүрегіме берген жылу.
Ажары бет пен жанның бірдей емес,
Керек-ау, Кәмшат, соны пайым қылу!

Солмай ма көктемдегі әдемі гүл,
Оңбай ма бетке біткен әдемі түр?!
Еңкейіп екіндіге күн құласа,
Көріксіз көрінбей ме дүние бір?

Осының бәрі мысал ойлағанға,
Кәмшат қыз, ойлан, ойланба, оны өзің біл.
Көңілге келіп бір сөз қалғаннан соң,
Тынар ма, айтып өтпей қу қызыл тіл!..

* * *

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр-мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.

Қамқа-қамзол киініп,
Қас-қабағың керілген.
Қарапайым адамнан
Қомытсынып жерінген.
Жұбайыңды есіттім,
Таңдап тапқан еліңнен.
Өзі қарау, тарыншақ,
Қас Қарымбай делінген.
Салғаныңды көрермін,
Соған барып серуен.
Сөйлесермін оралып,
Сонда, Кәмшат, сенімен!



ӨЛЕҢШІ ОМАРҒА

Жағынба босқа байға, Омар ақын,
Байлардан саған мынау кедей жақын.
Енеңді мықтап мырза бір боқтайды,
Берерде қойға қоңыр шолақ атын.

Тек отыр, меніменен айтыспай-ақ,
Жетеді саған ақын некен-саяқ.
Үрпип жүні түскен қоңыр қаздай,
Соғуға қанатыммен тұрмын аяп!

ЖАНЫС АҚЫНҒА

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай!
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен
Кетер ме екен жығылмай!?
Құлаштап бір кетейін,
Көбен¹ құсап тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы² бұйым ба-ай!
Селтендеген ақынды,
Көрмеуші едім шыбындай.
Кәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?!
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде жеңген Шыбылдай³.

¹ Көбен – арықтап жүріп, ет алған жылқы

² Жабы – қарапайым жылқы

³ Шыбыл – Ұлы жүздегі ру аты

ЖЫЛҚЫШЫ

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Саяқ іздеп Саркемер, Сартаукұмнан,
Табылса деп, жонымыз бір тілінбей.
Байтал түгіл бас қайғы болып жүріп,
Қайтпекші едік, төсектен біз түңілмей!

ПҰШЫҚТЫҢ ҰРЫҒА АЙТҚАНЫ

Шығып ем бүгін мініп көк байталға,
Кез болдым екеуіңе көк қайқанда.
Көк байтал өзі семіз, өзі буаз,
Жануар шаба алмаса, өкпе айтам ба?

Екеуің келе сала пұшықты алдың,
Өкпесін өзі дімкәс қысып та алдың.
Қалғандай қағындысы құрттан әлі,
Пұшықты бартылдатып ұшықтадың.

Олжалап кетерсіңдер байталымды,
Қалмаймын мен де бүгіп айтарымды.
Осы өлең қайда барсаң қиқу салып,
Қуалар бойларыңнан сайтаныңды.

Білемін, бірің Манас, бірің Сырым,
Пұшықты тонағаның жаман ырым.
Атыңды біреуіңнің бірің атап,
Көріп пе ең, адам тонап бұдан бұрын.

Ала бер байталымды, Сырым, Манас¹,
Байталға мейлің өліс, мейлің талас.
Атыңды екеуіңнің біліп алдым,
Аржағы керегі жоқ, болды қалас!

¹Сырым, Манас – Қасқарау елінен шыққан ұрылар.

ШӘБДЕНГЕ

Уа, шаһибаз, хан Шәбден!
Атым арып келді әбден.
Тоным тозып, жүдедім,
Орын бермей жан төрден.
Ақ ордаңа енейін,
Аман-сәлем берейін,
Аз дамылдап алайын,
Өзіме-өзім келейін.
Жан таң қалған сөзімді
Алдыңа бір төгейін.
Күн қиядан батқанша,
Ай қиядан асқанша,
Ағыл-тегіл тер болып,
Жорғалайын, желейін.
Басы биік Алатау
Жер өмірден көрінер,
Арнап келдім, батыр-ау,
Амандасып қолың бер!
Ауыл алыс болса да,
Атағыңды көрдім бел.
Атым арық, тон тозық,
Қысып келді аштық, шөл.
Жерімізде жұт болып,
Өспей қалды биыл төл.
Бұйымтайым, мұңым да,
Әзірше айтар сізге сол.

СӨТ САЙЛАНАРДА

Лашын құстай таранып,
Сыртың сұлу көрінген,
Неңді медеу саналық,
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түйелер,
Қысырады биелер,
Қыста қырсыз, жұт болдың.
Елге жүгіңді үйе бер.
Шығынмен де шаршаттың,
Енді қайтіп күй енер?!
Көргеніміз сол болса,
Неміз қалды сүйенер!
Қазбасам да мен онша,
Елдің өзі-ақ жүйелер.

ЖАЛҒЫЗБЫН ДЕП ЖҮРМЕСІН

Сәлем айт барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда!
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай,
Тасқынды тәңір басуы-ай.
Нар көтерген ауырға
Арқасын тоссын жасымай!

ТІЛЕМІСКЕ

Ей, Тілеміс, Тілеміс!
Тілің мірдің оғындай.
Тиіп кетсе күйдірген,
Сексеуілдің шоғындай.
Қарсы келген жау болса,
Құтылмайды соғылмай.
Құр сүлдесі қалғанша
Қара терге шомылмай!
Кебекбай мен Ноғайбай,
Тіліңнен-ақ именіп,
Жүр ғой сені соға алмай!

АБЫШҚА

Мәмбетәлі ауылында,
Атандым мен абышқа*,
Абышқа деп мына қыз,
Тиіп кетті намысқа.
Абышқаның сақалы,
Әлде бұған таныс па?
Абышқаны байқасам,
Емес екен алыста.
Абышқа ма, қарашы,
Біздің әсем дауысқа,
Ұзақ таңға қарлықпас,
Ұлы дүбір шабыста.
Айтқан сөзім шет болса,
Сынатайық қалысқа.
Не болмаса жөнде өзің,
Тұлғаң түзу жан екен,
Түсінетін әр нұсқа...

* Абышқа – қырғызша шал деген сөз.

АРТЫҚША ТУҒАН АЗАМАТ

Жігіттіктің кезінде,
Жігерлі болса ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда,
Халыққа сөзі ем болар.
Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын,
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасың,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар.

Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде,
Өлімді кім ойлайды.
Жігері болса жігітің,
Орындамай қоймайды.
Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын.
Кезеңді жерде кез болса,
Қорқып тізгін тартпайтын,
Батыр Қараш, Саурық,
Шапқырашты Өтеген,
Батырлардың еңбегі
Таныс маған ертеден.
Жамбылдың да серті бар,
Әділдік көрмей өмірден,
Жүрегінде дерті бар.
Ішіне Жамбыл түскен дерт,

Зұлымның салған өрті бар.
Қырандай Жамбыл қалқыса,
Өзі салған өрт жалын,
Зұлымға қарай шалқыса,
Елдің серті – ер серті.
Дұшпанның басын шарпыса!



ҚАБАТ ТУСЫН КҮН МЕН АЙ

«Аумиін» деп қолынды жай,
Қабат тусын күн менен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Ылғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қыз,
Мінгені болсын жорға тай.
Ертең ерте біреуі –
Қойға кетсін қудалап,
Түйеге кетсін біреуі –
Екі көзін уқалап,
Егін ексін біреуі –
Су сағасын томалап,
Оттың басын шаңдатып,
Біреуі жатсын домалап.
Жылқы бақсын біреуі –
Асауларды күделеп.
Сөз сөйлесін біреуі –
Көп ішінде сүбелеп.
Жақсы лепес – жарты ырыс,
Ескіден қалған мақалды
Соза беріп, қайтейін,
Бата аяғы тақалды.

ШАЛТАБАЙҒА

Салқын келіп тоң-торыс,
Сыртқа сыздап қарайсың.
Сенен басқа жоқ болыс,
Деп өзінді санайсың.
Шарға түсер шағыңда,
Қара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малың да,
Ақ жем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше,
«Жамағат!..» деп жалындың.
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың.
Сан рет кеп алдыңда,
Сағым сынып, сарылдым.
Сазаратын Жамбылға,
Саған сонша не қылдым?!
Бақсы басы қаңғырар,
Бабын таппай тамырдың.
Жанды есінен тандырар,
Қиынын-ай бабыңның!..

ҚАЛИҒА

Ей, Ордабай ұлы Қалиым!
Үстіңде тұр ақ үйің.
Қасыңда тұр қара үйің.
Атағыңды білемін,
Сыртыңнан-ақ танымын.
Атан сұрап, ат сұрап,
Деп келгем жоқ жарыын,
Байдабектің бірі едің,
Сары бәйбіше ұлы едің.
Сартауқұмды мекендеп
Баяғыдан жүр едің.
Сахарада қонысың,
Малға толы өрісің.
Сойылыңды соғып тұр
Ұлығың мен болысың.
Біздей жаһанкезбені
Қомытсынсаң қомытсын.
Бірақ айтып кетейін,
Жүзім қайтып көрген жоқ,
Сенен қорқып нетейін.
Күле-күле жүрсін ел,
Менменсіген бейліңді
Елге жайып өтейін.

ТОҚТАҒҰЛҒА

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан-төре айналмай ма сендей ерден.

Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландай ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп.

КЕДЕЙ КҮЙІ

Ұзынағаш, Қаратас,
Қалқабайдай қайран жас.
Бекеттен¹ нан қоймайды,
Жалаң аяқ, жалаң бас.

Оған ауыз жарымас,
Сонда-дағы ар қылмас.
Қалт-құлт етіп жүргені,
Қысы-жазы қарны аш.

Қайтып жаның ашымас,
Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер,
Қалай түкке татымас.

Болмайды ішкен асың ас,
Қайтіп сүйек жасымас.
Мұныменен Қалқабай,
Сордан көзің ашылмас.

Ағайынмен, бар, сырлас,
Тегін тамақ татырмас.
Жарылқары жалғыз-ақ:
«Жетерсің» дер, «басың жас!»

¹ Бекет – Ұзынағаш бекеті.

ӘДІЛДІК КЕРЕК ХАЛЫҚҚА

Ұзынағаш базарында, Сарыбайдың баласы Қисыбай болыс болып тұрған кезде, қан базардың ортасында, қасында бірнеше ұлықтар, төрелер бар Қисыбай кездесіп: «Мынау Жамбыл деген қазақтың ақыны», – деп таныстырады. Төрелердің тілмашы Жамбылды қылышымен нұсқап:

– Бұл қандай ақын, айғайлап ағаш алғанның бәрі ақын, анық ақын болса, бізді өлеңге қосып айтып көрсін, – дейді.

Сонда ұлықтың жақтырмағанын білген Жамбыл ішінен ызаланып, өлеңдетіп қоя береді:

Қолына қылыш ұстаған,
Ақыл-ойы қысқадан.
Қазақты қорлап жақтырмай,
Қылышымен нұсқаған.

Кедейді көрсе керіліп,
Сөйлесуге ерініп.
Сендерге ермек болуға,
Жүргенім жоқ зерігіп.

Базарға келсем тиын жоқ,
Киетұғын киім жоқ,
Кісі өлтіргіш ұрыға
Ұлықтан да тыйым жоқ.

Байдың бабын таппаған,
Ұлыққа сөзім жақпаған.
Жалған ақын мен емес,
«Жазықсыз төре» сен емес.

Жарлы-кедей халықты
Жамбыл осы жақтаған.

Шаруаның күйі жоқ,
Кіруге бүтін үйі жоқ.

Егін салар жері жоқ,
Сөзін сөйлер ері жоқ.
Қолына егер жер тисе,
Байлардан оның кемі жоқ.

Жарлы-кедей жасының,
Күйі жоқ бір басының.
Қадірлемей ұлық жүр
Халықтың нелер асылын.

Байдың орып астығын,
Таба алмай әділ бастығын.
Ақыны байдан ала алмай,
Сорлы кедей, жасыдың.

Байдың малын бағасың,
Күз пішенін шабасың.
Қолына түсіп қалған соң,
Еңбекті қайдан аласың?!

Жарлыны бай жалмасын,
Ұмытқан соң тәубе Алласын.
Ұлықтан сол тілегім:
Анық шындық жүрегім,
Нашарға салық салмасын.

Сарнасын, ақын сарнасын,
Төреге сөзін арнасын.
Тыңдамаса ол төре,
Халық тыңдар жалғасын.
Жарлыға қорлық көрсетіп,
Әуреке бай салмасын.

Ағылсын жырым бұлақтай,
Төгілсін сырым құрақтай.
Болыс-төре жүрген жоқ,
Халықты қорлап, жылатпай.
Шабарманы шаптығып,
Барады елді шыдатпай.
Болыс-төре, билерді
Кедейлер отыр ұнатпай.
Жаз жатақта қалдырып,
Салыққа малын алдырып,
Кедейлерге теңдік бер,
Қысы-жазы шулатпай!

Халықтың сырын терейін,
Қалықтап ұшып көрейін.
Шындықты айтқан Жамбылды,
Төрелер кетті ұнатпай.

Сонда төрелер Жамбылды жаратпай, Қисыбайға ала көздерімен қарап, базардан сырғып кеткен екен. Халық «тара» деген ұлық сөзін тыңдамай, Жамбылды қоршап, «айта беріңіз» деп тұрып алыпты. Қызып алған Жамбыл халықтың қызығып, сүйсіне тыңдағанына өршелене түседі. Домбырасын шертіп, өлеңді ілгері қарай өршіте береді:

Төгейін жырды халқыма,
Халық тыңдап сөзінді,
Жақсы көрсе өзінді,
Тартынба, Жамбыл, тартынба!

Бұлбұлдайын сайрайын,
Жігерімді қайрайын.
Сәулемді елге түсіріп
Аспандағы айдайын!
Тас бұршақтай ұшырып,

Екпіні күшті сөз дайын.
Жиналып халық тұрғанда,
Тыңдауға көңіл бұрғанда,
Сөз дариясын қозғайын.
Толқыны кетсін серпіліп,
Тоқталмасын іркіліп.

Болыс елді аралап,
Жарлыны шауып, жаралап,
Сөзін сөйлеп малдының,
Көзін ойып жарлының,
Ас берсе бай саралап.

Иттей көрдім төрені,
Тамаққа тойса үретін.
Халықтың ақын перзенті
Ақтарып сырды беретін.
Жүйріктің ақын өрені
Бәйгеде жауырын керетін.
Айтқандары өтірік
Ұлыққа кім бар сенетін.
Сыздауық жара секілді,
Денені сыздап керетін.
Жамбыл ақын сөйлесе,
Жарасы қалар жарылып,
Ел аңғарып көретін.

Қызыл тілім, іркілме,
Шер-құмардан шығайын,
Құмармын жастан шіркінге,
Неден қорқып бұғайын.
Шерімді айтсам арылтып,
Түзелер тасып шырайым!
Іштегі өрт-жалынды,
Жасырып кімнен тығайын.

Күннен күнге күшейсе,
Ақтармай қалай шыдайын.

Тыңдасын халқым құлақ сап,
Біраз сөйлеп көрейін.
Халықтан аяп қайтемін,
Алланың берген көмейін.

Жамбыл көрді жасында,
Шабындыны, шаңдарды.
Біреуді біреу талаған,
Жыртқыштықты, заңдарды.
Халықты асқан дараға,
Сатылып тамақ, параға,
Көрдім сондай хандарды.
Жүрсе де халық ашынып,
Осыны қашан аңғарды?
Көрсеткендер қарсылық,
Қайыршылап сандалды.
Сандалдырып малды алды,
Малды алмады жанды алды,
Жарлының батып жанына,
Сермеген ханның қылышы,
Бітіп тірлік тынысы,
Ханның қолы қандалды.

Түн қараңғы дүниенің
Ататұғын таңы бар.
Қараңғының шырағы –
Жанатұғын шамы бар.
Дүниенің тұрағы –
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.

Бақшалы сарай бағында,
Әділетгі шағында,

Салтанат құрған халыққа,
Шындық пенен аныққа,
Сайрайтын бұлбұл табылар.
Бақыты үшін заманның,
Халықтың сүйген ақыны,
Бұлбұл болып танылар.
Базарға келсем ақшам жоқ,
Сүйікті қонар бақшам жоқ.
Сорлы кедей шаруаның,
Қайырлы таңы атқан жоқ.
Қаралы елдің халқына,
Дұрыстықты айтқан жоқ.

Хан-төрелер алдаса,
Би-болыстар арбаса,
Шаққыш жылан уытты,
Халықта шыр қалмаса.
Заманның айғақ ақыны,
Кім айтар Жамбыл болмаса?!
Сөз тыңдар заман кез болса,
Зарықтырмай тез болса,
Жамбыл куә емес пе?!
Сөзімді халқым тыңдаса,
Ақындар жаттап сарнаса.
Жырыма үлес жыр қосып,
Жамбылға да арнаса.

Қисық жол тура шабылса,
Елден қырсық арылса.
Жамбылдың жыры тасқындап,
Селдей болып ағылса!
Алым-салық жинаған,
Жарлыны жаныштап қинаған,
Дұшпанға құрық салынса.
Елдігі кетіп барады,
Хан жайлаған қазақтың,

Қорлығы өтіп барады,
Халық көрген азаптың.
Жарлы-жалшы кедейлер –
Ермегі күлкі-мазақтың.

Араны байдың ашылған,
Барды жоқ деп жасырған.
Тебеген есек секілді,
Тепкілеп орын бермейді
Бос жатқан жер қасынан.
Осындай азап түрлері,
Жүздеп өтіп келеді,
Замананың басынан!

Жаман әдет халықта,
Бай айтса болды «жарайды».
Бай шығармас жарыққа,
Жаны ашып кімге қарайды.
Жарлыға біткен жалғызды,
Бай өзіне санайды.

Қанын сорып қанайды,
Диуанадай талайды.
Қасқыр көрген жылқыдай,
Шұрқырасар иіскелеп,
Жұлдырып қоңын, тарайды.
Бай жібермес пайдасын,
Өткізіп арбап, айласын.
Міне, осындай сұмдарға,
Жігері Жамбыл қайнасын!
Байлықтың түбі пайдадан,
Өтірік-қулық, айладан.
Ұрлық-зорлық, талаумен
Жүздеп жылқы, мыңдап қой
Байлар судай айдаған.

Жарлының көз жасынан,
Жиналған малы зұлымның,
Көпіріп көлдей тасыған.
Бай байлығын мадақтап,
Көзі жетпей осыған,
Тұншығып босқа тұманда,
Адасып талай халықтар,
Төте жол таппай жасыған.

Бал аштырып баксыдан,
Адастырып жақсыдан
Көңілі қалды халықтың,
Хан, төре, ұлық-тақсырдан.
Қысым жасап халыққа,
Ары болды қанішер,
Қойға тиген қасқырдан.
Өмір бойы осылар
Аяусыз елге қас қылған.
Екі қазан бір үйге,
Қысым жасап астырған.
Жуан білек қамшымен
Нашарларды қорқытып,
Мазалаған, састырған.
Салындыдай суға аққан,
Қалған халық мажаурап,
Қалың өрт, апат, тасқыннан.

Айтшы халқым, бекер ме,
Өмір өстіп өтер ме?!
Жылжып жылдар өткенмен,
Айлар асып кеткенмен,
Күндер қуып жеткенмен,
Көкейден, сірә, кетер ме?!

Еркіндік жоқ елімде,
Иелік жоқ жерімде,

Бағасы жоқ, пайда жоқ,
Бақытсыз сорлы қайда жоқ,
Желмен ұшқан тозаңдай,
Босқа кетті терім де.

Халықпен бірге қалықтап,
Айналаны шарықтап,
Көз көргенді анықтап,
Еңбегім бар менің де.

Асқар тау ғаріп емес пе –
Айдынды көлі болмаса,
Ер жігіт ғаріп емес пе –
Белгілі елі болмаса.
Ел де ғаріп емес пе –
Белгілі белге қонбаса.
Ағаш ғаріп емес пе –
Мәуесі өсіп тұрмаса.
Су да ғаріп емес пе –
Арнасы тасып толмаса.
Әйел ғаріп емес пе –
Ерден бағы жанбаса.
Малдар ғаріп емес пе –
Шөп-шүйгінді шалмаса.
Жаз да ғаріп емес пе –
Құрғақшылық торласа,
Қыс та ғаріп емес пе –
Қарсыз тонмен мұздаса.
Көрік ғаріп емес пе –
Салған темір қызбаса.
Ұста ғаріп емес пе –
Темірдің суын таппаса.
Ақын ғаріп емес пе –
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе –
Әділеттен аттаса.

Халық ғаріп емес пе –
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе –
Еңбегі алға баспаса.
Арғымақ ғаріп емес пе –
Арам тер болып ақсаса.
Малшы ғаріп емес пе –
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе –
Өтірік айтып ақтаса.
Көл де ғаріп емес пе –
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе –
Ағашты дұрыс жонбаса.
Заманның сыры емес пе –
Заманға қайғы жемес пе,
Домбырасын қолға алып,
Жамбыл ақын толғаса!

Көрдім талай байларды,
Халықтың бағын байлаған.
Айдаһардай айбарлы,
Елді сорып жайлаған.
Талайлар кетіп жай қалды,
Өмірден соры қайнаған.
Ақын қанат жаза алмас,
Халықтың іші тазармас.
Бұзық болса айналаң.
Домбыраны қолға алып,
Жамбыл ақын гулетті.
Іштегі шер қозғалып,
Күй артынан күй жетті.
Осы өлеңге Жамбылды,
Көкірегі даңғылды,
Өмір шіркін үйретті.
Уайым өсіп, ер жетті,

Елді қайғы тербетті.
Бас қоса алмай бірігіп,
Тоз-тоз болып ел кетті.
Ақыл айтар адам жоқ,
Қарсы тұрар шамаң жоқ.
Елдің қамын ойлайтын,
Сауық-думан ойнайтын,
Қасіретсіз заман жоқ.
Қор болған елде талай ер,
Ерді басқан қайғы-шер.
Ер еңбегі көрінбей,
Пайдасыз кеткен аққан тер.

Жамбыл отыр сарнаған,
Елге сөзін арнаған.
Жыр да кетті төгіліп,
Тасыған судай арнадан.
Жамбылдың жағы талмаған,
Жері жоқ Жамбыл бармаған.
Жүйрік тарлан секілді,
Жүгірістен танбаған.
Таудан ұшқан қырандай,
Қонар жерін таңдаған.
Денесі қызып алғанда,
Алдына жан салмаған.
Қызып Жамбыл шапқанда,
Кімдер жолда қалмаған!

КӘДІРБАЙДЫҢ ТӨБЕТІ

I

Аяқтарын алдырып,
Астымда атым болдырды.
Айдалада қалдырып,
Құба жонға қондырды.
Жаяу қалдым қаңғырып,
Не жаздым мен сол ғұрлы?
Жұртта қалған жұрынмен,
Ат аяғын байладым.
Дәрі шөппен ем қылып,
Өлтірмеуге ойладым.
Маңайынан шыбынды,
Бүркіп, сілтеп айдадым.
Елді сорған төредей,
Атқа қонған елемей,
Бүгелектерді айдадым.
Түйе жүрген соқпақтан
Таптым сулы бір апан,
Атымды әбден суардым,
Сілкінді атым есінеп,
Қоя берді кісінеп.
Өзім баурында отырған
Қырға қарап салдым ән.
– Шыда біраз, жануар,
Енді жолда болдырма.
Жолдас та жоқ жалынар,
Тек ермегім домбыра!..
Таудан асты күн бұғып,
Ай көрінді бір жақтан.
Келеді екен бір жігіт
Қылаң атқа жүк артқан.

Көтеріле салдым ән,
Атын бұрды ол маған,
Жөн сұрастық жалма-жан.
– Шырағым, мен Жамбылмын.
Өзің қайдан, атың кім?
Ауылдарың қай жерде?
Қатын, балаң бар ма әлде?
Тоқ па үйдегі балалар?
Қанша ед үйде ұл мен қыз?
Мол ма ед үйде ет, қымыз?
Жігіт жерге түсті аттан:
– Менде болмайды ол мақтан,
Бала түгіл қатын жоқ,
Қатын алар затым жоқ,
Елді кезген сен ақын.
Кәдірбайға бір барып,
Жайың бар ма тоятын?
Біз қалдырған қай-қайда,
Жолаушысың бұ күнде,
Барып кетсең болмай ма
Кәдірбайдың үйіне?
Кеше өліп бір төбеті,
Бай қайғысы болды көп.
Шақса керек қаракұрт,
Ит арсылдап жұлынып,
Әбден ығыр болды жұрт.
Жер тырналап дөңгелеп,
Өлді ақыры сол төбет.
Итті көріп Кәдірбай,
Жылап, ұрсып, салды ойбай.
Ат шаптырды жан-жаққа,
Ақын-жыршы дегеннің
Бәрін жиып алмаққа.

Бай бейілін, мейірін,
Сән-салтанат сейілін,
Ақыл, күшін, зейінін,
Ең ақыры төбетін,
Күймен, жырмен мадақтап,
Бәйіт¹ қылып беретін.
Бай сыйламақ боп отыр,
Зерлі шапан, елу қой,
Екі бірдей жорға атын.
Ет-қымызды былай қой,
Жүз тақта шай, бір қатын...
Сенен озар жоқ ақын,
Сен ғой соны алатын.

II

Жыршыларда дамыл жоқ,
Күндіз-түні айқайлап.
Кәдірбайды мақтап кеп,
Терлеп-тепшіп сор қайнап:
«Тәңір ашқан бағыңды,
Қыдыр баққан малыңды.
Жүйрігің – тек жұлдызың,
Жорғаң – судың құндызы.
Өз мінезің қырмызы,

Ел-жұртыңа жағымды,
Шынжыр балақ, шұбар төс,
Ата тегің мәлім-ді.
Жандаралмен жақын боп,
Талай атың жайылды.
Губернатор келмесе,
Тамағыңды сағынды.
Атың сенің ендеше

Патшаға да танылды.
Атамандар іздеп кеп,
Бірге түлкі қағысты.
Қымыз ішіп, етің жеп,
Үйінде дем алысты».

III

Жыршы біткен шуылдап,
Мақтағаны – Кәдірбай.
Итін жоқтап бір уақ,
Елден маза, кетті жай.
Шаршады, әбден терледі,
Жамбылға да сөз берді.
Тұрды төрден Кәдірбай,
Қарап қойды Жамбылға,
Қитар көзін төңкеріп,
Сандықтарын бір шолып,
Түлкілерін бір көріп,
Қымыз жұтып алды да:
– Жырлайды деп естідім, –
Аузыңа түскенді.
Ішінде бар сұмдығы,
Күйлерің боп шер, жылау,
Салады деп жұртқа ылау.
Кәне, бері жақын кел,
Төбетімді жырлап бер,
Кебісіңді шеш, – деді.

IV

Күй жосылып жөнелді,
Екі шектен боратып,
Қоя бердім өлеңді,

¹ Бәйіт – бұл жерде баяндау деген мағынада.

Жыршыларға қаратып:
– Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма осылай!
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ,
Пайдасыз жұртқа құр айқай.
Мақтағанға сабылып,
Ұятсыз, арсыз сараң бай,
Бастарыңды көтерші,
Тіленіп, сұрап жыланбай!
Сөздеріңе күйіндім,
Қанша айтсаң да, тойғам жоқ,
Шықпай қалды бүйірім.
Жамбылға құлақ салыңдар,
Сөзімнен пайым алыңдар,
Жарлыдан безген байымас,
Тілене берген жарымас.
Байға жылап жалынған,
Жұрт болмайтын нағыз нас.
Өлеңсіз адам – есіркер,
Ақылсыз адам малмен тең.
Байларға басын имеген,
Еркін боп өтер дүниеден.
Өлеңін сатқан қу кезеп,
Ол бір шыбын, сұр көжек.
Ей, жыршылар, құлақ сал,
Сөздеріңді тыңдадым,
Байға селтең қақтыңдар,
Шыдады әзер қу жаным.
Ал, Кәдірбай, құлақ сал!
Жамбыл сөзін тыңдап қал:
Итіңді жаман демеймін,
Күзетіп жүр малыңды.

Көпшілікті бүлдіріп,
Ұрлап алғандарыңды.
Итің қуып қасқырды,
Ауылдан талай қашырды.
Таңынан талай тартқылап,
Қасқырды талай састырды.
Даусыменен шошытып,
Қасқырларды тықсырып,
Таудан талай асырды.
Естісең, міне, расымды!
Айтсам сөзім нанымды,
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған,
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан, ауылды.
Кетпеймін айтпай онымды.
Қайнатып Құдай сорыңды.
Ит өлмей-ақ, сен өлсең,
Болар еді тым-ақ орынды.



ӨСТЕПКЕДЕ

Үйсін, Найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың ұшып шаңдағы,
Алматыға құйылдың.
Елде жүрген егейлер,
Қалада құр үйілдің.
Ұлық көрсен ұйлығып,
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Жүріппіз сыр алыспай,
Жайларыңды түйіндім.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме-ақ сыйындым.

* * *

Халықтың еркі кетті баласынан,
Сөзімнің ғибрат ал сарасынан.
Ақ патша бұйрық қылды солдат бер деп:
Он тоғыз – отыз бірдің арасынан.
Осыған тірі отырып көнеміз бе,
Іріктеп бар боздақты береміз бе?!
Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе?!

ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ

Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көк орайға жайылған
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма лаж?!
Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!

Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз?!

«Бес үйден бір жігіт!» – деп,
Болыстар жүр шапқылап.
Жасауыл үй тінтпек,
Қылыштары жарқылдап.
Бүйтіп көрген күн құрсын,
Жапырақтай қалтырап!
Таусылғандай тынысың,
Күнде жүрек қансырап...
Дүниенің кеңдігі –
Жүргенінде басың бос.
Жан қысылса, белгілі,

Таба алмайсың жақын дос.
Өз араңнан шыққандар
Таяқ соғар өзіңе.
Әр нәрсеге бір зауал,
Дейтін еді кезінде.
Би, болысты Тәңір атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ, не қалды,
Ата жұрттан кету бар.
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар.
Не болмаса, шыбындап,
Тағдырыңа көну бар.
Көнсең күнде шығындап.
Ит қорлықта өлу бар!

ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ

«Верныйдан» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген,
Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –
Дейді де еңірейді, егіледі,
Қайғының күндіз-түні күйін тартып.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір-шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да, баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егер де бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз» деп.

Ел-ел боп, жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып, толқындады,
«Бір сая бола ма деп шыбын жанға?»

Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
Қарғалы деген тасқын бір өзенге.

Пристав кетті «еріксіз аламын» деп, –
Көресің бұл істі деп, кезегінде.

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз,
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір бәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды сайлап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жұрт,
Қамалғандар тірідей тартып азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» – деп.
Губернатор, жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтқан жандаралдың «Бекболат!» деп.

Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды «дарға асып, тарт!», – деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғандар естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:
«Иманыңды айтатын молданды тап,
Үндеріңді шығарма, өңкей надан,
Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»

Самсыны¹ алған екен Ботбай² қамап,
Оларға жігітімен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап.

Пристав та Самсыға барған екен,
Жаныбектің мешітін қамап алған екен.
Жаныбек қажы жанына ара тұрды,
Бір болыс ел жиналып барған екен.

Ала алмай күні бойы әлек болды,
Жаныбек приставқа себеп болды.
Ертеңінде құтылып, Ұзынағашқа
Шаңдатып келе жатты қара жолды.

Бөлек-бөлек топтанып шоқтай болып,
Бай-көпесті өлтірді Ботбай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

¹ Самсы – жер аты.

² Ботбай – ру аты.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан,
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

Шиенде¹ де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топбасы Сатай өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып, өрмелеп, тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,
Шапшаң түсіп, келсін деп хабар салды.
«Қашқындарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.

... Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына,
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

¹ Шиен – Суықтөбе тауының солтүстігіндегі жер аты.

БЕЛСЕНДІЛЕРГЕ

Заманақыр, болған жоқ,
Жамбыл сөзден қалған жоқ,
Ел жайлаудан көшкен жоқ,
Көктен жасыл түскен жоқ,
Сендер шетке қағатын,
Жамбыл атым өшкен жоқ!..

Мен баяғы Жамбылмын,
Әлі сөзге даңғылмын.
Қыртыстарың сүймейтін,
Мен сендерге не қылдым?
Қайсысыңның үйіне,
Қайыр тілеп қаңғырдым?

Жаным барда кеудемде,
Сендерден кем болмаймын.
Дүрілдетіп жер-жерде,
Өлең-жырды толғаймын.
Домбыраға қол созып,
Иығымды қомдаймын.
Тек кездесіп қалмаңдар,
Ыңғайына сондайдың!

АҚЫН БОЛДЫМ ОН ҮШТЕ

Ақын болдым – он үште,
Алатын құстай тарандым.
Алды-артыма қарандым,
Шарықтадым әр жерде,
Келгенінше шаманың.
Жауап бергім келмейді,
Десе қайда барасың!
Байқадым біраз аралап,
Шапырашты, Екей баласын.
Ақындық қонбай тұрғанда,
Жалтақтап Жамбыл тұратын,
Ұлық пенен төренің,
Ұрлағандай танасын.
Шарласын Жамбыл шарықтап,
Қырандайын қалықтап,
Байқасын үні, шамасын.
Ағайын елдің ішінен,
Сөз ұқпайтын кісіден,
Таппады Жамбыл бағасын.
Жасымадым, өрледім,
Домбырамды сермедім.
Ақындармен таласып,
Жүйрікпенен жанасып,
Жалған ақын кез болса,
Жасқанып жол бермедім.
Тасқындады өлеңім,
Дамыды шалқып өнерім.
Толтыруға ұмтылдым,
Өлеңнің олқы кемерін.
Садақтайын сайланып,
Сөз өткірін ойланып,

Ататын оқтай безендім.
Жел сөзден тауып табысты,
Жібермедім намысты.
Қисықты түзеп, мінедім,
Артықты тілмен теңедім.
Арқасында жел сөздің,
Жақын еттім алысты,
Жас Жамбыл елмен танысты.
Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің
Жолда жатса тимедім.
Жыртық киім кигенім,
Арық, жауыр мінгенім,
Думан топты қақ жарып,
Жастық шақта жүргенім.
Ақ бөкендей желгенім,
Ақынның көріп мергенін.
Өмірменен жанасып,
Жарлыменен санасып,
Ақиқатты сөйледім.
Ақ домбыра ергенім,
Сөздің оғын кезесем,
Алыстан атып жеткіздім.
Дұшпанға арнап кезесем,
Өңменінен өткіздім.
Мерген болдым, атқышпын,
Көздедім көрсем қылаңды.
Шешен болдым тапқышпын,
Алдымда көп ел сыналды.
Төте жолмен төтелеп,
Елдің сырын жетелеп,
Арқадан – арқа қыр асып,

Егескенге шыдасып,
Жамбылдан кім бар шыдамды?!
Он жеті мен он сегіз,
Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты,
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді,
Үйсін, Найман құп алған.
Көрғұлы Сұлтан, Өтеген,
Шежіресін тыңдаса,
Шығушы еді құмардан.
Өлеңді жастан дарытқан,
Малға қашан жарытқан,
Жамбыл ақын нәсібі
Өзімді сүйген халықтан.
Қазынасы кең дүние,
Жамбыл қашан тарыққан.
Көңілін ашып кетейін,
Біраз қызмет етейін,
Халыққа мұңлы зарыққан.
Шер-құмардан шығарып,
Шертейін күйлі өлеңді,
Жасымнан бойға дарытқан
Өлең деген өнерді,
Дәулет – елдің ырысы,
Саркылмас қазан кемерлі.
Шаршамастан шалдығып,
Араладым әр елді.
Ұлы той, жиын-астарда,
Арқа, Алатау асқарда,
Жиналған топта кәрі-жас
Сүйсіне тындап кенелді.
Жиырмаға жасым келгенде,

Ор текедей желгенде,
Алдымнан шыққан кес-кестеп,
Жолықтым талай мергенге.
Тісін қайрап жүрсе де,
Ата алмады сығалап,
Қарамды мерген көргенде.
Тірі күнде аттырсам,
Қолыма қылыш шаптырсам,
Өзімді санап мен жүрдім,
Тірі емес – өлгенге!

Жиырма беске асқанда,
Ай ілесті аспанда!
Жұлдыздар тұрды сығалап,
Шырқап әнге басқанда!
Талқандап бұздым бөгеуді,
Кемелге келіп тасқанда.
Үлгі беріп өлеңнен,
Елге ұрық шашқанда.
Жарыспақ болып келгендер,
Шаңға ілеспей қашқанда.
Домбыраның пернесін
Дами берді он саусақ,
Дем алмастан басқанда.
Жолдас болған домбыра,
Жамбыл да қалмас болдыра,
Отыз да жатыр ойланып,
Шақырып мені қам қыла.
Заманыңнан қалыспай,
Сілтеп құлаш алысқа-ай,
Бес саусағым қырқыла,
Жел сөзбен жүрек жандыра,
Құрышын құлақ қандыра,

Отыздан асты жасымыз,
Ақылға толып басымыз,
Ақыры шауып ағындап,
Бәйге атындай арындап,
Ақын жанның жүрегі,
Жас баладай мінезі,
Балалық қашан арылмақ?
Өткір сөзім қылыштай,
Толғадым сөзді тыныстай.
Сөздің қоры ұлғайды,
Тағдыр берген ырыстай.
Жүрмедім босқа сайыспай,
Жасым кетті алысқа-ай,
Көнгіш болдым өмірге,
Мінезім – шылғи, қайыстай.
Асылдан соққан ақ семсер,
Келемін мен де қайыспай!
Тот баспадым, сынбадым,
Өзімді-өзім шыңдадым.
Қырғыз – қазақ жиылса,
Топты жарып жырладым.
Топтан озған ақынды,
Топ ішінде тыңдадым.
Бәйге атындай жұлынып,
Шаппай қарап тұрмадым.
Қойды өмір жаратып,
Жел сөзімді таратып,
Тоқтамадым қызғанда,
Тыңдауға халық тұрғанда.
Түн артынан түн кетті,
Күн артынан күн кетті,
Кештер батып, таң атып,
Келгенде жүйрік бабына.

Бәйге бермес шапқанда,
Кім тура кеп тоқтатар,
Қызып тұрған шағына!

Көрдi Жамбыл қырықты,
Кезек күтiп тұрыпты.
Сымға тартқан күмістей,
Сынымды бұзбай тұрғанда.
Жиырма бес қайта келгендей,
Қырықта қылаң ұрамын,
Шалғандай таудың қыранын.
Өлеңiм кеттi селдей боп,
Жердiң жүзiн қаптаған.
Суға аққан сендей боп,
Жерi жоқ барып жатпаған.
Қырық бес те келiп жолықты.
Елу де келдi еркiндеп,
Жамбылды елу ойлантпақ.
Елудi жас деп еске алмай,
Жұмсадым мол қайратты,
Асау тайдай ойнақтап.
Сақтадым есте ойланып,
Елудiң есiп өтерiн.
Қызыл көзi алақтап,
Қызыл тiлi салақтап,
Азу тiсi сылқылдап,
Буындары былқылдап,
Ақ көбiк шашып аузынан,
Арыстандай ақырып,
Кәрiлiктi шақырып,
Алпыстың бiлдiм жетерiн.
Бұлқынсам да ақырып,
Қайратты жастық шақырып,

Ілгіштенген тамақта,
Тұрды біраз қақырық.
Арылмады тамақтан,
Тастасам да қақырып.
Алпыстағы шалдардай,
Алжымадым шатылып!
Алдағы өмір, өткен жас:
Ақшыл тартқан сақалым,
Буырыл тартқан ғазиз бас,
Аздап белгі береді,
Жаралсам да темір-тас.

Өмірді болдым көргендей,
Жетпіс те жетті желгендей.
Қажымастай бұл тағдыр,
Қасиетін бергендей.
Кәрілік емес сол күнде,
Қажытқан мені замана.
Қақырық қатып, шер болды,
Қайғы-дерт ішке жамала.
Елу жыл қырғын болса да,
Ел көргенін тана ма?!
Ел аузында жыр болып,
Кетті сөзім тарала.
Би, болыс көрдім сол кезде,
Жетегінде төренің,
Ұқсас болып өңкілдеп,
Мұрнын тескен танаға.
Жамбыл айтпас дүниеде,
Жел сөз айтса жалғанын.
Шер тарқатып сол кезде,
Қозғадым іштің арманын.

Өлеңім топан суындай,
Жетісудан ақтарам.
Тыңдамай жердің алысын,
Арқаға жетіп дауысым,
Алтайдан да аттағам.
Қартайдым деп өмірде,
Қайғыланып жатпадым.
Жастық шіркін көңілді,
Сонда да болды мақтаным.
Мақтаным емей – немене,
Көңілдің күйін жақтадым.
Жетпістен асып сексенге,
Жылжыдым, ептеп беттедім.
Кәрілікке еңістеп,
Мойындап, мен де кетпедім.
Көптен көксеп тарыққан
Қажыған ел зарыққан.
Теңдік берген заманға,
Аман – тірі жеткенім!
Бетіме шырай-әр берді,
Жан денеме нәр берді.
Теңгеріп нашар кедейді,
«Мен ұлықпын» демейді.
Біз тілеген заң шықты,
Кісі еңбегін жемейді!

ЖАСТАР АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

А, Жамбыл! Кезің келді сөзің бастар,
Барынша құлаш созып, аяқ тастар!
Алдыңда жаңа өмірдің өркендері,
Өрімдей келіп тұр ғой сөзің қостар.
Айтқызбай саған тіпті ерік қоймас,
Еңбекпен еркін өскен мына жастар.
Еріксіз думанға да түсіп ең ғой,
Жастарға тәбәрігің бар ма тастар?

Ақтаршы сандығыңның аузын ашып,
Едің ғой тілдің кені болған нәсіп,
Бұлағы қара өлеңнің таусылар ма,
Қалмастан тым болмаса, бірер қасық?
Күйін шерт домбыраңның, таста әнді,
Қинамай – қол жетпеске текке жанды.
Тәспықтай шумақталған термең қайда?..
Сал соған, кәрі тілден тамыз майды.

А... у!.. Термемен сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында,
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан тандың ба?!
Тұяғың тозып, топай боп,
Китіндеумен қалдың ба?!
Шаршы топқа түскенде,
Шабысы болар шалдың да!

Ой! Домбыра алып қолыма,
Он жасымнан сарнадым.
Дәл жетпіске келгенде,
Жүгірістен танбадым.
Бүгінгідей есімде:

Думанды жарып әнменен,
Семейге де барғаным.

Топтан озып онда да,
Бәйгінің алдын алғаным.
Алғаным құрсын, қайтейн,
Опасыз жалған сұм өмір,
Мені текке алдадың.
Бүгінгідей жиында,
Бір сағаттай болмадым.
Ұлы жарыс алдында,
Шырқата әнді салмадым.
Жоққа есеп жастардың,
Алдында Жамбыл болғаным.
Қиыстырып кестесін,
Әннің салып дестесін,
Тарихи жиын алдында,
Бәйгіні шауып алмадым.

Ендігі тілек біреу-ақ,
Қимылдап қал, тіл мен жақ.
Сөз танабын астарла,
Дәуірлеп өскен еңбекте,
Суыт шапқан еңбекке,
Жастарға тәбәрік тастарға.
Не қылса да Жамбылға,
Енді жастық кез келмес.
Жүрегінде сақтаулы
Асыл сөзі өзгермес.
Сендердікі бұл заман,
Оған талас сөз болмас!
Қорытса да қаншама,
Өзгеріп алтын жез болмас,
Аяққа шұлғау қылса да.
Асыл жібек бөз болмас,

Балшық қосып соқса да,
Дүррі гәуһар тас болмас,
Жамандық адам өзінен,
Болатындар жас болмас,
Қайшылай тасқа соқса да
Болаттың жүзі пәс болмас.
Тыңдап көр Жамбыл қартыңды,
Сендерден, сірә, кем түспес.
Жырдың асыл кенімін,
Айтысқандар менімен,
Талай-талай жеңілген.
Қыза шапса шын тарлан,
Жері болмас тең түспес.
Айғайласа шын ақын,
Әні болмас – ел білмес!



ХАЛЫҚТЫҢ СӘЛЕМІ

Домбырасын серік қып,
Өткізді Жамбыл ғасырды.
Өлеңді төгіп, өрнектеп,
Асулардан асырды.
Қара терге малынып,
Еңбегі кетіп далаға,
Тойса тойып тамағы,
Тоймағанда аш жүрді.
Қалың халық көтерген,
Өмірдің ауыр, зіл – тасын,
Жылдан-жылға тасыды.

Жаңғыртып ен даланы,
Әнді шырқап көлбедем.
Өлеңмен ойып оюды,
Сөзді мініп желдедім!
Сонда менің көргенім:
Құнарсыз дала, қаралы ел,
Күңіренген, зарланған.
Қанын сорған жыланнан,
Ғасырлар арыла алмаған.

Көз жіберсем алысқа:
Көпті көрдім дегенім –
Көп зарыққан ел екен.
Шексіз дала дегенім –
Ұлтарактай жер екен.
Ерлерді көрдім дегенім –
Ер емес екен, кем екен.
Хандарды көрдім дегенім –
Халыққа қонған шер екен.
Тауды көрдім дегенім –

Тау емес екен, дөң екен.
Өзен, көл көрдім дегенім –
Көз жасынан сел екен.
Кемдіктің кесіп бұғауын,
Енді азаттық құсы боп,
Халқым, кірді берекең!

Қайғыдан халқым арылып,
Бақыт құсын ұстадым.
Лениндік ұлы партия
Халықтың халін көтеріп,
Жоғалтты өмір қыспағын.
Қарық қылды дәулетке,
Алыста қазақ ауылын,
Қырғыз, өзбек қыстағын.
Алатау, Алтай жеріне,
Қолы тиді ұстаның.
Сардалада темір жол,
Зәулімді шарлады,
Күміс қанат құстарым.
Қаптаған мал, ен дәулет,
Бақыт, өмір, сән-сәулет,
Әшекейге бөленді,
Советтік Қазақстаным!
Түр кіргізді далама,
Шексіз мақта, көп егін.
Алтын, күміс, қорғасын,
Мұнай, көмір, жез бен мыс,
Жылдан-жылға көбейіп,
Кеңейтіп келед көлемін.
Мұқтажы жоқ елімнің,
Үйінен табад керегін.
Қарағанды, Қарсақпай,
Ембі менен Балқаштай,
Кеннің әлденешеуін,

Тағы тауып беремін.
Осыны жырлап айтуға,
Бақытты халқым атынан,
Домбыра алып жөнедім,
Алып келдім алыстан,
Бақытты қазақ халқының,
Махаббатты, жалынды,
Большевиктік сәлемін!



ТОҚТАҒҰЛ

Немерем бір кітапты оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты.
Байқаймын, тыңдағанның көңілі шат,
Алғандай әр сөзінен бір ләззатты.

Қанысып мауқымдары, жырғап жаны,
Тырп етпей қызығына әбден батты.
Жан еріп, жүрек сергіп, бойды билеп,
Денені асыл сөздер шымырлатты.

Алмастай кейбір сөзі жарқ-жұрқ жайнап,
Жалындап жанған оттай тұр жарқылдап.
Тез жетіп тыңдаушының көкейіне,
Айбатын бірде шындап, бірде қайрап.

Жетелеп жұрт қиялын, ойды безеп,
Өшпестей жүрегіне құйған қайрат.
Ерекше өзгелерден қылығы асқан,
Жырына сөз асылын тізген сайлап.

Апыр-ай, деді әркімдер, кімнің жыры?!
Берейін тағы да айтып деймін мұны.
Сапырған Алатаудың жыр-өзенін,
Қырғыздың бұл атақты Тоқтағұлы.

Тасындай Тянь-Шаньнің бойы биік,
Тоқтағұл – ерен биік жырдың шыңы.
Сөздері сап алтындай көзді тартып,
Жарқырап жан балқытып тұрар нұры.

Топ жарған жүзден, мыңнан ел жүйрігі,
Баураған ел жүрегін таң бұлбұлы.

Өзінің бір бойына біткен ақын,
Қырғызда күннің көркі, сөздің гүлі.

Үңілсең тереңірек жырларына,
Байқалар ел шаттығы, елдің мұңы.
Манаптың қылшылдаған қылышынан,
Тоқтағұл жасқанбаған сынып қыры.

Езілген бір заманда жасын төгіп,
Ел-жұрты қайтып жақсы көрмес мұны.
Тоқтағұл жасын төккен бұл тілменен,
Жауға да жалтақтамай қатты тиген.

Қол-аяғын бұғаулап болат шынжыр,
Айырған тар қапаста жарық күннен.
Сібірдің түкпірінде жүргенде де,
Жүрегі жасыған жоқ, елін сүйген.

Алыстан ел құлағын елендетіп,
Өткір сөз жатты өріліп өктем үннен.
Ойласам Тоқтағұлдай ақын ерді,
Ет-жүрек әлі күнге елжіреді.

«Азаттық, азаттық!» деп аңсап өткен,
Тоқтағұл – ойлап тұрсам, ел жүрегі.
Заманға ол аңсаған жетті, міне.
Тоқаңның азат, еркін бүгінгі елі.

Лениннің ұлы туы шырқап биік,
Жерінде Тоқтағұлдың желбіреді.
Бөлеген Алатаудың ойын, қырын,
Бақыттың жайнап тұрған көрем нұрын.

Тең өскен сұңқар ұл мен нұрлы қызым,
Солардың дүбірінен естіп тұрмын,
Сайраған Тоқтағұлдың бұлбұл үнін.
Тыңдасақ кеше оның зарлы күйін,

Тыңдаймыз бүгін, міне, нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас,
Жалғаны бар ма айтшы, менің мұным?
Ақынның құламайтын күмбезіне –
Осы жыр – ескерткішке қойған гүлім!



ҚЫРҒЫЗ ҰЛЫ, ҚҰЛАҚ САЛ

Қырғыз ұлы, құлақ сал,
Ежелден қимас бауырым.
Жайлап жүрдік саялап
Іле, Шу, Нарын бауырын,
Атамыз болған бал тату,
Анамыз болған жан тату,
Келін менен бозбала,
Ұлы менен қыз тату.
Басына басы қосылып,
Жанына жаны қосылып,
Араласқан ауылым.
Біреді ұрттам сүт тапса,
Бөліп ішкен қауымым,
Әлемге айғақ мен Жамбыл
Ашық айтар ұл-қызға,
Қазақ бауыры қырғызды
– Батырым! – деп мақтаған,
Бір қыңыр сөз айтпаған,
Ақ қалпақты ер қырғыз,
– Төрге шық! – деп сыйлаған.
Қазақ барса қырғызға:
– Кел, қазағым, кел! – деген.
– Қимас бауырым сен, – деген
– Бала қайда?
Малға бар,
Бағлан алып кел! – деген.
...Украин, Белорус,
Россияда ұлы орыс,
Грузин, армян, түркімен, –
Тоқсан ұлтты Күншығыс
Сүймеді десем бір-бірін,
Дей алар оны кім дұрыс?
Тілеген емес ел ұрыс,

Елді бұзып, бүлдірген
Хан билеген құрылыс.

Қазақ, қырғыз ежелден
Қауышқан тату ел болды.
Жүрегі бір, жолы бір,
Сыйласқан тату, тең болды.
Біріктірмей екі елді
Қанды шеңгел хан билеп,
Пейілі жаман би билеп,
Араздық салып ортаға
Ақ патша да қан сорып,
Бүлдіріп бұрын ол келді.
Найзаларын оқталып,
Ай балта, қылыш қолға алып,
Шырық бұзып, ел шапты.
Ел бөлініп екіге,
Азулыға шайналып,
Азаппенен күн көрді,
Жетістірді еліңді –
Бақытты совет дәуірі.
Жауығу жоқ, жақсы дос –
Елжіреп екі ел бауыры.

БАЛАЛАРҒА

Балалар, аманбысың шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң,
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған,
Қуанып жастығына сендей ботам.

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су –
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ...

ЖАЗ ЖЫРЫ

Атымды ертте, балалар,
Күлімдеп, міне, жаз келді.
Түйе боздап, қой қоздап,
Тізіліп қатар қаз келді.
Жастардың жүзі жайрандап,
Кең өмірде сайрандап,
Махаббат, мейірім, ән мен күй,
Ойын, күлкі, наз келді.
Тамаша, өмір, шаттық жыр
Қала, дала ой мен қыр,
Ерекше жаз биыл жаз –
Төгілген көктен алтын нұр.
Назданар адам аз ба енді,
Көйлек көк те, тамақ тоқ,
Еш пендеде уайым жоқ,
Жасармас қай жан жазда енді?

Отаным байтақ мәңгі бақ,
Гүл, бәйшешек толған жер.
Он бір жұрт – он бір туысқан
Қанаттас қатар қонған жер.
Он бір жұртым – он бір бақ
Ішінде еркін сайрандап,
Мәуесін тәтті сорған ел.
Шағаласы шаңқылдап,
Қаз, үйрегі қаңқылдап,
Көкорай шалғын, орман, көл;
Шалқып жатқан ен дәулет,
Салтанат, шаттық, сән-сәулет,
Аймағым асқар қорған бел.
Жауын мен дауыл, бораннан
Жасқанбай шалқып асамыз,
Жауды жайқар жарақ сай

Табанмен таптап басамыз;
Қыздырып еңбек дүкенін,
Желпілдетіп жер бетін,
Жемістен шашу шашамыз;
Көзіне жете ашамыз;
Жер қазынасын игеріп,
Болаттан сұңқар ұшырып,
Мұхиттан әрі асамыз;
Мініп алмас тұлпарды,
Қуаттан дария ағызып,
Баспаған жерді басамыз;
Ерліктен ерлік туғызып,
Өрге өрлеп, тасамыз!

Жайнай бер, жазым, жылдан жыл,
Жаңарып дүние түрленсін;
Алтын бақша ұлғайып,
Бұдан да қызық түрге енсін;
Ен бақытқа еркіндеп
Жайлаған елің гүлденсін;
Октябрь атты алтын күн
Себелеп рақмет сәулесін
Бұдан да жарық нұр берсін;
Бұлбұлың дулап сайрасын,
Еңбегің қызып қайнасын,
Нұрыңды әлем, ел көрсін;
Бұғаудан қолын шешуге,
Сенімен тағы ілесуге
Өнеге болсын, дем берсін!

АЛАТАУ

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.

Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін;
Өрік, алма, алмұрт, жиде-жемістер көп,
Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін.

Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,
Сырласып бұлттарменен болған кептес.
Түрлі аңдар мекен етіп, өніп-өсіп,
Жүреді бір-бірімен боп тілектес.

Арыстан, аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар түнде жортып,
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында
Асаудай ойнақ салар балық шолпып.

Етегі сол таулардың мидай тегіс,
Тегіс жер гүлін жарған миуалы егіс,
Еліне мекен етіп еңбек қылған
Жегізер аямастан түрлі жеміс.

Алатау Жетісумен құшақтасқан,
Еліне мекен етіп еңбек қылған
Бауырында Қазақстан астанам бар –
Ағайын орыс, қазақ араласқан.

Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын,

Қызығын сол жайлаудың көрем десең, –
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ар жағы – қаптаған ел Қытай жері,
Бер жағы – ен жайлаған қазақ елі,
Басында бақыт жырлап Жамбыл отыр,
Желбіреп қызыл жалау шығыс белі.



ҚЫМЫЗ

Үйірілген қышқыл, тәтті сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Ыстықта ұрттар сусын таппағанда,
Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз.

Ашыған кең сабада алтын қымыз,
Бай, биге шаттық берген салқын қымыз.
Айтушы ек іштен налып, саған қарғыс,
Кедейге келмегенде шартың, қымыз.

Байда бар, жарлыда жоқ тартым қымыз,
Көз сатып, бардан ішкен халқым қымыз.
Байлардың сабасында «аллаһуп» тап,
Кедейдің торсығында там-тұм қымыз.

Сапырған жайлау жайлап байлар қымыз,
Шақырып бірін-бірі тойлар қымыз.
Кеңейтіп жуан қарын май қосуға,
Сар тұздық қозы етімен шайнар қымыз...

Бай қайда? Елден қудық бүгін, қымыз,
Төңкердік зор сабасы түбін қымыз.
Көрінбей түнде жортып құмдарда жүр,
Ішпейді бұлақ суын түгіл қымыз.

Сапырған далам, қалам бәрі қымыз,
Жайлаудың бүгін болды сәні қымыз.

Стахановшы ерлерге дем беретін,
Бір сүйеу еңбегіне кәрі қымыз.

Еңбекші ел тартып алған табы, қымыз,
Ен өскен колхоз аулы малы, қымыз.

Әр ферма ортасында күмпілдейді,
Өзгеше бүгін тәтті дәмі, қымыз.

Үйірілген сары алтындай сары қымыз,
Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз.
Елімнің социалистік асы болдың,
Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз!



ӨМІР ЖЫРЫ

Өшпейді халық жыры, қартаймайды,
Өшед деп оны ешкім де айталмайды,
Халықтың жүрегінің түкпірінен
Төгілген күй – шын жорға тайпалмайды.
Алтындай ел ішінде сақталынған
Сұлу жыр, судан тұнық, шайқалмайды...

Еске алсам ертегідей ертені өткен,
Талай жан жүрегінің жырын төккен,
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай Асанқайғы аңсап өткен.
Құландай тақтан безген Қорқыт қаңғып,
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен.
Еске алсам аңсағанда екідегі,
Ертеде қиял нені көксемеді!
Кілемге отырып ап, көк сайрандап,
Сұңқарша ұшуды да көкसेп еді.
Ол кезде патша мен хан зынданының,
Тұншыққан жырды бар ма ед ескергені?
Есімде ескі ертегі аңыз қылған,
Улы өмір жыланына шағылдырған,
Үскірік есіп тағдыр қара желі
Өкпемді қарып аяз қабындырған.
Жамбылдың жыр төгілген тілін байлап,
Үніне туған елін сағындырған.
Мен ұзақ өмір сүрдім, көпті көрдім,
Көргенді ойға түйдім, ойлай жүрдім.
Құзынан таудың биік шыңға өрлеген
Есіттім жырын ақын Шота ердің.
Кавказдың шыңыменен шендескендей,
Құлағым шалды иесін шерлі жырдың.

Жайнаған Грузиннің жас ұлына,
Көз түсті тауда жортқан асылына.
Түнерген тау басына тұмандайын
Ізіндей я жолбарыс жасырына.
Шотаның шырқап салған жыры арналған,
Келешек жас өспірім ғасырына.
Ысқырып өрмелеген тау мен тастан,
Мен көргем абжыланды сұры қашқан,
Жүректің оттан ыстық тәтті жырын,
Өршігіп сөндіруге тасқын тасқан.
Жортқан жолбарыстай ақын Шота
Халқына тәтті жырын алып ұшқан.
Жайлаған жылан-шаян тау құлады,
Патша өлді, еркін ақты тау бұлағы
Кұйылған бұлақтайын халық жыры,
Маржандай таудан шашқан саңғырады.
Ақынның жүрегiнен шыққан өлең
Шарықтап ұшты, ұксап тау қыраны.

Жүз жылдап, жарық көрмей ой қиялы,
Жүрген кез есімде еді ойға оралды.
Даланың шөбі қурап ыстық күнге
Жатқан шақ шұбап жолсыз керуені.
Ашығып, азып-тозып жол шеккенде
Бораған алды, артынан ақ бораны.
Кімдердің өшпеді ол кез сағы сынып,
Кім өсіп еді ол кез, кімдер күліп,
Қоқырап жалсыз, қомсыз түйе үстінде,
Таңылып Тарас ақын ойға ұйып,
Езілген даладағы елді көрген
Самұрық екі басты жатқан бүріп.

Тараспен батқам мен де бірге мұңға,
Түйеге бірге мініп жүргем құмда,

Менің де, оның-дағы жырларымыз
Ол кезде жоғалған ед сіңіп құмға.
Жырымен тау жаңғыртып Пушкин де өткен,
Жүрегі жараланған ақын тұлға.
Пушкиннің сайрап кеткен жырын талай,
Шырқаған даланы өрлей ақын Абай,
Тамсанта Онегин мен Татьяна
Алабын Алатаудың әнге орай.
Туысқан халқыменен құшақтасқан,
Біледі Қазақстан туғанындай.

Жылдан жыл өтті ақын қиялындай,
Жамбыл қарт жырын таудың бұлағындай
Күюмен келе жатыр, туған елін
Аралап жаны шолпан шырағындай.
Қайрылмай ханнан өтіп, – таңға жетіп,
Кавказдың шарықтады қыранындай.
Күреске шақырмаған ақын ба ақын,
Ақын болса халыққа болсын жақын!
Жырласын ақын болса халық жырын,
Біздің даңқ Кремльдей болсын жарқын;
Нұр алып Кремльден гүлденген жыр,
Жырлаған көсем сүйген ұлы халқын.

Шота мен Абай, Тарас, Пушкин де өткен,
Халыққа құлаш жайып жыры жеткен,
Көксеген туған елдің күні Ленин
Ұрығын шын бақыттың халыққа еккен;
Жиһандық планеттің ол ақыны,
Жамбылдың ұлы әкесі нұрын төккен.

МӘСТЕК ПЕН ТҰЛПАР

Ертеде, ерте-ертеде,
Астыма менің мінгенім
Тұлпар емес мәстек ед,
Шуу-шуулеп әрең жүргенім.
Борбайы борша, арқа арша,
Көтерген әрең өз белін.
Жауыры қазған ошақтай,
Қыр арқасы пышақтай,
Сүйреткен жалғыз сүлдерін.
Сол мәстекті тебініп,
Өлеңдеттім, ән салдым.
Ойға бардым, қыр бардым,
Қара көз қызға көз салдым.
Ауылдан ауыл аралап,
Тулағымды сабалап,
Тепсіне бердім, тұрмадым.
Мазак етті қара көз,
Мәстегімнің тұрманын.

Өлеңімді өрлеттім,
Өрге құлаш серметтім.
Қалың елдің ішінде,
Зарын айтып сорлының,
Қайғылыны еңіреттім.
Жесірлерді жетектеп,
Жетімдерді тербеттім.
Көтерем – мәстек үстінде,
Талай да, талай жерді өттім.
Тал қармаған елді өттім,
Күндердің күні болғанда,

Ат шаптырған, той қылған,
Думанды жерге кеп жеттім.
Арғымақ қосқан бәйгеге,
Байлар қылды кесірді.
«Мәстек мінген әрі тұр!
Жүйрік мінген бері тұр!» –
Деп жуандар есірді.
Қызығын қалдым көре алмай,
Ордаға қалдым ене алмай,
Бәйгесіне ат қосып,
Шабыстан қалдым, ере алмай.
Жата кеттім бір жерге,
Қорлыққа көрген көне алмай.
Түсімде көрдім бір тұлпар,
Жер тепсінген жануар,
Қарай қалдым көз алмай.
Оқыранып шақырды,
Шыр айналып, тұра алмай.
Қайғырыппын түсімде,
Қалам ба деп міне алмай.
Тағы міндім мәстекке,
Ұйқымды ашып, түс тарап.
Елді кезіп жөнелдім,
Жануарды қақпалап.
Он тепсінсем бір басып,
«Тоқтай тұршы, тоқталап!»
Түсте көрген тұлпарым,
Таптырмай кетті әбден-ақ.
Жас жүректі жаншыды,
Қиялға тұлпар ұялап.

Көз ашып бір күн қарасам,
Ақ түскен кезде шашыма,
Қадалыпты қызыл ту
Алатаудың басына.
Қажырлы халқым шығыпты,
Жауыма қарсы ашына.
Көктемнің күні туыпты,
Қалыпты тұман басыла.
Жайлаудан байды қуыпты,
Бас ұрғызбай қашыра,
Үйір-үйір жылқыны
Үйіріп әкеп қойыпты,
Өзімнің дәл қасыма.
Жайлауды басты өз малым,
Жанадан жырды қозғадым,
Бәйгелі тойда колхоздың,
Жүйрігін көрдім озғанын.
Жабағы жүннен арылып,
Жетілді мәстек тулағы,
Жырымды сүйіп ардақтап,
Таныды мені партия,
Еңбегіме сыйлық деп,
Түсімде көріп ынтыққан,
Тартты алдыма тұлпарын.

Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды.
Аққудай мойын иіліп,
Қазығында ойнайды.
Тоқыма жібек, ері алтын,
Ауыздығын шайнайды.

Үзеңгісі сыңғырлап,
Қарасам көзім тоймайды:
Қанатты тұлпар астымда,
Құндыз бөрік басымда,
Омырауымда орденім,
Жан достарым қасымда,
Қайтадан міне аттандым,
Қиырға болжап көз салдым,
Тоқсанға келген жасымда.

Далам да гүл, тауым гүл,
Аспан ашық, жер жайсаң.
Тұманмен бірге түріліп,
Құрыпты көзден ылайсаң.
Домбырам бүгін сайрайды,
Серпіліп, сергіп ән салсам.
Шүү жануар, шүү тұлпар!
Үстінде бүгін мен сұңқар,
Алты айлықты алты бас,
Алдымда күткен халқым бар!
Тұлпарлы жігіт атанған
Отан берген даңқым бар.
Кремльді жырлайын,
Партияны жырлайын,
Домбыраны тартыңдар!

КӘРІЛІК

Көкірегің күрілдеп,
Көздің алды іріңдеп,
Қаз-қаз басқан баладай,
Буындарың дірілдеп,
Қартайған соң, немене,
Хауіп ойлайтын күнің көп.
Айлашы екен кәрілік,
Бірге түнеп, бір жүріп,
Сыр білдірмей, сұрамай,
Не көрсетіп тонамай,
Мүшеңді алған біріндеп.

АСАУ ҮЙРЕТКЕН ЖІГІТТЕРГЕ

Асау тайға мінуші ек,
Ауыл кезіп жүруші ек.
Атанушы ек «бозбала»,
Атағымыз сол ғана.
Неге екенін кім білсін?
«Не білім жоқ, еңбек жоқ»,
Құр әйтеуір көңіл тоқ,
Секілді едік буыршын.
Өмірді бос өткізіп,
Жұртқа қадір кеткізіп,
Жүрдік пе екен қыз үшін!
Сендер ондай болмандар,
Елдің қамын ойлаңдар,
Қылжақпастық құрысын!

ТӘЖІБАЙҒА

Жасымнан атым аян Жамбыл едім,
Сүрінбес қара сөзге даңғыл едім.
Сөйлесем сары түнге шалдықпайтын,
Қақырап қайран даусым қалды менің.

Шалқыған аспан-көкке қайран әнім,
Шырқасам кіргізетін тойдың сәнін.
«Ө» десем, аузымнан бытырайды,
Шіркінге, не болғанын біле алмадым.

Тәжібай, саған қалай менің мұным,
Аулақта сұрайтұғын бұл бір сырым.
Өнді алған, әр нені алған сұрамастан,
Күнәлі, бәлкім бұған кәрілігім?

ТАУДА

Мен бір шал тоқсан жасты құрдас еткен;
Тайғанап жүре алмаймын қия беттен.
Ел кезбей атқа мінбей, араламай,
Жатамын үйде тыныш сол себептен.

Бұл кезде белім бүкір, көзім бұлдыр,
Белге алып шыға алмайды тізе құрғыр.
Құлағым қаңылтырмен қаптағандай,
Ел сөзін естімейді қаңғыр-күңгір.

АБАЙДЫҢ СУРЕТІНЕ

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең – сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа.
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған –
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терең ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар.
Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

* * *

Жем терген жалпақ елден, мен бір тауық,
Докторым, емдеймісің емін тауып?
Қаттырақ жауырынымнан қыса түссе,
Жүрекке болмас па екен үлкен қауіп?
Емдетпей, ерлік етіп жүре берсем,
Кетпей ме тұла-бойға түгел шауып?

КӘДЕНЖАН

Кәденжан, қайдан келдің күндей болып,
Жаңғырып, таудан шыққан үндей болып.
Анда-санда көргенде мауқым басып,
Риза болып, қаламын көңілім толып.
Жақсы менен жаманның түрі басқа,
Қонып алып, таранар тоты тасқа.

Қасың қара, болғанда мойының қаз,
Жарықтығым, мауқым бас – аралас та.
Қарасаң көзің күндей күлімдеген,
Бір серпіліп қаламын үніңменен!
Көзің қырын сала жүр, жарықтығым,
Біз де жігіт болғанбыз дүрілдеген.

КЕНЕНГЕ

Кешегі анау, боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
«Кенен, Кенен» деп жүр ғой, елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі.
Сәлем берсең, қарағым, сәлемет бол!
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарыбас, Әлмен бар ма еді біз білмеген?
«Бабаның батасынан» деген нақыл,
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген.

* * *

Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң,
Жалқауырақ тартыппын қартайған соң.
Көңілсіздеу секілді көрінемін,
Дос алыстап, қасымнан жар тайған соң.

Тарыншақтау мінезім – ұрысқақтау,
Еріншектеу болыппын – тырысқақтау.
Айқайласа жүйріктей бүйірі қызған,
Ақын-ақ ем бір күнде ұрыншақтау.

Жас баладай ілезде кетем қалғып,
Қартайған соң бір ұйқы алған аңдып.
Жазуыңды, Ғали-ау, қоя тұршы,
Шаршаңқырап отырмын басым мәңгіп.

* * *

Сақалым темір күрек борға малған,
Селеудей шашым селдір зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Кәрілік немді қойды қорламаған?

Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,
Аузымды опырайтып тісімді алды.
Босатып буынымның шегелерін,
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды.

Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып, ұзартады.
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандап тізе тұсқа тұз артады...

МЕН КЕЛДІМ АМАНДАСА

Басын өрге көтерді Жамбыл ата,
Ғафу еткін сөзімде болса қата.
Бір-екі ауыз болмайды сөйлемесем,
Жамбасымнан жер өтті жата-жата.

Колхоздың келіп қондым жайлауына,
Ешкімнің көнгенім жоқ айдауына.
Би-болыс, елу басы шар тартқанда,
Қосылып көргенім жоқ сайлауына.

Және де салқын болад таудың басы,
Жамбылдың тоқсан беске келді жасы,
Жайылып мал өріске шыққан кезде,
Көрінбей қалып жатыр таудың тасы.

Мен келдім амандаса алдарыңа,
Шопандар, берік болғын малдарыңа.
Көңілі көтерілді қозғалуға,
Рахмет айтып қойғын шалдарыңа.

Жамбылдың жайлаудағы салған әні,
Құлансаз, Қарабастау жердің сәні.
Мал жайлап, қыстап жүрген уақытында,
Көрген жоқ жерге тамып малдың қаны.

Жамбылдың салған әні жайлаудағы,
Құлын-тай желі тартып байлаудағы.
Он бес пен жиырманың арасында,
Толықсып, көңіл шіркін қайда аумады.

Жайлаудың шөбі шүйгін, суы тұнық,
Асау қайда құтылар салса құрық.
Үлкенсаз, Ұзынағаш, Қызылқұмда
Көбейтіп шашқан жерсің малдан ұрық.

Өріске көз жібердім жатқан малға,
Аяғым ұмтылады бассам алға.
Жасынан шопан болып, қойды баққан,
Қояйын амандасып Тойбай шалға.

Тойбайым, аманбысың, Тоян қандай,
Қып-қызыл екі бетің боялғандай,
Көргенде қатар өскен келіндерді,
Дүбірлеп көкірегім ояңғандай.

Тоқсаннан асып қалды менің жасым,
Қалыпты көкшіл тартып сенің басың.
Құмардан құрт ішкендей шығар едім,
Тоянның қысып қойсам қабырғасын.

Жайылған малдың ізі қиядағы,
Көктенше мал тоқтайтын тиянағы.
Тербеліп көңіл шіркін көтерілді,
Ұшқандай құс талпынып ұядағы.

Көктөбе, Майтөбеден бөлініп тұр,
Шаштай боп, шалғын шөбі өріліп тұр.
Алаяқ, Қызылкезең, Сарысайдан,
Жылқы мен қой құлағы көрініп тұр.

Аққолтық, Қасқабұлақ малдың жайы,
Ыңғайлы мал қыстауға асу, сайы.

Күнгейін қақпа тастың пайдаланса,
Ағып тұр мен мұнда деп, шөптің майы.

Малшының мал өсірер келді шағы,
Қойшының көтерілер болса бағы.
Көк қаптал, өрісі бұлақ, гүл шашып тұр,
Жайқалып жел соққанда жапырағы.

Айдаутас, Қамаутөрде жатар киік,
Талғардың тал шоқысы таудан биік,
Үшқоңырдың жайлауы қандай жазық,
Елу мың қой өзенде жатыр сыйып.

Жасылкөл арқасында шалқып жатыр,
Бетінде аққу, үйрек қалқып жатыр.
Баржыға жүк тиеген параходтай,
Ақ бидай сым жолдармен тартып жатыр.

Бер жағында Жасылкөл, Құмбел жатыр,
Малшылар жайлап отыр – тігіп шатыр.
Шөп тамырын құм төккен Қарғалыға,
Өмірде болған емес жері тақыр.

Совхоздың жайлауы еді Қарақия,
Тасына қыран бүркіт салған ұя.
Кейінгі ұрпақтарым айта жүрсін,
Қолыңа ал, Рахметжан¹, қалам-сия.

Сарқырап таудан бұлақ ағып жатыр.
Малшылар малды аман бағып жатыр.

¹ Рахметжан Жолашаров – ағайындас інісі.

Таң ата жылқышылар малын жинап,
Желі тартып, қазығын қағып жатыр.

Ізтілеу² тамаша іздеп кетпек болды,
Шөткелеп етікке май жағып жатыр.
Қарт атам, шөлдеп қалды-ау, дем алсын деп,
Сатика³, қымыз құймай нағып жатыр?

Қар жатпайтын жер еді Қарақыстақ,
Колхоздың отырады малы қыстап.
Сатика, ұйқың келсе жата тұрғын,
Тар жерде, не қылайын сені қыстап.

Қайрақты, Қызылкезең көштің жолы,
Сол саймен тауға шығар малдың молы.
Колхоз, совхоз жайлауда қанат қосса,
Желдісайдың өзені малға толы.

Берекелі жер еді Сарыжазық,
Шыққан шөбі колхоздың малына азық.
Лениннің бастаған жолыменен
Өкімет келе жатыр құлаш жазып.

Бұлт қоршаса, күн жауар Суықтөбе,
Етегінде бүркіттей жатқан көде.
Ақтастының адыры арқар, жусан,
Айтпай тастап кетейін оны неге?

Қоңыр жайлау, Қадарша, Талдыбұлақ,
Сұлутөрдің жазығы малға тұрақ!

² *Ізтілеу – Жамбылдың баласы.*

³ *Сатика – Жамбылдың інісі Сәтіштің зайыбы.*

Колхоз, совхоз құралып мал өсірді,
Арамыздан кеткен соң бай мен құлақ.

Қойшыларды көрген соң қолыма алып,
Домбыраның құлағын алдым бұрап.
Кедейдің қанын төккен қанаушылар,
Ақыры кетті өздері қайыр сұрап.

Мал қайтарып, шөп шапты келіндерім,
Жәкесіне кеткен бе сенімдерің?
Малшылар тыңдағалы отырған соң,
Айтуға біраз өлең ерінбедім.

Даусымды сағынып қалған шығар,
Көп күн болды сіздерге көрінбедім.
Өзім де шаршап қаппын өрден шығып,
Қалмасын деп отырмын көңілдерің.

Қырғызға барайын деп түстім жолға,
Мінгенім астымдағы күрең жорға.
Жүрісі жаман жігіт ел ішінде,
Ақыры тайғанақтап түседі орға.

Аспандағы айналып тамақ үшін,
Құс келіп оралады жайған торға.
Есіне бұл сөзімді сақтасын деп,
Сол үшін домбыраны алдым қолға.

Қарағайлы жер екен Үлкен Кебін,
Жайқалып гүл төгіп тұр шыққан егін.
Қырғыз-қазақ баласы бір кісінің,
Ажыратып айтпайды ешкім шегін.

Ағады төңкеріліп Шудың суы,
Шығады қар кетерде жердің буы.
Осы судың ағыны жатқан жерде,
Көлденең жерде жатпас шөптің қуы.

Семізбел ар жағында Қошқар жатыр,
Сол жерде кездеспеген достар жатыр.
Көкарттың оңтүстігін пайдаланып,
Жерлеген бір облысты Оштар жатыр.
Жол салған Қапшағайдан Қаратауға,
Көңілім көтерілер шықсам тауға.
Отырма, Тоян, сені шыбын тістеп,
Балықтай тыпырлайсың түскен ауға.

Түрленген шөбі қандай алабас тоң,
Сәмкелдің тауы биік бәрінен шоң.
Сіздермен амандасып қолыңды алып,
Дәм татып бір табақтан қайтқаным оң.

Омарбай, сізге келіп болдым қонақ,
Түсінбес сөз мәнісін кейбір олақ.
Келермін қайта айналып күзге таман,
Жайқалған ақ бидайға түскенде орақ.

Есіктен сәлем беріп Күлен келді,
Аузыма айтатұғын өлең келді.
Суғарып күрең атты жем беріп қой,
Адам жоқ жұмсайтұғын сенен жөнді.

Жүрмісің аман-есен, Күлен батыр,
Айтуға саған арнап өлең жатыр.
«Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар,
Тамыры бұл сөзімнің терең жатыр.

ЖАЙЛАУЫМЫЗ – ҚҰЛАНСАЗ

Таңнан соғып самалын,
Жайлау маған жанарын
Жадырата салғанда,
Түсіп әрне есіме,
Кәрілікпен көнеріп,
Қала қоймай үдеріп,
Самғай шыққым келді бір
Көк жайлаудың төсіне.
Таудың басын ораған,
Не бұлыңғыр, не тұман,
Тамаша ғой қарасаң
Қоңыр салқын кешіне.
Тауында мұз қыстаған,
Жазда шыбын ұшпаған,
Жайлауымыз Құлансаз,
Мыңғыртқан малын өсіре.
Жан-жағынан адамға,
Бақ берген біздің заманда,
Шығып осы жайлауға,
Жатамын бие байлатып.
Құлындарым тел өсіп,
Енесімен тең өсіп,
Ерге лайық тұлпар боп,
Даланы жүрсін шаңдатып.
Жұпар ауа, сары қымыз,
Бой балқытып бал қымыз, –
Жамбыл жатар жайлауда,
Домбырасын сайратып.

* * *

Мен де бір жас баламын қыңқылым көп.
Сіркем бұл су көтермей, ыңқылым көп.
Жарқ етіп, жанымнан бір өтсейші деп,
Тұрады жас күніме ынтығым кеп.

Қураған жапырағым мен бір терек,
Томар боп сүйектерім қалса керек.
Жазда да жасаң тартпай отырғаным,
Тұр екен қай жерімде, шіркін жүрек?!



АТА ЖАУМЕН АЙҚАСТЫҚ

I

Бейбіт елім тып-тыныш,
Қойны толған бақ, ырыс,
Елмен бірге кенеліп,
Рақатқа бөленіп,
Жатқанда алып жан тыныс,
Ел тынышын кетірген,
Алас ұрып лепірген
Құлаққа кеп шалынды
Сұры суық бір дыбыс.
Құлақ түріп тыңдасам,
Дыбысы екен жаулардың,
Адамға қас аңдардың,
Іздеп келген қанды ұрыс.
Тұрпатына қарасам,
Дүниені обардай,
Обыр-жемiт қомағай,
Қан аңсаған қара құс.
Европаның жан-жағын
Қармап қанды қармағын,
Шеңгеліңнен қан ағып
Қай сұмдыққа бармадың?!
Толмағандай жемсауың,
Алғың келіп жер шарын,
Қанды ізіңмен шарладың!
Көрге кірер кезінде,
Құтырғаның емес пе,
Бізге ауызды салғаның!

II

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде
Көз жібердім мен елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген
Қаһармандық аңғардым
Жау сазайын берерге.
Жау тиді деп саспастан,
Аяқтарын нық басқан,
Айбатынан көресің
Аспанмен күші астасқан!
Құйған құрыш тәрізді
Тұлғасында күшті ызғар,
Батырлықпен ұштасқан.

III

Көз жібердім сонда мен
Жүрегіне елімнің;
Кремльді болжап ем:
Қуат құйған бойына,
Шырақ жаққан ойыма
Келбетін көрдім ерімнің;
Бақытты елге бел болып,
Батырларға дем болып,
Тұрқын болжап тарихтың,

Қамын ойлап халықтың,
Таразылап заманды
Шәкірттері Лениннің
Халық бағын ойлаған.
Шамшырағы өмірдің,
Жанарындай көзімнің
Ұлы көсем Лениннің,
Өзі орнатқан өмірін
Жеткізген бізді бұл халге
Жау түгіл шыбын қонғанға
Қияр ма Отан өңірін!
Сол тұлғасы елестеп,
Аяған жан жолыңнан
Адамдық жан емес деп,
Толқып бір кетті-ау көңілім!

IV

Сен шақырсаң партиям,
Әмірің ортақ маған да,
Төгіп жырдың нөсерін
Домбырамды алам да,
Айналам жас – нөкерім,
Мен де барам, қалам ба!
Қорғауға елді кім шықпас,
Аттанар қала, далам да;
Кәрі дүние килікті
Жайнаған біздің заманға;
Адырға шығар деген бар
Асыққан аң ажалға.
Екі дүние айқасты
Майдандасқан алаңда!
Қаһарланып аттандық

Қаусаған кәрі дүниеден
Енді тамтық қалар ма!
Олар фашист – сұр жылан
Уын шашқан адамға!
Денеге уын дарытпай,
Жаныштап басын жыланның
Салайық, халқым табанға!
Ондай мерез ордасы
Қалмасын тіпті ғаламда.
Жас өмірдің жайқалған
Жұлғызбай жалғыз жапырағын,
Жайпайық деп жауларды
Жар салды жырау жаранға!

ӨЛІМ МЕН ӨМІР БЕЛДЕСТІ

Аз сөйлеп, көпті болжаған,
Әріден терең ойлаған,
Сталин жолдас, қарағым,
Сөзіңді естіп сөйлеген,
Жүрегін түгел тербеген
Кәрі мен жастың, баланың!
Тебірендім қатты мен-дағы.
Күшімді жинап қайдағы,
Қаздаңдап бастым аяғым!

Сөзіңнен түгел түсіндім:
Жалмауыз жаудың пішінін,
Құбыжық түсті арамның!
Ел-елге салған тұмсығын,
Еттерін жеген кісінің
Нысабы жаман сұмырай!
Ерікті, бақты жоймаққа
Еліме ашқан аранын,
Бұл неткен қорқау қасқыр деп,
Бойымды билеп ашу, кек
Түнерді бұлтша қабағым,
Жайпауға құштар жан-жағын
Тоңмойын, дүлей жау мәлім,
Аямас күшін, амалын;
Боратып жатыр оқтарын,
Жаудырып жатыр доптарын
Бұзам деп Отан қамалын.
Қайтарып десін солардың,
Өтінде оқты боранның,
Халық үшін жанын пида етіп,

Аспан, жерді гулетіп,
Пәршелеп жаудың легін,
Талқандап танкі түйдегін
Тойтарған ерлер жау алдын,
Қаһарман батыр соларға,
Қуатты тірек боларға
Түгел шық өрен-жараным!
Жырымды жұртым енді есті:
Өлім мен өмір белдесті!
Не керек жанды аяуың,
Бұл жолдан қалған малың мал!
Бұл жолдан қалған жаның жан!
Не дейін айтып аяғын.

Қайраты құрыш халық ек,
Қамалды талай алып ек,
Жығып ек туын дұшпанның!
Ұран қып ұлы нұсқауын
Лениндей көсем дананың!
Тағы да берді нұсқауын –
Сол енді жұртым уставың –
Сайлаған жаудың ажалын!
Қан кешкен сонау майданда
Айбынды Қызыл Армия,
Орында түгел талабын!
Жібермес жауға ол кегінді,
Жанындай қорғар еліңді,
Қанішер фашист жаулардың
Қуырар әлі-ақ заманын.

АТТАН, БАТЫР ҰРПАҒЫМ

Екі он екі жыл өтті,
Жердің жүзін тебіrentті;
Мұндай жылдар болмаған
Жаудыраған жанға нәубетті.
Жер жүзіне еркіндік,
Сәулесін сеуіп көркемдік,
Октябрьдің шұғыласы
Күркіреп күндей нұр төкті.
Жиырма төрт жыл өмірдің
Сәулетіне – көңілдің
Сезімін шертіп беремін,
Май айында биылғы
Мұнан да есіп мерейім
Болып ед елім келбетті
Жамбылдың да жүрегі
Өзгеше соғып ойнақтап
Шығарған жыр өрнекті.
Жазғыдан өмір өзгерді,
Өзгергенін көз көрді,
Зеңбіректен оқ атып,
Оғын қардай боратып,
Жау қол салып өңірге
Қырым мен шауып Карельге.
Денесіне елімнің,
Қанды сапты сапысын
Жендетіне серметті.
Жау бізге атой салса да,
Оқ жаңбырдай жауса да,
Октябрьдің мейрамын,

Біз сұстана тойлаймыз.
Жаңғыртқандай жер, көкті,
Бұл соғыста қайратты,
Көрсетіп құрыш айбатты,
Тулап теңіз тасқындай,
Күшіміз жауды басқандай,
Күшейтеміз күн-түні
Майданды да, еңбекті!
Айтылған халық ішінде
Кейбір сөздер есімде:
Жылға қойып мал атын,
Я болмаса аң атын –
Жылан жылы дейтұғын, –
Кейбір жылды жыландай,
Ұлу деп те атайтын –
Кейбір жылды ылаңдай
Бұл жыл биыл қатты жыл,
Атақты майдан атты жыл,
Төбесінен фашистің,
Оқ жаудырып бар күшпен,
Дүбіріндей тұлпардың,
Бұл жыл жауды жұлқар күн,
Сорғалап ұшып қырандай!
Мұнан бұрын жыр айтқам
Қаласына Лениннің,
Москва үшін жыр тапқам
Жүрегі болған елімнің.
Домбырамды күндіз-түн
Ыза кернеп шертіп тым,
Түн ұйқымды төрт бөліп,
Жата алмаймын оянбай!

Халқым үшін жырымды,
Шығармасам үнімді,
Тұрады мейірім қана алмай,
Қаһар төгіп дұшпанға
Өткен ата-бабамыз,
Жаудың темір құрсауын
Қырқуға амал табамыз!
Өрлетер бақыт сәулесін
Өркенді бала-шағамыз!
Игі өмірдің сәулесін
Ойлайтын жалғыз мен емес,
Жалғыз болар ел емес!
Жеңіс туы өзімде,
Өмір нұры көзімде,
Тағдырдың сокқан сағатын,
Бақылап, тілін табатын,
Жарқырап күндей жанатын.
Жеңіс десе бар халық,
Қырандай қағад қанатын!

ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат –
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді –
Жау біткенді жеңгелі.
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтағандай ел кегі,
Сендерге дем бергелі!
Жолды кернеп қол кетті,

Нева алабын қорындар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!

Ата-бабаң баяғы
Аян еді Жамбылға.
Құрсаулы қол, аяғы,
Аударылған ауылға.
Төрт патшадан теперіш,
Көргендерін білем мен.
Петербордан кара күш,
Құласа деп тілеп ем.
Тілей-тілей өмір өтті,
Сақал, шашым ағарып,
Сонда бір күй тебіrentті,
Балтық толқып дем алып...
Жаңғырығы құлақтан,
Кетпейтін бір күн еді.
Ел жүрегін қуантқан,
Ленин көсем үні еді!
Сөзі нұрдан жаралған,
Ленин ыстық күн еді!
Сол келген соң жоғалған,
Замананың түнегі!
Өмірімнің жұлдызы –
Енді сенсің дегенім.
Ленинград ұл, қызы,
Қайыспандар, өренім!

Дүкенінде жасалған,
Машиналар алуанын,

Киров әкеп еліме,
Қуаныш қып алғамын.
Сендерменен қашаннан,
Аға-інілі болғамын.
Жоқ қой дегем Алматы,
Енді менің арманым.
Су қыраны секілді,
Балтықтағы ерлерім,
Сыйлық алып не түрлі,
Келгендерін көргемін.
Бірге тойлап тойымды,
Бірге көрген серуенім.
Немерем мен шөберем,
Бесігінде сендердің,
Жастайынан үйренген,
Ғылым, білім өрнегін.
Бүгін Жамбыл тыңдаса,
Естиді жау келгенін.
Есігіңе таласып,
Созыпты обыр өңменін.
Естерінен адасып,
Жолына үйіп өлгенін.
Жеті басты жалмауыз,
Жайыпты қан шеңгелін...
Дегеніне жетпес ол,
Қақпа алдында қансырар,
Келген шығар айдап сор,
Жылан басы жаншылар,
Жау түнегі аршылар.
Тағы сайрар бұлбұлдар,
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар, ұл, қыздар!

Ұлы халық өскен жер,
Бауыр басқан жасымнан.
Жау зақымын көрсеңдер,
Дауысың шығар ашынған.
Оқтар тиіп, өрт шалып,
Дүние мүлік шашылған.
Қанішер жау жүр шауып,
Арандары ашылған...

Білем, бірақ өмірі аз,
Сондықтан жау ентелер.
Ажалына асыққан,
Обырларды жұтар жер.
Қарсы аттанды жауға жұрт,
Көтерілді қалың ел.
Жау батпаны жатыр деп,
Қайысқан жоқ біздің бел.
Тірек болған еліме,
Туым едің сен алғаш.
Ленинградтың төріне,
Жау аяғын сала алмас!
Келген жауды түйіліп,
Жеңген едің бұрын да.
Жау сүйегі үйіліп
Қалған өзен, қырында.
Патша қолы – құлдары,
Қырғын тауып бұл-дағы,
Сонау соғыс кезінде,
Құмың болған «құндағы!»
Ленин шәрі қайратты,
Ол бір өткен күнінен.
Жауға қатал айбаты,

Аңғарылар түрінен.
Қамалына оқ дарымас,
Ол бір құрыш асыл тас.
Бақшасының қақпасы
Жау қолына табылмас!
Қаласына Лениннің,
Жан-жағынан елімнің,
Ағытылған от арба.
Батырларын жіберген,
Ауыл, қыстақ, шәһәр да.
Ел салмағы қорғасын,
Қорғағалы ордасын,
Құйып жатыр қалаға,
Деп жауымыз сорласын!
Қазақстан жерінен
Мұнай да ағып тасыған.
Сұр қорғасын темірмен,
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл мыс,
Секілденіп жалын күш,
Барып жатыр осыдан.
Сәт сағаты жеткенде,
Көсем жарлық еткенде,
Жаудың тілі байланар,
Солар сөйлеп кеткенде!
Оққа ұқсаған дәндерім,
Қызыл шырай алмалар.
Бал татытып дәмдерін,
Барып жатыр бәрі де –
Жүйрік пенен жорғалар,
Соның бәрі көмегім,
Қанқұмарды жеңуге,

Желкесінен жегенін,
Сығып ала беруге!

Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!
Сырда тұрып аңғарам,
Құтырған жау өлерін.
Торыққаннан ұлиды,
Торып қала көлемін.
Жамбыл тұрып тыңдаса,
Сараң тартқан құлағын,
Жаңғырығып тау-тасқа,
Күнде келер бір жаңа үн.
Жауға жұртты шақырған
Сайыпқыран Жданым¹–
Мектеп, завод, шахтыдан,
Жинаған ұл, қыздарын.
Нажағайдай ойқастап,
Ворошилов қол бастап,
Қаймықпауға, қайтпауға,
Кәрі, жасқа ой тастап,
Жасандырған жасағын,
Жерді болжап айқаспақ,
Жабықпағын Ленинград!
Отан әмір берген шақ.
Сап-сап болып қол барар,
Қорғап сені ол қалар.
Қатты майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар!
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар!
Құс ұйқылы көнемін,

¹ *Ждан – Жданов жолдас.*

Қайтып ұйқы көремін!..
Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өлеңім!
Қаласындағы Лениннің,
Сайыпқыран, өренім!

ТӨЛЕГЕН ЕР

Ерлікпен өлген еркін жас,
Арманына жетпеді.
Қайраулы тұрған еді алмас,
Оқыста сынып кеткені.
Кегін алар миллион жас,
Құрыштай қайнап кектері.
Арпалысқан дұшпанның
Қанын судай төккелі,
Жөңкіліп жау қашқанда,
Табылмас келген өткелі.
Қазақтан шыққан жас ұлан
Жалындады, жайнады.
Алтайдан ұшқан ол қыран,
Тұяғын өткір қайрады.
Болат еді-ау тұяғы,
Өткір еді қияғы.
Жауды алыстан болжайтын,
Көргіш еді қырағы.
Төлегендей батырға,
Не айтсам да сияды.
Жас та болса ерлігі,
Жүрегіме ұнады.
Атылып тұрған оқтан да,
Қайтпады ол, шыдады.
Қан төгіскен майданда,
Ерді халық сынады.
Майдандағы ерлігін,
Жамбыл көптен білетін.
Жанын қиды ел үшін,

Сондықтан жаным сүйетін.
Төлегендей батырды,
Өлді деуге келмейді.
Ер екен тапқыр, ақылды,
Ерлігі оның өлмейді.

МАЙДАНҒА ХАТ

Хаттарыңды алдым, балалар,
Қарадым қанша үңіліп,
Қаһарман іске барабар
Қайраттар қаулап тұр күліп.
Жауынгер балам Дүйсекей,
Командир балам Сахаров,
Сөздерің күшті бірегей,
Соққандай жауды жапырып.
Қиратып жауды салуға
Ұлдарым менің қам қылған,
Хабарлап соны Жамбылға
Хаттарың мейір қандырған.
«Құртамыз жауды! – депсіңдер,
Алынар ұпай, одан кек!
Күтеміз Жәке, жыр жібер,
Береді бізге ол көмек!»
Кәріліктің көнбей ырқына,
Жырлаймын жазғы жырды әлі.
Болысам жауды құртуға,
Қаһарман жұрттың ұлдары!
Белгілі маған биыл қыс,
Көрмеді дамыл балалар,
Алдырмай жауға еш тыныс
Қаздырды қардан молалар.
Тыныштық жырын бұзды жау,
Көп елге сойқан салды олар,
Кетпеді бірақ есен-сау,
Кезікті кекке қанқұмар.
Қаһарын төкті біздің ел,
Фашистер қылған қастыққа,
Қанынан жаудың ақты сел,
Қайтара қуды Батысқа!

* * *

Дидары жаздың жарқырап,
Жадырап күлді тағы жер.
Жасанған мұздай жау-жарақ
Жайнады жазша жауынгер.
Трактор елде аршындап,
Бұзылды шыңдар, не бір бел.
Сіңіріп дәнді топырақ,
Құлпыртты қырды егіндер,
Бұлақтар ақты сарқырап,
Шырқады бөбек өрімдер.
Ағаштар жайды жапырақ,
Шешегін атты не гүлдер.
Тізіліп көктің төрінде
Тырналар қайтты, көріндер!
Соларды шолып бір сұрақ
Қояйын, көңіл бөліндер!
– Жеңудің кілті неде екен,
Сарқылмас күштің көзі не?
Жаз тілі қалай дер екен,
Салдыңдар құлақ сөзіне:
– Жеңудің кілті ежелден
Өшпейтін күнде – көсемде,
Ашылған көкте, еңбекте
Жаралған бақ боп неше елге,
Ырысты жерде, әлбетте!
Сөйдеді нәрлі жас құрақ,
Сөйдеді бұлақ сарқырап!
Тырна да солай тіл қатты,
Жамбылды солар жырлатты.
Немісті қожа тұтқан ел
Болған жоқ ешбір қоғамда!

Сабасы толық өзендер
Сарқылмақ па екен Дунайға!
Бәйтерек, қайың, емендер
Бас имек пе құрайға?
Түйғынға жүрген төбеңде,
Жарбандап ұшқан төменде
Жапалақ бөгет болар ма?
Жүректі, күшті берен ер,
Халықтың қамы дегендер
Басқаға бодан болған ба?
Қуатты жаздай құлпырып,
Шығамыз жайнап мейрамға.
Қайратпен қаһарлы ұмтылып,
Кіреміз қатты майданға.
Жеңімпаз қолда туларың,
Ер жүрек батыр, ұлдарым,
Бастайды жаудан таймауға.

АТТАНДЫРУ

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам.
Құлағыңда құлыным,
Дауысым жүрсін жырлаған.
Алғадайым, арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған.
Перзентімнің алды едің,
Көңілімді қимаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр, балам!
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!
Ел ерлігі, бірлігі
Сынға түскен бұл заман!
Саған айтқан сөзімнен,
Сабақ алсын тыңдаған.
Айтылған сөз деп ұқсын,
Аңғарлы жан «бұл маған!»
Қош, қош, балам! Қош айттым,
Қолымды, міне, шошайттым!

ОТАН ӘМІРІ

Түнжыраған күн туды,
Жау қолқаға ұмтылды.
Топыраққа теңемек,
Ата мекен жұртыңды,
Аянатын не қалды?
Аяулыңды жау алды!
Жеріміздің сәулеті –
Кавказға да таянды.
Кубань, Кавказ, Дон, Еділ
Ежелден құт еді бұл
Ел ырысы аяулы.
Есерсоқ жау елірген,
Еңбекпенен егілген
Тартып алмақ даярды.
Қатер бұлты төнгенде,
Ел намысы дегенде,
Ерлер қашан аянды!
Жеме-жемге келгенде,
Жауды қысып шеңгелге
Жанын сығып алар-ды!
Қарыс жерің – қаныңдай,
Темір жолың – тамырдай.
Заводтар мен фабрикттер
Жеріміздің жанындай.
Еңбекпенен көгерген
Құтты қоныс көкорай
Еліміздің бағындай.
Ата-баба мұрасы
Көздің қара-ағындай!
Соларды жау шапқанда,
Лауламас кім жалындай?!
Жау бір сүйем жер алса,
Есін жимақ, күшеймек.

Ол кішкене бел алса,
Осалдамақ біздің шеп.
Ойласаңдар осыны
Шегінетін жөн бар ма?
Жауға қияр ол ғұрлы
Жарты сүйем жер бар ма?
Шегінгенің – өлгенің,
Ерлер, енді соны ойла!
Елді жауға бергеннен
Өлген артық одан да!

Уа, ұлы өрен, жас ұлан!
Асыраған сені елің
Ақ сүтімен жасыңнан;
Еш асырған жоқ едің
Жаудың кегін басыңнан;
Сол ержүрек өренін
Ерлікке Отан шақырған:
– Адал ұлдар, балалар,
Көз жіберіп қараңдар!
Неміс алған жерлерде
Қалды қандай қалалар!
Шырылдаған бала бар,
Еңіреген ана бар.
Еңсесін жау басқан соң,
Елде қандай баға бар!
Солар еске түскенде,
Жан қалай жай таба алар?
Сай-сүйегің сырқырар,
Кеудеңде кек бұрқырар!
Олай болса, құлақ сал,
Ұлдарым, бір сөзім бар:
Аянбаған, жауды алар!
Аянғанмен мұндайда,
Дей көрмеңдер жан қалар!

Қорқақ адам қор болар,
Көлеңкеден қорғалар,
Құрдай бұғып жорғалар,
Көрінгенге жем болар,
Көзден жасы сорғалар.
Жұртқа жәрдем берер ме,
Қиын күнде ондайлар?
Жарқын өмір сүрер ме,
Қорқақ қоян, торғайлар?
Сондықтан, ер ұлдарым,
Тынысыңның барында,
Төрт мүшенің сауында,
Қолда дәрмен тұрғанда,
Шыдап өлім, құрбанға,
Қатайып тас, темірдей,
Қарыс жерге шегінбей,
Қас дұшпанды қаптанғандар,
Донның жойқын селіндей!
Қатарың болса құрыштай,
Қаһарың болса қылыштай,
Жау қалмайды жеңілмей!
Шегінбе! – деп Отан тұр,
Шегінбе! – деп халық тұр,
Халық үшін бас тігу –
Отан айтқан жарлық бұл!
Соны адал орындар,
Сонда ғана өмір бар!
Елін есен сақтаған,
Арын жауға сатпаған,
Ана сүтін ақтаған.
Балаларын сүйер шал!

АЛАТАУДЫ АЙНАЛСАМ

I

Түнеугүнгі кеткеннен
Ғали, жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін,
Жол-жөнекей көрдің бе?

«Топырағың торқа боп,
Тыныш ұйықта» – дедің бе?
«Қалай қиып қалдырдың
Қарт әкеңді елінде?»

Елжірейді өзегім,
Ауырады белім де...
Қаза болып көзелім,
Халім қиын менің де.

II

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңылағымды табам ба?

Өлім деген у екен,
Мендей кәріп адамға.
Күнде үйімде күңіренем,
Көзіме жас алам да.

III

Құр сүлдерім, есім жоқ,
Жүріп тұрған десім жоқ,

Деп қараймын сәбиге:
«Игіліктің кеші жоқ!»

Бала қалды жетім боп,
Келін қалды жесір боп,
Біздей кәріп кісіге,
Көз салыңдар есіркеп.

IV

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
«Орынсыз деп өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ.

Көп жайланған жабының
Жал-құйрығы сұйылар...
Сол сияқты Жамбылдың
Жұқарыңқы түрі бар.

Көңілі бос – кәрінің,
Көкейлерің ұғынар.
Көтермей жан жалынын,
Көзден жасы құйылар.

СОҢҒЫ СӨЗ

Сөндің бе жарқыраған шамшырағым,
Қалдың ба тас бітеліп қос құлағым?
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сеп болып, сөйлетесің жалғыз жағым.

Қалыппын ие болмай өзіме-өзім,
Өлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.
Балалар, өлгенімше болысындар,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім!

АЙТЫСТАР



ЖАМБЫЛ МЕН АЙКҮМІС

Жамбыл:

Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.
Әуірі¹ басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқаныма кінә қойма!

Айкүміс:

Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл, жастай.
Асылға арсыдағы² қол жетпей ме,
Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай?

Жамбыл:

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға.

Айкүміс:

Біле ме пенде шіркін өз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез сен де жүрсің.
Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін!

Жамбыл:

Барарсың бір жаманға өзің қор боп,
Отырсың қарқарадай әзір зор боп.
Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп.

¹ Әуірі – көңілдің құмары, желігі.

² Арсы (арабша – арсы-ғаршы) – жеті қат көк аспан.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, күпінесің неге сонша?
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айрылдың³,
Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Жамбыл:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп!
Арыны басылмаған арсыз көңіл,
Тағы да етіп отыр сізден үміт.

Айкүміс:

Жігітке көрінеді үміт жеңсік,
Жарымас ол мінезге көңіл көншіп.
Жарқыным, одан қайта қолқанды айтшы,
Әр нені тере бермей, құр білгенсіп.

Жамбыл:

Түйме емес, тоғыз емес тілегенім,
Жұбатпас көңіліңді құр өлеңім.
Болмасаң сөзге қашақ, ішке тосаң,
Сырымды айттырмай-ақ білер едің...

Айкүміс:

Жамбыл-ау, жан екенсің сөзге сараң,
Жақпады қай мінезім бүгін саған?
Дітіңді⁴ білтелемей, білдіре айтшы,
Саласың қандай қолқа, тегі, маған?

³ Жамбыл алып қашқан сүйген қызы Бұрымды Сарыбай би төркініне қайтарып берген.

⁴ Дітіңді – ойыңды, пікіріңді мағынасында.

Жамбыл:

Ауылым жайлап отыр Ақсеңгірді,
Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем құрды.
Қолыма бір ұстатсаң түсінерсің,
Томпайған төсіндегі өртенгірді.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, ұстатпаймын, кінә қойма,
Кетейін қайтып ардан мына тойда.
«Жақсы сөз жан семіртер» деген бар ғой,
Әдепті мінездерің жүрсін ойда.

Жамбыл:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.
Атыңды, ақ жүзінді ұмытпаспын,
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше...



ЖАМБЫЛДЫҢ БАҚТЫБАЙ АҚЫНМЕН ТАНЫСУЫ

Бақтыбай:

Біздің ауыл Қаратал,
Шаңырақтың бойында.
Мен үйімнен шыққанда,
Сен бар едің ойымда.
Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Көне тартқан шағым бар,
Көзіңді сал, пайымда.
Қойшыны Құдай атарда,
Шопанға тиер таяғы.
Қырсау тартқан кісімін,
Мен өлеңнің саяғы.
Күй мен сөзді ағытқан,
Қайратым жоқ баяғы.

Ол күнімде іздеуші ем,
Тоятымды алыстан.
Он бір ақын Найманда,
Бірінің аты – Арыстан.
Арыстанмен мен едім
Күні-түні алысқан.
Алысқан соң жарай ма
Қатарыңнан қалысқан?
Сол бір ұлы дүбірде
Танбап едім шабыстан.
Көн сияқты кәріміз
Енді аяғы шалысқан.
Бір сөйлейін деп келдім,

Естіп сені дабыстан.
Қожақанның үйінде,
Ақын Жамбыл өзіңмен
Кезім осы табысқан.

Жамбыл:

Әуелі сәлем берейін,
Жасыңыз үлкен аға деп.
Өлең-сөзге желейін,
Тұрғанында шама кеп.
Бойда қайрат барында,
Ойдан өлең төгілсін.
Сыйласуды көргенде,
Жұрт көңілі егілсін.
Мәйкеммен айтысып,
Мәлім болған өзіңсің.
Абақ, Тарақ арасын
Аралаған серімсің.
Алыс, жақын – бәрін де,
Саралаған ерімсің,
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілсін.
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсің.
Мен жөнімді айтайын:
Шапырашты елінде,
Қара-Қастек қонысым,
Майтөбенің төрінде

Өлеңменен шырқадым.
Алатаудың беліне
Тастап кеттім бір сарын,
Қырғыз, қазақ еліне.
Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған.
Айтқандары нұсқа еді,
Сөзі жаралған асылдан!
Айтар сөзім қысқа еді,
Тоқтатайын осыған.



БӨЛЕКТИҢ ҚЫЗЫ МЕН ЖАМБЫЛ

Қыз:

Көк шолақпен тепектеп,
Торы шолақты жетектеп,
Жанай берме көшімді,
Түйелерім шошиды.

Жамбыл:

Әсем басқан құла атың,
Өзіңді де ұнаттым.
Жақындағым келеді,
Жақсы көрген, жұратым.

Қыз:

Қашан құда болып ең Балғалымен,
Күн өткізген түрің бар сандалумен...
Балғалының батасы бұйырмайды,
Қол қусырып келсең де мал-жаныңмен.

Жамбыл:

Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ,
Жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ.
Ел аруағын сыйламас есер қыздар,
Жеңіл сөйлеп орынсыз шошаңдамақ.

Жолаушылап келемін, өзім жүдеп,
Киім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.
Жылы көріп жүзіңді жақындап ем,
Қомытсынып сөйледің үдеп-үдеп.

Қыз:

Жолаушы адам, білемін, жүдеп келер,
Еру елден бірдеңе тілеп келер.

Көш қасынан қалмайсың қосанжарлап,
Аулақ жүрсең, жарқыным, кім өкпелер!

Жамбыл:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.
Көкшолақпен көшінде бір жүрмесем,
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер.

Қыз:

Құла қасқа – бәсірем¹ көшке мінген,
Құлақ жымса атынды сескендірген.
Қапелімде қаларсың күлкі болып,
Кетсең деймін жарқыным көш шенінен.

Жамбыл:

Не қылсаң да кетпеймін мен қасыңнан,
Сүйкімді боп барасың алғашқыдан.
Ат тістесе атымды қуанамын,
Тәңірімнің ісі деп жармастырған.

¹ Бәсірем – өзіне меншікті төл аты.

САРЫ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУ

Сары:

Уа, шырақтар, мен едім
Сары Үйсіннің Сарысы.
Сарыбайды сыйлаған,
Екейдің жас, кәрісі.
Жолы болар жігіттің,
Оңға басар әр ісі.
Түбі жаман дерттің,
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай, айтып бер,
Осы сөздің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі?

Аздан соң:

Екейдегі Сарыбай,
Бойға қораш, ойға бай!
Әлгі сөздің мәнісін,
Отырмысың ойламай?

Жамбыл:

Саркемді састырып,
Сүйекемнен сүрінген
Сізге жауап берейін,
Жақтырсаңыз, бүгін мен.
Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз оңға жүгірген.
Сүйекемді көргенде,
Жүрегіңіз түңілген.
Соның емін таба алмай,
Ой алысқа үңілген.
Жеңілгенді намыс қып,
Аш белеңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен.
Сол емес пе шешуі,
Өзіңізге-ақ жүгінем.

МАЙКӨТПЕН ДИДАРЛАСУ

Жамбыл:

Үлкенсаздың басында,
Кішісаздың қасында,
Сарыекемнің асында,
Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,
Келді сөйлер кезіме.
Үлкен аға, кіші іні,
Сөйлеп бір енді берейін.
Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген,
Қас сұңқарды айтамын,
Алыстан тоят тілеген.

Майкөт:

Сапар тартып келіп ем,
Сарыбайдың асына.
Отыз кісі елімнен
Еріп еді қасыма.
Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым,
Алатаудың тасына.
Естуші едім дабысын,
Жамбыл бар деп осында.
Ақын болса келмейді
Неге менің қасыма?
Неге сәлем бермейді
Мендей кәрі досына?

Жамбыл:

Сәлем уағалайкүм, Майкөт аға!
Есітіп дауысыңды келдім жаңа.
Алдынан үлкендердің өтпейін деп,
Аялдап әдеп еттім біраз ғана.

Сіз бе еді ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап, сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.

Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.
Сүйрендеп алдыңызда сөз сөйлемей,
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.

Сөйлеген аға тұрып ініден без,
Ежелден елде сондай бар еді сөз.
Аралау ағайынды бір бұл емес,
Өлі де сізбен талай болармыз кез.

Майкөт:

Бәрекелді, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің,
Аңғарыңды таныдым.
Көтеріліп желпіндім,
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің.
Тал бойында бар екен
Алыс шабар серпінің.
Ұлы жүзді аралап,
Елдің жайын көп білдім.
Жасы үлкенді ағалап,
Мен де қызмет көп қылдым.

Тауып айтқан сөзіңе,
Селт еттім де серпілдім.
Мейірім түсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын.

Жамбыл:

Әумиін, батаңызға көтердім қол,
Етейін сізге қызмет мен осы жол.
Той қылып тобымызда отырыңыз,
Менің де, Майкөт аға, тілегім сол.

Майкөт:

Жан-жағыма қарайын,
Жағалай көз салайын.
Аман-есен жүрмісің,
Алыс жатқан ағайын.
Алдарыңа келгенде,
Әнге шырқап салайын.
Ұзақ күнге самғасам,
Саңқылдасын сарайым.
Қаздаңдатып саусақты,
Қос ішекті қағайын.
Алатаудың төсінде,
Аршындап бір шабайын.
Айта жүрсін сөзімді,
Әңгіме ғып маңайым.

Аман-есен жүрмісің,
Шапырашты, Екейім.
Ауылыңды ду етіп,
Ән таратып кетейін.
Сәудегерден бөз қалар,
Ақындардан сөз қалар –
Айта жүрер артымда,
Сөзімді аяп нетейін!

ЖАМБЫЛДЫҢ ШЫБЫЛ ШАЛҒА АЙТҚАНЫ

Шыбыл шал:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын.
Сен бе едің Жамбыл ақын соның бірі,
Домбыра қолындағы дию-пері.
Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы,
Көрейін, қандай өзі, берші бері!

Жамбыл:

Ей, не дейсің, Шыбылым,
Кеудеңде жоқ шыбының.
Құмға біткен селеудей,
Селдір екен шығуың.
Әр рудың жүрмісің
Төлегелі шығының.
Шілше тозып кетіпсің,
Шашылып жүр сынығың.
Бір басыңа жетерлік
Былығың мен шылығың.
Жүнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапқа.
Шыбыл Шыбыл болғалы,
Бір кәдеге жарап па?
Төрт асылдың баласы¹
Төрт құлақты кемедей.
Ортасында Шыбыл жүр,
Өрт өшірген немедей.
Қайтейін деп осыны
Кетер едім елемей,
Елемеске болмады,
Жабысқан соң кенедей!

¹ Төрт асылдың баласы – Асылдан тараған Теке, Төлеміс, Құрман, Орымбет деген елдер. Бұлар кісілікті болғанда, Шыбыл руы соның әрқайсысының арасында шашырап жүреді екен.

ЖАМБЫЛ МЕН БӨЛТІРІК

Жамбыл:

Келіп ем Туғаным деп Қызыл бөрік¹
Кеткелі өлеңіме қылып жерік.
Қаңғырып қайтайын деп келгенім жоқ,
Қып-қызыл билеріңнің жүзін көріп.

Бермедің қалы кілем, бұлғын ішік,
Тамағым салқын тиіп қалыпты ісіп.
Бақайдың² берекелі Дәркембайы,
Көрген жоқ бұрын саған ісім түсіп.

Біздің ел Алатаудың бауырында,
Сіздің ел Асы жайлау сауырында.
Атаңның Қыдыр шалған қонысында,
Жақсы ма жолыққаным ауыруға?

Дәркембай, дәрісін тап, жібер емдеп,
Қалыппын көңіл сынып, қатты дендеп.
Алыстағы ағайыннан не алды екен деп,
Жүрмесін жетегіме жұрт телмендеп.

Уа, Бөлтірік, Бөлтірік!
Сөз мәуіртін келтіріп,
Бір сөйлесең, нетеді?
Сүйегімді жасыттың,
Кетейін бе өлтіріп!

Қалай жасып қайтайын,
Осы өңірде сен тұрып.
Ақын атың бар еді,

¹ Қызыл бөрік – Албан ішіндегі ру аты.

² Бақай – ру аты.

Сөйлесеңші серпіліп,
Жасыл жайлау, ақ орда
Қалсын біраз желпініп.
Неге отырсың үндемей,
Дәркембайдың алдында
Дәтің бармай іркіліп?

Бөлтірік:

Ой, Жамбыл-ай, Жамбыл-ай,
Қашан құлақ салды бай!
Сөз асылын тани ма,
Өзі ақынша қаңғымай?
Енші беріп, үй тіксе,
Әлі келмей жатқан жоқ.
Екей елі бұл өрдің
Келіп дәмін татқан жоқ.
Мата бір топ Жамбылға,
Мал таусылып жатқан жоқ.
Думан қылды аулыңда,
Сөзін бұлдап сатқан жоқ.
Өлең беріп жорға алса,
Жамбылдан бір сөз қалса,
Тарамай ма мақтан боп.
Ер көңілін таппасақ,
Үстіне ішік жаппасақ,
Қызылбөрік, Бақайды
Өр мінезді бұл Жамбыл
Жұртқа жаман атайды!

ЖАМБЫЛ МЕН ҚҰЛМАМБЕТ

Құлмамбет:

Құлмамбет менің атым құлан аян,
Менің Құлан екенім тәңірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян.
Қара күннің баласы Ысты пақыр,
Кім өлсе соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме қайда жатыр?
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейітбаттал, ер Әлінің соғысындай,
Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр!
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік, оны неге ардақтайды?

Құдеке, кісі жібер Жамбылына,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Топтан озған о-дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!

Жамбылды Құдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бәрі көрді.
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкенісіп, сөйледі енді.
Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау,
Арам тер талай ақын болды бұлау.

Жамбылға сонда тұрып былай деді,
Басқасы болмаған соң аяқ ылау:
– Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін,
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.

Аузында сәлемің мен аманың жоқ,
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
Жүрмегін омақасып орға түсіп,
Өмірі кішілікке баспай қадам.

Өлеңші өршеленген толып отыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.
Мысалы дүниенің сол секілді,
Бәрі де көрмегендей болып отыр.
Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,
Немене бәрінді де басып өтпей.
Қамалып қам теріге¹ бүрмеленбе,
Қысты күн қар астында қалған шөптей.
Мені шын жеңемін деп желікпей-ақ,
Қойыңдар абиырды шашпай, төкпей.

Апырмай, Құлмамбеттің келді кезі,
Қалай теріс болады айтқан сөзі.
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегеннің некесі жоқ,
Бай болады, диқаншы, тамағы тоқ,
Албан, Дулат бәрі кеп атқа мінсе,
Дегенің Үштаңбалы керегі жоқ.

¹ Қам теріге – (арабша) – хам – жас, бұл жерде шикі тері мағынасында.

Албан аға болғанда Дулат іні,
Сөзінде Құлмамбеттің бар ма міні.
Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,
Шапыраштының не болар көрген күні.
Домалақтың төрт ұлы есен болса,
Сірә, жеңбей қоймаспын бүгін сені.

Жөнделіп жүйткүші ем жөнсіз жерден,
Мен жауға алдырмаушы ем әлсіз жерден.
Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
Асықсаң ажалыңа келші бермен!
Болғанда мен ақсұңқар, сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал түртіп жүрмесін аңдамастан,
Оқтаулы ақ пернеге қарсы шауып.

Жамбыл-ау, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық дүр сенен бағам.
Қасқарау Нұрақанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапырашты, бұзау, танаң.

Бұлбұл қабақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басыңды кетейін бе-ай!
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді,
Түбіне таза тақыр жетейін бе-ай!

О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың.
Тобықтай түзу жерден жол таппайсың,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойың.

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма?

Қалың жатқан келейін Майлыбайға,
Мұнан соң мен барамын Бектембайға,
Тарпаң мен Токсейіттей бегің қайда?
Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайда.
Дәметкен сары майдан кеудең қайда,
Жамбылым, енді келдің ұрар сайға.
Ойың бар айтыспаққа меніменен,
Түбінде кімге зиян, кімге пайда.

Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Хан Шөйбек карауың көрде жатыр былай.
Көбікбай, Қарабаймен алыс жатыр,
Сатыбалды, Қанайды қайтесің-ай.

Және бар Тілеуқабыл, Үсенбайым,
Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын,
Алма тартқан кісіге ат береді,
А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын?!

Тағы бар Жайылмыста молла Сәтім,
Бақ пен қыдыр іздеп кеп жалғасатын.
Дәулеті Сегізбектің серке болды,
Салмағы қорғасындай қол басатын.

Бай болған Ормақайға қызыр дарып,
Смайыл келген еді қажы барып.
Солардың үлгі көрген ұрпағы еді,
Соғайын ер Мәңкені ауызға алып.

Алысбай, Мәлік пенен тағы да бар,
Қалай айтсам сыйғандай шағы да бар.
Ыдырыс, қос тотым мен ер Шұманак,
Кеңпейіл, кетпес дәулет, бағы да бар.

Аманжол Қасқарауда, бек Ноғайбай,
Түп-түгел мал мен бастың бәрі де сай.
Ерте жатып, кеш тұрған өңшен сабаз,
Ішкені шай бұлардың, жегені май.
Атасы қызыр шалған Малдыбайдан,
Пірім медет тіледім Әжібайдан.
Күйкі тұғыр секілді бір немені алып келдің,
Әйтеуір біреуімізден төгілді айран.

Шапырашты сөйлесең жаманың жоқ,
Шүү десең, бәрің жүйрік шабаның жоқ...
Кіріп келіп есіктен үндемейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.

Үндемей кіріп келдің тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай, байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басыңа күн туды дүзі қара.

Ей, Жамбыл, үндемейсің дертің бар ма,
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Шапқанмен к... мәлім Шапырашты,
Ұстасар меніменен кертің¹ бар ма?

Мен айтсам айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандарал да жарлығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер, –
Сен де аянбай қимылда барлығыңды!

Жамбыл:

Қызғанша айғай шығып, едім салғыр,
Сөйлесең әр немені тілің шалғыр.

¹ Керт – ал, қуат мағынасында.

Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,
Қалайша шайқақтайсың, тәңір алғыр!

Сөйлесем өлеңімді түптеп бермен,
Құйылар сөз нәсері көктен, жерден;
Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші бермен.

Шуу десе, жүйрік озар мынау жолдан,
Демей көр, ескі аруақ, алып қолдан.
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.

Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба,
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап¹ қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің бас аманға!

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Құлмамбет сөз сөйлейсің анықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбе кезек кісідей шалықтамай!

Ерлігім ерлігіңе дөп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,
Есіріп көрген жерден ентеледің.

А, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет,
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді.

¹ Қарасай – Шапыраштылардың ұраны

Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,
Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады.
Қараңғы тұман түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Асқарлы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,
Кесірің жұғар, Құлмамбет,
Қу пәлекет, әрмен кет!
Таз Құлмамбет сен болсаң,
Мен де алдыға тартайын
Мақтан қылар жайымды,
Арқаларсың уайымды,
Ел байлығын қаптатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті
Алматының өзенінде,
Бір шеті Қарақыстақ¹,
Кәстектің кемерінде,
Несі болмас Құданың берерінде.
Бұған қайтып жетерсің,
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетінен
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең өтесің.

Құлмамбет:

Осыны түлен түтті ғой, Құдай Тағала,
Жапанда жалғыз қурай болмас пана!
Беглік пенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектеп қашарсың, байғұс бала.

¹ Қарақыстақ – Сүйінбайдың туған жері, Алматы облысы.

Қалайша болып отырсың ырғай мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың.
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,
Көптіктен айтсам, үземін шеттігіңді.
Шапырашты күйіңмен байлық айтып,
Өрлікпенен көрсетпе өттігіңді!

Жамбыл:

Мен барайын төменгі
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұ жақтағы Дулатты
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма!..
Бабаң қойын бу қылып,
Аруаққа ұрынба!

Ешнәрсе, қанша айтқанмен, ете алмайсың,
Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.
Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!

Құлмамбет:

О, жазған, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Бабаны айттым, тұрсын деп Дулат жайға,
Сенің елің адамы байғұс екен,
Қазыналы ойлаған Дулаттай ма?

Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде тулап жатыр.
Он түйеге көшкенде жамбы артады,
Абекемнің тіккені жібек шатыр.

Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе,
Ақшаға толтырармын етегіңді.
Албан жағы тоқтасын мұныменен,
Қасқараудан салайын Өтегенді.

Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Білемісің, мың жылқылы жатыр қандай.
Сатыбалды, Естемес, Алмақ, Салмақ,
Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.
Шенет қалды тағы да бұл жағында,
Жаратқан оны да артық патша Құдай.

Жамбыл:

Керек болса ақшаны
Көн қапқа салып алдырған,
Ел көшкенде қазынасын
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырған,
Жібектен арқан тарттырған,
Әлемді алып байлығы,
Әсемдігін арттырған.
Олай болса өктемдеп,
Алатауды бөктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін.
Қалай айтсаң олай айт,
Құлмамбет, саған төтейін.
Бұдан шығып аяңдап
Кәстекке барып жетейін.
Ол Кәстекті жерлеген,
Ағысы судай өрлеген,

Сұраншы, Саурық батырым,
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.
Қамын ойлап халқының,
Тар кезеңді бермеген.
Тоятын тілеп алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген!

Барайын енді аяңдап Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға;
Ұлы жүздің тірегі батырым ғой,
Бір болмаған ығай мен сығайыңа.
Қайыры қарашыға сондай жақсы,
Қандырар сусындатып қант пен шайға.

Байлық, бақыт тек оның ерлігінде,
Ерлікпен ел намысын берді кімге?!
Өңкей сасық байларың сен мақтаған
Қолдарынан түк келмей жүр өмірде.

Кімнің бар Сыпатайдай төңіректе,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп қамшы басып көк серекке.
Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан,
Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.

Кім мақтамас қайрымды ер Сыпатайды,
Дәулетімен ораған Алатауды.
Қанша халық аралап жүрсем-дағы,
Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды.

Бұл сөзді мұнда тастайын,
Сабыр қылып саспайын,
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгеі жақтан бастайын.
Ол күнгеіді жерлеген,
Желмая мініп, желменен,
Өрге салсаң өрлеген,
Жер жәннәтін жерлеген,
Байтелі, Қаумен, Дәулетті,
Жәпек¹ пенен төртеуі –
Бәрі ерлер әулетті.
Өнері асып әр жаннан,
Түзеген көшін сәулетті.
Асықпай тыңда, Құлмамбет,
Беремін кезек нәубетті²
Онан бері асайын.
Теріскейге қадам басайын.
Жоғарғы шеті Мырзабек,
Бәрі де өңшең қара көк.
Арғы атасы Қашке – қарадан хан болған,
Қылған ісі Әбілпейіске таң болған.
Аруакты ер болып,
Алқабылмен ел болып,
Сондай-сондай жан болған.
Төменгі шеттен айтайын:
Әлі менен Нұрабай –
Ер Қашкенің тұқымы.
Атасы жауға аттанып,
Жауды көрсе шаттанып,
Ат құйрығын бұлады,
Елінің басын құрады.
Онан былай өтейін,
Көзінді сенің көр қылып,

¹ Байтелі, Қаумен, Дәулет, Жәпек – Ұлы жүздің ру аттары.

² Нәубет – (арабша) – кезек, мұрша мағынасында.

Көлденендеп кетейін.
Ертерек жүріп ентелеп,
Серектасқа жетейін.

Серектасты жерлеген,
Байлығы тасып, көлдеген,
Қилыбай ұлы Қожамбет
Көк берендей түтеген,
Көкірегіне Құдайым
Тоқымай нұрды бітеген.
Айға білеп ауызын,
Аспанға қолын сілтеген.
Көтерілсе талайым,
Түстік жерге тоқтамай,
Орынсыз мылтық оқтамай,
Өтеген, Қазбекке¹ барайын.
Сол жерде жатып, өтендеп,
Атамыз қылған мекен деп,
Ыбырайымның алты ұлы,
Алтауы да арыстан.
Дұшпанын табанына жанышқан.
Қазақтың қамқор ерлері,
Қарулымен қағысқан,
Азулымен алысқан.
Уа, Құлмамбет, сөз тыңда,
Байларым деп салмақтап,
Не қыласың құр мақтап
Өңкей ақымақ есекті.
Елдің сиқын кетірген,
Кәсіп қып өтірік-өсекті.
Мен сөйлесем қаларсың
Ашылмас тұман ескекке.
Баймын деп сендей тасыман,

¹ Өтеген, Қазбек – Алматының солтүстік батысындағы тау аттары, батырлардың атымен аталған.

Кедеймін деп жасыман!
Берекелі елді айтам.
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман!

Құлмамбет:

Барайын Қасқарауда Бекет байға,
Тарпаң мен Токсейіттей байың қайда?
Сары алалы, көк жылқы өзінде бар
Қожамберді атасы Телдітайда.

Сұлтан жатыр Шоқпардың¹ қайқысында,
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла.
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?

Шапырашты басыңмен байлық айтып,
Сен кезікпей жатырсың құлар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің байғұс шолақ,
Сары майдан дәметкен кеудең қайда?

Өлеңді бір соғайын түйдегімен,
Әжібайлап тиейін бүйрегіннен.
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді, –
Сен тұрмақ үміт көрмен үйдегіңнен.

Шапырашты, мақтанба, к... белгілі,
Әркім-ақ тұрған шығар беп-белгілі.

Құладынды қайырып қуға салсақ,
Тышқан алған көруші ек бөктергіні.
Салғалы отырсың ба көптігіңді,

¹ Шоқпар – Шу өзенінің шығысындағы жер аты.

Тіпті керек қылмаймын септігіңді,
Айыл жіптеп тартып кел шеттігіңді,
Ерегіссең үземін көпшігіңді.

Жамбыл:

Сыпатайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақаман бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып, алтын боз жасаған бар.

Екейден мен айтайын Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғым, тайпалмайды.
Аңырып әніме аңдар қалатұғын,
Өленді бүйтіп жыршы айта алмайтын.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлмамбет неменеден сайтандайды!

Біздің елдің адамы өнері асқан,
Өнерімен талайдың көңлін басқан.
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,
Бір кем емес байыңнан асып-тасқан.

Алматының шәһәрінде
«Көк күмбез» үйді салдырған.
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын:
Қызылжар мен Семейден.
Мына шетін айтайын:
Ташкент пенен Наманган,
Әндіжан мен Марғұлан.
Ақша деген неменді
Қапқа салып алдырған.
Жігіттер бар жетілген,
Орыс, қазақ ұжым боп¹

¹ Ұжым – бірлік, ынтымақ мағынасында.

Тізе қосып бекінген.
Бұларды айтсам мақтанып,
Жерім бар ма шалдырған.

Құлмамбет:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,
Шүү десе көк бестідей зымырайын.
Ескожаға тығылған жаман екен,
Бір сапарға елінде жоқ па байың?

Айтасың, Шапырашты, ерлігіңді,
Шыр айналып соқтырдым белдігімді.
Секеңдеген серкенің ажалы деп,
Ақыры Саурық, Сұраншың жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігіңді.
Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы
Ерліктен тапқан олжа, пайдаң-дағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Шайқалды Сарыбайдың саймандары.

Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,
Шоқпарлы сарбаздан жәбір көрген.
Ерлікте батырлық пен нең бар жазған,
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.
Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан,
Дәлелді сөзім осы естіп ұққан,
Иман айтып, жаназа шығармастан,
Апарып екі бүктеп жерге тыққан.
Алдымнан айғақ болып шығады-ау деп,
Жүрмесең күрбелектеп қорқып сұқтан.

Жамбыл:

Жақсылық-жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны, екшеледі.

Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді.

Жалғыз-ақ сен болмасаң, таз Құлмамбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.
Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген.
Халық үшін шәйіт болып жанын берген.

Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген?

Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.

Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Түлен түртіп отыр ма, таз Құлмамбет,
Керіқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басыңның бір қылы жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет.

Құлмамбет, мен білемін, түбің Уақ,
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.
Басыңды осы арада кесіп алсам,
Кісі жоқ қылмысыңнан алар ақтап.

Үстіңе жайдың оғын жайлатармын,
Екі қолыңды артыңа байлатармын.
Арамызда кісі өлтірген қашқын жүр деп,
Жұртыңа здавайттап¹ айдатармын.

Құлмамбет, ақын Шаншар, Суандалдың,
Нашар едің, бұл күнде жуандандың.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Қуарып үш бешпентпен қуаңдадың.

Құлмамбет, Суандалдың Албан менен,
Албандай бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ау, қай жеріңмен мақтанасың,
Есің жоқ шашың жұртта қалғанменен.

Арқадан ауып келген ақтабансың,
Елді алдап «ақынмын» деп мақтанғансың.
Таз Албанның баласы Құлмамбет деп,
Дүйсенбай, Сәт, Мәңке жанын беріп ақтап алсын.

Жамбылдың жеңіп бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері.
Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,
Осы екен бір азғантай арман жері.



ЖАМБЫЛ МЕН ДОСМАҒАНБЕТ

Әуелі тамам сөздің іпидасы¹,
Жиеннің жиырма үште еді жасы.
Сөйлейін Жамбылменен айтысқанын,
Жарандар, құлақ салып, сөз тындашы,
Жамбыл да өз тобынан асып жүрген
Көп ақын беттей алмай қашып жүрген.
Сөйлеуге қара сөзге құстан жүйрік,
Көңілін талай жанның басып жүрген.
Сөйлеген талай топта таңлай қағып,
Жұртына өлеңменен жүрген жағып.
Бұл күнде Досмағанбет не болғанын,
Көрерсің тамаша ғып тұрғын бағып!
Бала екен сөзге жүйрік Досмағанбет,
Жасынан жүрген екен өнер іздеп,
Көбісбай, Қаранбайда жатқан екен,
Қысты күн іздеп келіп нағашым деп.
Сол кезде Жамбыл ақын ол да келген,
Өлеңі ұйқы-тұйқы соққан желден.
Үйінде Көбісбайдың қона жатып,
Өлеңді білгенінше сабай берген.
Бұл Жамбыл сөз сөйлейді таңырқатып.
Өлеңді бастан-аяқ аңыратып.
Жантай мен Сүйінбайдың айтысқанын,
Жырлады біразырақ дауылдатып.
Саламат-аман тұрсам, көрермін, – деп,
Ол түні Досмағанбет қалды жатып.
Ал, енді сөйлер желіп Жамбыл ақын,
Ежелден топты жарған даңғыл ақын.
Сөйледі сонда Жамбыл бұған қарап,

¹ *Ипидасы – араб сөзі, бастамасы, алғашқысы.*

Таң атқан іші-бауыры аттай жарап.
Алдына келіп: – Кәне, сөйле, – деді,
Баласың сен де ақын жаңа талап.
Ол бала сөз сөйледі тілді безеп,
Отырған әдеппенен көңіл тежеп.
– Сөйлей бер, білгеніңше, Жамбыл аға,
Бір келген мейман едің, бердім кезек.
Сөйледі сыпыра желіп Жамбыл ақын,
Көрінді көп ақыннан сөзі батым.
Жарандар, жүз жыл дәурен сүрген болсаң,
Ойлағын, бір басыңа ажал жақын.
Сөйледі сонда Жамбыл нақыл айтып,
Жуық боп ағайынға жақын айтып,
Елінің үлкен-кіші баршасына
Отырды әр нұсқадан ақыл айтып.
Сөйледі мүдірместен сары таңға,
Өзінен басқа жоқтай бұл жаһанда.
Отырған төрт түйелі Жалайыр, – деп,
Тиеді сөздің шеті анда-санда.
Баяндап әңгімесін бастан-аяқ,
Айтысқан Жамбылменен сөзі мынау.

Жамбыл:

Самғаймын қанатымды, ал, аспанға,
Дүбірлеп дауысым кетсін бар жаһанға.
Иірем сені сөзбен, Досмағанбет,
Аяғың тисін жерге анда-санда.
Сен мені жеңе алмайсың, арбасаң да,
Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да.
Жаландап аш бөрідей келдің қайдан,
Жақсылық Жалайырдан алмасаң да?
Арғы атам – аруақты ер Қарасай,

Теңселген дүбіріне тау менен сай.
Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай.
Ілгеріде Шөже, Балта¹ заманда өткен,
Асекең², Бұқар жырау арманда өткен.
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұңын жырмен толғап, нөсерлеткем.
Сөйлеймін, ерегісsem, өктем-өктем,
Түскендей жайдың оғы саған көктен.
Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза,
Құрсаулы сауыт болар маған шекпен.
Баласы ұлы жүздің – Абақ, Тарақ.
Көтерген ақылгөйге мені балап.
Қаңғырған аш бөрідей ақын келсе,
Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап.
Құйындай көкке шапқан мен бір пырақ,
Арамыз екеуміздің алыс-жырақ.
Төменде шықылықтаған сен торғайсың,
Айтыспа, менімен, ақын шырақ.

Досмағанбет:

Сөйлейсің барған сайын өктем-өктем,
Түскендей ата-анасыз аспан-көктен.
Аралап Абақ, Тарақ, жүрсең-дағы,
Түспепті тері шалбар, қаптал шекпен.
Ол да өткен Асан қайғы, Бұқар жырау,
Ол күнде шапқыншылық, қанды бұрау,
Қараспай жарлы-жалшы нашарларға,
Хандардың мақсаты сол – жұртты қинау.
Атамыз бәріміздің – Абақ, Тарақ,

¹ Шөже, Балта – XIX ғасырдағы халық ақындары.

² Асекең, Асанқайғы – философ-ақын.

Ақынды көргенім жоқ сендей салақ.
Бойында саралықтың белгісі жоқ,
Тал түсте кеткендей-ақ ұры тонап.

Ал, Жамбыл-ау, Жамбыл-ау,
Сөз сөйлейін мен саған,
Таудан аққан бұлақтай
Жасөспірім баламын,
Жапырағы жайқалған,
Көлге біткен құрақтай.
Лақ, текедей бақылдап,
Мазамды алдың шыдатпай,
Қойдағы азбан қошқардай,
Сөзінді мен отырмын
Сірә де сенің ұнатпай.
Өлеңінді қысқартқын,
Мұнан былай ұзартпай.
Буындырам мен сені,
Бір шығармай үніңді,
Желкеңнен түскен тұзақтай.
Жаудыратам көзіңді,
Қалдырамын сөзіңді,
Қараңғы түн болғанда
Алдыңда жанған шырақтай.
Ақында шайыр ақпамын,
Аспанға ұшқан пырақтай.
Сөзінде сенің асыл жоқ,
Құбылып тұрған сынаптай.
Меніменен айтысып,
Жете алмайсың мұратқа-ай!
Жас баламен шайқасып,
Айтысып өлең байқасып,

Жас ақыннан сүрініп,
Қалып жүрме ұятқа-ай.
Жете алмассың қуғанмен,
Мен бір асыл туғанмын.
Белді қынай бұғанмын.
Арғымақтай буданмын.
Тұлғанды сенің айтайын,
Тұлпарлығыңды байқайын.
Сұлыға тойған қазанат,
Маған қайтып жетерсің.
Алдыңда жүрген пырақпын,
Енді маған нетерсің?!
Меніменен айтыссаң,
Түбіңе өзің жетерсің.
Бұл арадан кетерсің.
Қасірет-қайғы шегерсің,
Ала алмасаң, алысып,
Арманда болып өтерсің.
Ақындығың шамалы,
Ала қашпа екенсің.
Тонауға түскен ұрыдай,
Ат-тонынан айрылған,
Қанатынан қайрылған,
Жасыған жездей майрылған.
Басыңда жөнді бөркің жоқ,
Адам көрер көркің жоқ,
Ақынмын деп сестенбе,
Сөзінде қуат, серпін жоқ.
Өз пиғылыңнан тапқандай,
Кейпің жаман, Кейқуат¹,
Байдың малын баққандай.

¹ Кейқуат – «Алпамыс батыр» жырындағы кейіпкер, қойшы.

Құлаққа маза бермедің,
Даңғаз дабыл қаққандай.
Алдында жиған малың жоқ,
Мойныңа салған салық жоқ.
Қу кедейсің қаңғырған,
Жауласарға елің жоқ.
Жыршы емессің, бақсысын,
Дүниеге тапшысын,
Бақсы да, сірә, болмадың,
Өлең айтып оңбадың.
Ел ішінде азыпсың,
Бір Құдайға жазыпсың.
Шекпенің жоқ сенің де,
Сен бір жүрген зәлім-ді.
Бір бойында сәнің жоқ,
Аралап Абақ жүрсең де,
Үш күн жатар жайың жоқ.
Жаман тамды салдырған
Орыстан зақұн үйреніп,
Ағайын көңілін қалдырған.
Жатқа жерді алдырған.
Еліңде бір байлық жоқ,
Қазан асқан жеріне
Сабан-топан жақтырған.
Кеште ойнаған бақсыдай
Саған қобыз шалдырған.
Сені көріп отырмын,
Өзімнен-өзім қапалап,
Түсіңе сенің қарасам,
Жүні түскен жапалақ.
Жаратқан ием, Құдай-ай!
Нағашы жұртым ер екен,

Сауыққойшыл ел екен.
Көтереді ақын деп,
Мұның несін сән қылып.
Біздің елде бұл болса,
Аяқ жолын таба алмай,
Кетер еді қаңғырып.
Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Өлеңге жүйрік даңғылым.
Еркек болсаң, қашпағын,
Қайратыңды қарыштап,
Өнерің болса, бастағын.
Ұрысқақ қатын секілді
Аузыңнан от шашпағын.
Мініңді айтып берермін.
Ақыным, Жамбыл, саспағын.
Асқанға тосқан кезек-ті,
Алдын ала баспағын.
Армансыз бол, ақыным,
Ақындығың болмаса,
Жоқ екен басқа нақылың.
Кім жығылып, кім жығар,
Байқармыз сөздің ақырын.
Қартайғанша қақылдап,
Жел сөзге бір тоймайсың.
Жеңемін деп ойлайсың,
Меніменен ойнайсың.
Әсем болсаң, бәсең бол,
Өзіңді өзің көтеріп,
Сонша неге болмайсың.
Қонақ қонса үйіңе,
Тышқан мұрнын қанатып,
Тышқақ лақ соймайсың.

Бергеніне құдайдың,
Қанағат қылып тоймайсың.
Ел қыдырып сүмендеп,
Жасыңнан қылған әдетің,
Елден-елге тіленіп,
Жамбастай жатып шіреніп,
Тентіреуді қоймайсың.
Астыңа мінген ерің жоқ.
Қол берген мықты пірің жоқ,
Не басыңа күн туды?
Бір жаныңда тыным жоқ.
Өміріңді өткіздің,
Көп сөзіңнің ішінде
Бір дәлелді шының жоқ.
Халықтан дүние сұранып,
Жарыған, сірә, жерің жоқ.
Айтқаның ылғи өтірік,
Сөзіңе сенің сену жоқ.
Есігің бар да, төрің жоқ.
Алысып әлің келе алмас,
Ылдиын кеткен, ерің жоқ.
Бір өткен соң дүние,
Қайта айналып келу жоқ.
Қорықпайсың, бейшара,
Өлеріңнің шағынан,
Кетер ем ұрып бір жерге,
Азырақ қорқып отырмын
Сақалыңның ағынан.
Отырсың ғой кушиып
Қой бакқандай ку кедей.
Байлығын айтсам Тарақтың,
Қаларсың сен үндемей.

Қалдай, Маман, Көлібай¹,
Байлығы тасқан күнде үдей.
Іледен әрман көсілген,
Жерін қаптап малы жүр,
Кім айтар мұны шын демей.
Қалдайдың бағы жанып тұр,
Жарқырап ашық шілдедей.
Жылқы мен қойы есепсіз,
Жұрттан асқан байлықпен,
Түйесін жүр жүндемей.
Елімдегі байлықты
Айта берсем, сөз жетпес,
Сусап қалар тіл-көмей.
Ақын болсаң, ашық айт
Еліңдегі байлықты,
Біздің елді күндемей.
Елің сенің оңбаған,
Енді не деп айтамын,
Кедейлікті мін демей?

Жамбыл:

Солай ма, бала, солай ма!
Зығырына Жамбылдың
Тисең, саған оңай ма!
Қуырамын енді мен
Ақындықтың апшысын,
Көргенім жоқ өмірде
Жел сөздің мен тапшысын.
Өлеңім асау теңіздей
Өрге қарай шапшысын.
Толкындай сөзді сапырып,

¹ Қалдай, Маман, Көлібай – Орта жүз, Найман елінің ірі бай-феодалдары.

Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа.
Нажағайдай сөзімді
Жарқылдатсам алдында,
Есің шығып адасып,
Біле алмассың әкеңнің
Өлгендігін қай тұста.
Сөз білмейтін баласың,
Ақындыққа шаласың,
Меніменен айтыспа.
Кемітесің кедей деп,
Басқа сөзді таппайсың,
Жетісіп жүрген немедей,
Елінді құр мақтайсың.
Малды санап мақтанбан,
Малыңда емес ел бағы.
Қорғаған жаудан халықты,
Ерлік пенен даңқты,
Елімнің күшті аруағы.
Елімде болды батырлар:
Қарасай атты ұранды.
Асынып жау жарағын,
Еліме шапқан қалмаққа
Орнатып кара тұманды,
Салатұғын ылаңды.
Қаһарына шыдамай,
Қалмақ кезген Шығанды.
Қылышынан өткізген
Қаракесір Қаһанды:
Жауынан жерді босатып,
Осындай атақ кім алды?!
Бүгінгідей сөзіме,

О-дағы саған күмәнді.
Көп сөзіңнің ішінде,
Бір сөзің жоқ ұнамды,
Байқалып әбден сыналды.
Елден алғыс алмайсың,
Көтеріп кітап, Құранды.
Меніменен ұстасып,
Білмейсің Құдай ұрарды
Жеңбек қайда Жамбылды.
Сенің айтқан өлеңің
Тараған бізден ұшқын-ды.
Қысым көрсен Жамбылдан,
Деп жүрмегін түбінде,
Қандай іске тап қылды.
Ерлігің болса мақтанғын,
Қалмақты қуып қашырған.
Айдарынан жел есіп,
Алатаудан асырған,
Айбалта, қылыш асынған,
Жанындағы жабдығы
Наркескен, қанжар асылдан.
Қарасайдай батырлар
Қиқу салып аттанса,
Еліме тиген жаулардың
Алмадай басы шашылған.
Айтшы, осындай ерлерді
Еліңде даңқын асырған!
Айта алмасаң бұндайды,
Айтыспа, сен антұрған.
Қорықсаң неге айтыстың,
Ағарған сақал, шашымнан?!
Ата-ана сыйлап көрмеген,

Биәдеп өскен жасыңнан,
Сен бір жүрген сауысқан,
Кесірің үлкен басыңнан.
Меніменен айтысқан
Сендей талай кеппенің
Көкірегі басылған.
Уә, қу таңдай Жалайыр!
Менен асқан елінде
Бар ма, сірә, бір шайыр.
Жамбыл жырау толғанса,
Домбырасын қолға алса,
Пар келтірмес ешкімді.
Сөз дауылмен соғушы ем
Сендей ақымақ мүскінді.
Ауылыңа алып бар
Шашылған бізден ұшқынды.
Сүйінбай ақын ұстазым
Сөз қанжарын суырып,
Дұшпанға өстіп күш қылды.
Құдай атқан қу молда,
Берекенді ұшырып,
Кетірейін пыстыңды!
Арбаөткелдің түбінде¹
Бір күн, бір түн шайқасып,
Өнерін әбден байқасып,
Құлмамбет те жеңген жоқ.
Жеңбек тұрмақ Құлмамбет,
Нысанаға келген жоқ.
Қаракерей Түбек те,

¹ Арбаөткел – Қапшағайдың аяқ жағындағы Ушаралдан төмендеу, атпен өтетұғын қылта жер. Бұл Іле өзенінің бұрынғы белгілі өткелі.

Жалайырда Қарқабат¹,
Бұ да айтысып, көрген жоқ.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Ешкімге намыс берген жоқ.
Жеңіліп қайтты Құлмамбет,
Құр сүлдесі, өлген жоқ.
Көпшілікке бет бұрып,
Азғырушы адамға,
Қараспайтын сараңға
Жамбыл әсте көнген жоқ.
Еңбегім сіңді еліме,
Ел ішінде еріме.
Сол үшін бағым сөнген жоқ.
Тарта сөйле тіліңді,
Танимысың піріңді?
Танымасаң піріңді,
Айтайын сенің мініңді.
Әдеппенен сөйлер ең,
Егер болсаң білімді.
Жұрттың бәрін ұмытқан
Хан, патша шенеунік,
Сен сықылды молдалар.
Бетіне ұстап Құранды,
Өтірік айтып, елді алдап,
Таратқан қисық ұранды.
Аятын оқып ышқынып,
Ауруға дем үшкіріп,
Молдалар ұқсас жыланға.
Балуан болсаң, белсеніп,
Шық күреске сыбан да.

¹Құлмамбет, Түбек, Қарқабат – XIX ғасырдағы айтыс ақындары.

Барың болса, қарышта,
Емеспін саған құданда.
Сен – күйкентай, мен – түйғын,
Жүр жайыңа одан да,
Әліңді білмей алысып,
Аптығып сөйлеп асығып,
Жолықтың қырсық лаңға,
Қаптаған қара тұманға.
Арқа тұтып ақырып,
Бұл Абақтың баласын,
Жаңғырықтырып мен шықсам
Алатаудың саласын,
Жайлау, қыстау, мекен қып
Өзен бір сай-саласын.
Көптігін айтсам Абақтың,
Аз ғана ауыл Жалайыр,
Қарамды көрмей қаласың.
Қу ауызды, қу молда,
Қайтер екен? десем мен,
Өршеленіп барасың.
Тіл тигізсең бабама,
Өртке күйіп, жанасың.
Ажырата сөйлегін
Бай, кедейдің арасын.
Құр кепкеннен пайда жоқ,
Сөйлегін сөздің данасын.
Жығылғанды, жыққанды
Сонда білер әр адам,
Өзінің білсе шамасын.
Ұзын сонар жүйрікпін,
Әңгімеге қанасың.
Ұзыннан жыр боратсам,

Сонда есіңнен танасың.
Албырт жиен, Жалайыр,
Маған қарап не дейсің,
Дедің маған кедейсің.
Мен қорғасын сақамын,
Сен – ұтылғыш кенейсің.
Мен – бір соққан дауылпаз,
Сен – салмақсыз, к... бос,
Ебелек қаққан ебейсің,
Бір ұстасып қалсам, – деп,
Күшінді байқап шенейсің.
Мен жайыңды айтайын,
Жалайырсың, кедейсің,
Кедейліктің белгісі,
Жақын-жуық келмейсің.
Шыққан жерің мен болсам.
Менен шыққан сен болсаң,
Кімді кімге теңейсің.
Қысы-жазы ау салып,
Іледен балық қоймадың.
Шіріген сүйек жесең де,
Қарның шығып тоймадың,
Тұздап балық қақтадың,
Сары майдай сақтадың.
Елің кедей болған соң.
Жайым қалай болар? – деп,
Дарияны жақтадың.
Өз малыңды өргізіп,
Жеріңде мал бақпадың.
Қонақ қонса үйіңе,
Союға мал таппадың.
Тайдың майын бермейтін

Несіне байды мақтадың?
Айлық жерді ауызың
Бір-ақ күнде аттадың.
Би мен болыс қолына
Шығыны болып кетеді
Жазы-қысы тапқаның.
Заманақыр болды ма,
Өз тұқымым өзіме
Жау болып, қарсы шапқаның.
Ел байлығы өзінде,
Тіл байлығы сөзімде,
Малы жоқ тақыр кедей, – деп,
Өтірік жала жаппағын.
Ерегіссең менімен,
Мен ұстасам сенімен,
Шығып кетер аптабың,
Молда емессің, сиқырсың,
Зікір¹ айтып зарлаған,
Жаназа² оқып өлгенге,
Підия³ алып жалмаған.
Шариғат жолы мынау, – деп,
Қараңғы, надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,
Қирағаттап Құранды,
Күні-түні сарнаған.
Қайыр-зекет бермесең,

¹ Зікір – ауру адамға айтылатын бақсы сарыны.

² Жаназа – Ислам дініндегілердің өлген адамға оқитын намазы.

³ Підия – дұға жолына жұмсалатын шығын ақы.

Сөзіме менің көнбесең,
Дозақ бар, – деп қорқытып,
Қылмаған пәлең қалмаған,
Оңбайтын молда жері осы.
Жақсы көрсе молданы,
Көз бояушы зұлым, – деп,
Көпшілік неге қарғаған?
Өзің де бір күн шүү дейсің,
Өлмей қалмас жанды адам.
Жарым түнде шабасың,
Өліп кетсе малды адам.
Елде көп әлім молда, залым молда,
Халыққа залымдығың мәлім, молда,
Сыбырлап азғырасың әзәзілді,
Қосылмас бізге сенің қаның, молда.
«Құдай бір, Құран шын», – деп азғырасың,
Ораза, намазсызды жазғырасың.
Жол сызған келешекке еш нәрсең жоқ,

Мұнымен қайтып жұртты мәз қыласың.
Аңдап бас, салғыртсынбай аяғыңды,
Екінің бірі өлер, ерегіссе, деген сөз бар,
Есіңе түсіремін баяғыңды.
Абакқа қай қазақтың малы жетер.
Көз көрмей, жалған сөздің бәрі бекер.
Елінде қысы-жазы балық аулап,
Тентіреп осыменен күнің өтер.
Молда ақын, сонша неге мақтанасың,
Мақтанып, көтеріліп, шаттанасың.
Балықтан тапқаныңды шығынға сап,
Старшын, би болысты атқарасың.
Пенде жоқ жақсылыққа таласпайтын,

Мейірсіз бай кедейге қараспайтын,
Би мен қу алдап қанын
Теспей сорып
Мінез бар иттердің аластайтын.
Байлардың құлқы жаман мақтайтұғын,
Ат мініп, асын ішкен жақтайтұғын.
Нашардың күшіменен пайдаланып,
Жері осы маған байдың жақпайтұғын.
Қу молда, орыны жоқ сарнамалық,
Байлар жүр кедей күшін пайдаланып,
Байды мақтап, нашарды аузыңа алмай,
Мұнымен оңаласың қайда барып?!
Шықпайсың қыр басына мұныменен,
Болды, сөзді сөйлегін құныменен.
Жамбылдың айғай салған даусыменен,
Тау мен тас ән қосады үніменен.
Кетерсің жерге кіріп, жынды, антұрған,
Мен саған қаһарлансам шыныменен.
Не тоқталып, не жеңіп, не жеңіліп,
Созылып отырғанша күніменен.
Аз сөздің тәттілігі болар балдай,
Отырсың айтыспақ боп көңілің дардай.
Қабанды¹ Бақтыбай мен ап келсең де,
Келеді шаужайымнан ешкім шалмай!
Көтере көп мақтадың еліңді сен,
Айтыссаң, бұғын бекем беліңді сен.
Бұл жаққа күліп келіп, жылап қайтсаң,
Табуға қиын болар жеріңді сен.
Әдепті мейман болсаң, сыйың болар,
Сый білмес сиыр болсаң, қиын болар.
Алыстан аңсап келіп, шаршап қайтсаң,

¹ Қабан – XVIII ғасырдағы Жалайыр тайпасының ірі ақыны.

Тағы да бір бас қосқан жиын болар.
Бұл істің уағында болғаны анық,
Айтысты көтерелік жоғары алып.
Сөйлеген көңіліңдегі сөзің болса,
Осымен бір кішкентай доғаралық.

Досмағанбет:

Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Ежелден жүйрік даңғылым.
Кезекпенен сөйлелік,
Сөзімді тосқын, Жамбылым.
Алпысқа жасың келгенде,
Төгіліп, тасып дариядай,
Басылып қалған арының.

Молдалығым айып па
Үйреткен саған Құдайды
Құран сөзін ұқпаған
Сендей надан оңбайды.
Зекет алса, молдалар,
Ұжмаққа жұртты жолдайды,
Молда өтірік айтпайды,
Оны Құдай қолдайды.
Елеуретіп сөйлейсің,
Алақтатып көзіңді
Өзәзілден сабақ ап,
Бүлдіріпсің сөзіңді.
Құранға тіл тигізсең,
Күпір деймін өзіңді
Мен бір енді сөйлейін:
Жалайырдың бегінен,
Белгілі ата-тегінен,

Айтуға тура кеп отыр
Абақ, Тарақ шегінен.
Ноқта ағасы – қолбасы.
Дулаттың бізге не пайда
Құмырсқадай көбінен.
Теріп айтып келермін
Бергіден арғы еліңнен,
Әулие ата, Шымкенттен.
Бозадан басқа асы жоқ,
Жар жатақтың астында,
Күнге күйіп түскендей,
Қыздарыңның шашы жоқ.
Бірін-бірі көп дескен,
Бозақормен ептескен,
Жақынынан басқа қасы жоқ.
Досмағанбет бұл молда,
Әрбір әнге салады.
Меркіден бергі туғаның
Салған қыстақ, қаланы.
Үй басына бес тауық,
Кірсян¹ боп қарады.
Қысты күні болғанда
Көшкіннен өлген бұғының
Терісін сылып алады.
Алып келіп базарға,
Ыстап етін сатады.
Бес тиыннан ақша алса,
Жерден алтын тапқандай
Қуанып үйіне қайтады.
Енді айтайын, Жамбылым,
Меркіден бергі еліңді,

¹ Кірсян – крестьян, шаруа.

Кірсянға жазылған,
Бәрі орысқа көнімді.
Меніменен айтыссаң,
Сындырармын беліңді.
Өткенді айтып, менменсіп,
Көтересің көңіліңді.
Ол күндегі батырлар,
Бәрі жерге көмілді.
Елді, міне, бүлдіріп,
Жайлады жау жеріңді.
Айта бермей өткенді,
Шығарып құмар-шеріңді.
Айтсайшы, Жамбыл, тағы да,
Абақтан енді ұл бар ма,
Құтқаратын еліңді.
Көектен басқа құсың жоқ,
Көкпектен басқа шөбің жоқ.
Қозы жауырын қурай жоқ,
Жігітіңнің күші жоқ.
Көкнәр ішкен кісідей,
Адамыңның түсі жоқ.
Түсі менен есі жоқ.
Етін нанмен көбейткен,
Сөйтіп, к... шөмейткен,
Сиырын айдап, өк-өк, – деп,
Тапқан анам еркек деп,
Қорқып, бұғып қалмаспын.
Егер қырсық шалмаса,
Алдыма жүйрік салмаспын,
Шапқан жерін қиятын,
Күшін қолға жиятын,
Өткір қылыш алмаспын.

Тарлан тартып қалыпсың,
Аузыңнан шалыпсың.
Буыныңды бекітіп,
Аяғыңды дәл басқын.
Құмар болса айтысу,
Жыққананымыз алуға,
Жұртқа олжа салуға,
Бәйгіге тігіп мал-басты.
Айтысам деген ойда жоқ,
Келе-ақ өзің жармастың,
Сендей-сендей көп ақын
Көргенде мені өтінген.
Атысса қолды болмай ма,
Таяқ өтсе етіңнен.
Меркіден бергі туғаның,
Он-он үйің бірігіп,
Әрбір тауға бекінген,
Шегаралас болған соң,
Хан Орманы¹ бас болып,
Қырғыз шапқан шетіңнен.
Өзі жақсы еліңнен,
Сенің тиіп кесірің,
Көштерің басып жыл сайын,
Берекемді кетірген.
Сия салдым сауытқа,
Құмармын жастан сауыққа.
Еліңді қырғыз шапқанын,
Олжаға қырғыз батқанын,
Жылы есімнен шығыпты,
Ит пе, қой ма, тауық па?
Ақыным, Жамбыл, жалықпа,

¹ Орман – XIX ғасырда өмір сүрген қырғыздың шоқ манабы.

Асығып өлең айтам деп,
Бір киеге жолықпа!
Елің кедей болған соң,
Мал таба алмай, қыз сатқан.
Менің жеген балығым
Мұнан жаман болып па?!
Менменсінген сендейді
Біз де ақынбыз іздеген.
Үйінен жылан шыққандай,
Жаз кетсе, қаңғып, күз көрген,
Байлығың сенің қайда бар,
Мал орнына қыз берген?
Бір жарамды жігіті,
Дулатыңның Алпысбай,
Күнде арақ ішкені,
Орыстың үйі түскені,
Зақоскесі қиярдан,
Алдында тақтай үстелі.
Сен Абақтың жүйрігі,
Мен тұлпары Тарақтың,
Жаңылдырма тілімді.
Жаратқан, Тәңірім, күштісің,
Дүниеге жан ғып жараттың.
Алуан-алуан ел етіп,
Жер жүзіне тараттың,
Бәрекелді, Жамбылым,
Өтірікті шындай ғып,
Жалған сөзді дыңдай ғып,
Жұртты аузына қараттың.
Сатып алып кеселді,
Пайдасы қанша арақтың,
Салты осы ма еліңнің?!

Биі, байы, болысың
Босатпас алдын қабақтың¹,
Арақ десе, жымыңдар,
Құлқыны құрып қылмыңдар.
Мейлі, қазақ, орысы.
Ішпесе басы ауырар,
Қалаға жақын қонысы.
Күнде салып салықты,
Зар қақтырып халықты,
Мойнынан түспес борышы.
Жеріңді сатып ұлыққа,
Жесе тоймас, құнықпа,
Тарылған жұрттың өрісі.
Оразалы дегенің
Қарындасын өзі алып,
Есітпеген жол салып,
Бір тентектің кесірі,
Шулады Дулат қозғалып.
Көп ұзартып созбалық.
Бұл да жетер басыңа,
Әділдіктен озбалық.

Жамбыл:

Албырт жиен, Жалайыр,
Елінде бұзық жоқ болса,
Қожақан ішті неге арақ?
Әулие, сопы көп болса,
Көпке тиер кесірің,
Қожа мен молда бек болса,
Дәулетті ата тек болса,
Бойыңда арам кек болса,
Молда емес, ол әзәзіл,

¹ Қабақ – арақ сататын дүкен.

Сүйкімсіз, жұртқа жек болса,
Сол Қожақан болысың
Мекеге барды қажы боп,
Боза, арақ ішкен соң,
Айтады несін қажы деп,
Пара тағы жейді екен,
Ел ішінде қазы боп,
Арамтамақ, ақ білек,
Қол астын жемей, қолдай ма?
Басшы әділ болмаса,
Жұртқа әділдік орнай ма?
Ел қорғайтын ұл туса,
Елді дұшпан торлай ма?
Шаңымды менің шалмайсың,
Ұрсаң да қамшы борбайға!
Қырсық шалса жолыңды,
Ісінді Құдай оңдай ма?!
Төрт түлік мал тұрғанда,
Сойдырып шошқа соғымға,
Шариғат жолы сондай ма?!
Сен білмейсің, мен айтсам,
Қосшыбайдың атасы,
Қайырсыз бай Қалдайың
Тоғайдан торай қоймаған,
Адалдап жиған малдайын.
Ажырата білмеген,
Адал мен харам қандайын.
Шариғаттың жолында,
Арам жемек бар ма екен?
Албырт жиен, Жалайыр,
Еліңнің салты мынадай:
Жасын кәміл толтырып,
Қыз өсірдің бұладай.
Алыстан келген сәудегер,
Бір керегін сатып ап,

Кездемесін сатқан боп.
Қыздарыңмен жатып ап,
Зауқын сафа¹ қылады-ай,
Мақтанарлық жәйің жоқ,
Желпінген көңіл басылып,
Желіккен жүйрік тынады-ай.
Саудегер, молда, зұлымсың,
Халықтың көзін боядың,
Қайыр басқан тұмадай.
О да сенің кесірің,
Кемуге себеп несібең.
Алты ауызды ала боп,
Басыңды төре сұрады-ай,
Мен боламын ханың, – деп,
Хан салығы қалың, – деп,
Хандығым жұртқа мәлім, – деп,
Еліңді қысты, қанады-ай.
Ханнан көріп қанауды,
Ат, айғыр қалмай жараулы,
Күйзеліп жұртың жылады-ай.
Көтердің жұртқа бас қылып,
Қайыры көпке тимеген,
Қаны қара залымды,
Залымдығы мәлім-ді,
Алдына тура бара алмай,
Барып жауап ала алмай,
Айта алмадың зарыңды.
Жылқы, түйе, сиырмен,
Қой, ешкіні сойыс деп,
Тартуға тарттың барыңды,
Тартып алды еріксіз
Жүк артатын нарыңды,
Көз жасына қарамай,
Жылатып, кемпір-шалыңды.

¹ Зауқын сафа – араб сөзі, ойын-сауық мағынасында.

Хан жарлығы солай деп,
Бұқара бізге оңай, – деп,
Жер жақсысын бай алып,
Бай патшаға теңеліп,
Өрісің қатты тарылды.
Ел қорғайтын ерлерің
Алдына барып бас иіп,
Алдиярлап жалынды.
Төрелер келіп, жәй салды
Алтынемел белінен,
Жайлау, қыстау мекен ғып
Күреңбел деген жерінен.
Мал, басыңда ерік жоқ,
Жауға бердің жерінді,
Жүре алмай қорқып шенінен
Жоқтамай намыс, арыңды.
Мықты болсаң, сұраттың
Ханға неге еліңді?!
Қаны қара сұмырай,
Қатты басты белінді.
Үн шықпадың, тұншықтың,
Шығара алмай шерінді.
Ханның сесін қайырып,
Еліңді даудан айырып,
Алмадың қалай кегінді?!
Әулие болса, қайда еді
Ескелді би мен Балпығың?!
Төреге елің сұратып,
Нашарларын жылатып,
Қадірін білмей халқының,
Байтақ жатқан кең елге
Тиді кесір шарпының.
Елеуреп ең ентігіп,
Басылды ма қарқының?!
Ат-тоныңды олжа ғып,

Қайт еліңе, жарқыным.
Жалайырдың ішінде
Сенің бабаң Балғалы,
Балғалының байлығын
Отырсың ба салғалы?
Байлығың сонша көп болса,
Неғып жүрсің бұл жақта
Зекет, құшыр алғалы?
Ант ұрған, – деп айтады
Жалайырды Қарғалы.
Қажылық қалып жайына
Қожамет, Қожақан
Үйінен арақ кетпейді,
Сөзімнің бар ма жалғаны?
Бәрін де айтып берермін,
Тағы да болса қалғаны.
Ауызбірлік қыла ма,
Ашулы болған кектісің,
Байдан кедей бөлініп,
Байға қара көрініп,
Кедей ашу етпесін.
Аузың бармай отыр ма
Айтуға Көлбай, Маманды.
Мырза, Күшік, Жалайыр,
Андаста зұлым Аманды?
Кедейге жаны ашымай,
Жақсылық іздеп басына,
Жоламай пәнде қасына,
Маман берер сазаңды,
Шулатып бала-шағаңды.
Қарсы жауап айтуға
Келтірмеген шамаңды.
Жалақор деп айтамыз
Жұртына бүлік салғанды.
Би мен болыс, бай, манап.

Пристав, князь, чиновник
Шулатты бала-шағанды,
Қай жақсың бар оларға
Қарсы тұрған табанды.
Қариямын, сұраймын,
Сөзіме жауап бер деймін.
Сиқыршы залым, қу молда,
Бұған жауап бермесең,
Қыс к... сен деймін,
Сөз иесі мен деймін.
Ашып қара көзінді,
Жөндеп сөйле сөзінді.
Бола алмайсың сен, сірә,
Меніменен тең деймін.
Сендей-сендей ақынның
Сөзбен жанын емдеймін.
Өлеңмен шын тасысам,
Ағып бір жатқан селдеймін.
Халықтың досы кім десең,
Айтамын мен, білмесең.
Өлгенменен барабар,
Бір басыңды кірлесең,
Көмусіз бір күн қаласың,
Көпшілікті тілдесең,
Көпшілік – дария көл дейтін
Сол дариядан қансам, – деп,
Әркім-ақ аңсап шөлдейтін.
Елді жауға бермейтін,
Шетіне дұшпан келмейтін.
Ерегіскен ерлердің,
Қанша дұшпан жабылса,
Шыбын құрлы көрмейтін.
Бақытын жұрттың өрлетіп,
Мәңгі рухы сөнбейтін.
Есеңгіреп жүрмесең,

Елді неге даттайсың?
Екі жүзді болмасаң,
Байды неге мақтайсың?
Қайыры көпке тимеген,
Әкімдікпен билеген,
Жарлы-жалшыны сүймеген
Ханды неге жақтайсың?
Жегенің көп шашыңнан,
Қылмысың үлкен басыңнан,
Халыққа тиген пайдаң жоқ,
Қайтып тұзын ақтайсың?!
Екі ұртыңды қампитып,
Сөйлейсің сен аптығып.
Елінде ер бар ма? – деп,
Сұрайсың және шаптығып,
Жердің шелін сел жуар,
Елдің кегін ер қуар,
Дауыл тұрса, бұлт қуар,
Жердегі жауды жұрт қуар,
Ерліктің оты лапылдап.
Аспанға шығар күн туар.
Сол майданда жарқылдап,
Қолына алмас қару ап,
Алатаудан ақырған,
Жауын жеңіп жапырған
Қарасайдай ұл туар.

**ЖЫР-
ДАСТАНДАР**



КӨРҰҒЫЛЫ

Домбыраны қолға алып,
Ойланып қатты толғанып,
Тыңдауға халық келгенде,
Көрұғылыны қозғалық.
Сөз шумақтап оралып,
Бір сөзден бір сөз таралып,
Желді күнгі жалындай,
Сөзім бір кетсе қозданып!
Ажалдан қорықпай түйілер,
Аспандап қыран шарласа.
Ақын қорықпай шүйілер,
Тілдің бізін арнаса.
Зымырап жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса,
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса,
Ел елдігі бола ма,
Ерлермен жауға бармаса!
Тұтастығы бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса!
Ағаш қалар қуарып,
Жапырақ, тамыр болмаса!
Теңіздер қалар суалып,
Құятын өзен болмаса!
Өзен де ағар күшейіп,
Бастау – бұлақ қолдаса!
Жамбыл да кетер қалықтап,
Халықтың күші қозғалса.
Болат құнын жоймайды,
Тат басып, сынып тозбаса!
Тот басқаны тозғаны –

Бәйгеде тарлан озбаса!
Кейін тартпас, келген жас,
Жолды ілгері созбаса.
Айғайласа екпіндеп,
Жол бастаған тарланың,
Артта қалды көп күндер,
Игілікке арнадым.
Туғаннан бері аралап,
Талай жерді шарладым.
Кәрілікті сылтау қып,
Жасымадым, қалмадым.
Ел билеген хандардың,
Адамнан шыққан жыртқыштың,
Кездестірдім алуанын.
Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кесе де болмадым!
Сөз шындыққа жеткенше,
Өткір сөзбен торладым,
Өткізбедім шындыққа,
Шариғатын молданың.
Өтірікке сатылып,
Талай көрдім барғанын.
Қорқытып әкім ақырса,
Пара алып, молда шатылса,
Алакөз байлар мал үшін,
Көргенін айтпай жасырса,
Алыпсатар саудагер,
Қулығын алдап асырса,
Дұрыстық қайдан табылар?
Нахақтан барып дараға,
Сорлы кедей асылса.
Жарлығын хан кешу жоқ,
Бас ұрып халық зарласа,
Сөзіңді ешкім сөйлемес,

Тойғанынша алмаса.
Алдау, зорлық, өтірік,
Біреуге біреу нанбаса:
Тамақ үшін сатылған,
Ұлықта ар қалмаса.
Айтқанменен жалынып,
Арызыңды алмаса.
Алатұғын қақынан,
Асырып пара қармаса.
Ауға түскен балықтай,
Шыға алмайсың бұлқынып,
Әділеттік болмаса.
Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт шарласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.
Баланы жақсы өсірмес,
Бұзықтық шырмап торласа.
Қасиет болмас халықта,
Басқарушы қорласа.
Малдай айдап адамды,
Орынсыз күштеп зорласа.
Жау басынар халықты,
Басқарушы оңбаса.
Өркөкірек наданға,
Айтқан ақыл қонбаса.
Надандықтың белгісі –
Бет келгенде берілер.
Қожа болып сыртыңнан,
Орынсыз бөсіп, елірер.
Өзінен өзі мақтанып,
Буға пісіп семірер.
Білгіш, жүйрік өзі боп,
Оңашада көрінер.
Кердең басып аяғын,

Жыртыла жаздап керілер.
Өсек айтар ел кезіп,
Еңбек десе ерінер.
Ойламай орғып сөйлейді,
«Білетін бәрін мен» – дейді.
«Ақылым – арна таусылмас,
Білімім – шалқар көл» – дейді.
«Өзімнен артық адам жоқ,
Аузымнан шықса жөн», – дейді.
Оңбайтұғын өр кеуде,
Дұрыс айтсаң көнбейді.
Мастандырса мақтаумен,
Қас дұшпанын көрмейді.
Ақыл айтқан досына,
«Аулақ» деп қолын сермейді.
Жүрген жерін бүлдіріп,
Халыққа тыныштық бермейді.
Біреу мақтап қайраса,
Орынсыз іске айдаса,
«Жанашырым сен» дейді.
Ұятқа барып ұрынар,
Тұмсығы қанап жығылар,
Ойына да келмейді,
Өткен күнді еске алып,
Өзіне есеп бермейді.
Аңғал сорлы алақтап,
Босқа шауып далақтап,
Жексұрын болып халыққа,
Қанжілік болып терлейді.
Айтып өсек-өтірік,
Қасиетін кетіріп,
Жүргенін өзі көрмейді.
Түсінбей сондай надандар,
Өтті қилы замандар.

Жаны ашитын нашарға,
Туғанша әділ адамдар!
Жетім менен жесірді,
Тонап алып кей зұлым,
Мықтымын деп есірді.
Жері мен малын тартып ап,
Қонысынан көшірді.
Нашардың берген арызы,
Қашан дұрыс шешілді?!
Қырғындатып қиратып,
Тіршілігін өшірді.
Халыққа азап шектірген,
Сол заманның хандары.
Қанішер және зорлықшыл,
Сол хандардың заңдары.
Басына ажал төнгенде,
Азапты қатты көргенде,
Халық сонда аңғарды.

Ханның бірі Бозайхан,
Одан да халық зарлады.
Ешбір ханнан әділдік,
Халыққа үлгі қалмады.
Өз қамы үшін соғысып,
Жердің бетін қандады.
Бұрынғы бір заманда,
Сұлтан өткен Көрұғылы.
Көрден шығып ол бала –
Атанып кетті Көрұлы.
Біраз сөйлеп берейін,
Көрұғылыны халыққа.
Әшкереле, қызыл тіл,
Өткен істі жарыққа.
Ашыла сөйле, көмейім,
Айтар сөзді анықта.

Желіп мен де жөнейін,
Келген кезде шабытқа.
Үстем болсын мерейім,
Он саусағым талықпа.
Қалыспай сөйле домбырам,
Жамбыл сөйлеп кеткенде.
Деп қалмасын кейбіреу,
Кәрілік бұған жеткен бе?
Сыр бере қоймас Жамбыл да,
Жас ортаға жеткенде
Ұзаққа Жамбыл сілтеді.
Өлеңнен алып көкпары
Айт дегенде айтпасам,
Болармын елге өкпелі.
Мені де халық сыйламас,
Ел қадірін көрмесем.
Сараң ақын демей ме,
Сөз қолқасын бермесем.
Еңбегім жанар түбінде,
Ел үшін шаршап терлесем.
Бозайхан атты ер өтті
Құлашын кең сермеген.
Жеңілуді білмеген,
Қан майданда – ұрыста.
Қарсыласып келгенде,
Ешкім де төтеп бермеген.
Өзінен басқа хандарды
Хандық еткен жандарды,
Өмірінде сүймеген.
Жер бетінде халықтың,
Күн астында жарықтың,
«Билесем бәрін мен» деген.
Қан көрмесе жеті күн,
Ел шаппаса екі күн,
Құмартып қанға шөлдеген.

Алтынды алмас белінде,
Әмір етіп еліне,
Даңқын естіп Бозайхан,
Баспаған адам жеріне.
Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан.
Жорыққа шығып әскермен
Күні жоқ ханның жай жатқан.
Найзасы алтын шашақты,
Жорық жасап жан-жақты,
Жауды қырып жайратты,
Малын тонап айдатты,
Қырғын соғыс астында,
Шабынды көріп ел жатты.
Бозайханның жорығын,
Көп еді хандар күндеген.
Бозайхан шықса ақырып,
Әскерін жиса, шақырып,
Жер бетінде бір адам,
Езу тартып күлмеген.
Жорық жасап Бозайхан,
Судай ақты қызыл қан.
Жазықсыз елді қырғындап,
Нахақтан кетті талай жан.
Малын шауып алған соң,
Мекенін елдің өртеді.
Ханнан қорлық ел көрді,
Демесін біреу ертегі.
Міне, осындай әңгіме,
Елестетер ертені.
Хандар билеп қаланы,
Ұшан теңіз даланы.
Хан билеген халықтар,
Қайғылы және азалы.
Айға шапқан арыстан,

Ерегісіп алыстан,
Ашулы және ызалы.
Аш-жалаңаш күйзелген,
Хан аямас қараны.
Ханнан қайғы тартқан ол –
Жүректері жаралы.
Хандар ашу шақырса,
Халықтан өшін алады.
Бұлтқа сілтеп қылышын,
Найзасын көкке тіреген.
Қан төгуге құмартып,
Күнде соғыс тілеген.
Үстемдік етіп Бозайхан,
Асқақтап шалқып тасады.
Бозайханның дабылын,
Естіген ел қашады.
Жауатын күндей тұлданып,
Қаны қашып сұрланып,
Қия шауып, құзды алып,
Оя шауып, мұзды алып,
Басқа жан тірлік етпеске,
Жер бетінде қызғанып.
Қылыштың қаны кеппеген,
Адамның күші жетпеген,
Жер қалмады маңайда,
Бозайхан зорлық етпеген.
Ұрған доптай домалап,
Соғысқан жерде бас қалды.
Шабуылда – жеңгенді,
Найзаға шаншып қайтады.
Өздері кескен бастарды,
Қызық көрмей өмірден,
Құтыла алмай өлімнен,
Құмырсқаға жем болып,
Өлексемен тең болып,

Талай қыршын жас қалды.
Тасқын өзен-суларға,
Адамнан көпір салыпты.
Дария мұқит-теңізден,
Жауына өтіп барыпты.
Қойдай қырып жауларын,
Байлығын тартып алыпты.
Осылай өсіп көңілі,
Байлығы, жері кеңді.
«Хан бар ма?» деп сұрады,
Мендей боп өткен өмірі?
Көп ішінен бір кемпір,
Түрегелді орнынан,
Таяғына сүйеніп.
Күрсінді қатты үш рет,
Қайғыланды күйініп.
Түрегелген кемпірге,
Халық түгел қарады.
Кемпір нұсқап көрсетті,
Кісі асатын дараны.
– Хан мен дардан шошынып,
Жүрегіміз жаралы.
Он жеті ұлым бар еді,
Екеуін ана дара алды.
Жалғыз кемпір мен емес,
Рахымды хан сен емес.
Сексен беске мен келдім,
Жетпіс үшке сен келдің.
Хан болғаннан бері қарай,
Бес жүз жорық жасадың,
Кемпір, шалды зарлатып,
Жердің бетін қандатып,
Түгел маған теңгердің.
Біраз тыныштық алатын,
Арқамыз кеңіп қалатын,

Өлім келіп өлмедің.
Өзің қу бас, балаң жоқ,
Артыңда сенің қалатын.
Сені жоқтар адам жоқ,
Сөйлеуге де шамаң жоқ.
Антым бар менің халыққа,
Бүгін сөйлеп қалатын,
Жауға айдап құрыттың,
Халықтың туған баласын.
Кесе алмассың тілімді,
«Бас кесер хан – Бозайхан»,
Деген атақ халыққа,
Түгел тарап білінді.
Жер бетінде тіршілік,
Сен өлген күні қуанар
Мен секілді сорлылар
Жылаудан сол күн уанар!
Баласын елдің құрытып,
Тұрсың бүгін шаттанып.
Сенен жыртқыш аң артық,
Неменеге мақталық?
Өмірі қанға тоймадың,
Әдетіңді қоймадың.
Осыны айтып мен бүгін,
Өлейін деп ойладым.
«Басымды кес» деп алдына,
Кемпір басын ұсынды.
Өмірінде Бозайхан,
Сол кемпірден қысылды.
Бірақ басын алмады,
Бетінде қан қалмады.
«Жақсы деді мұнан да,
Ажалдың тура алғаны».
Қайтты үйіне қайғырып,
Шаттықтан патша айрылып.

Он екі әйел біреуі,
Сөйлесуге батпады,
Хан көңілін жай қылып.
Байлығы көп, елі көп,
Басып алған жері көп,
Алып жатқан жер бетін,
Айтушы еді халықтар;
«Бозайханның малы» деп.
Алтын – қазына сарайда,
Есебі жоқ, саны жоқ.

Хандығы кімге қалады,
Өргеніп іші жанады.
Есебі жоқ байлықты,
Кімдер жиып алады?
Көп алдында тілдеген,
Хан қадірін білмеген,
Сол бір мыстан кемпірдің,
Сөзі өтіп барады!
Отырды хан қайғырып,
Шаттығынан айрылып.
Алтын қазына сарайда,
Өлі бұйым тағы көп.
Асыл сауыт үстінде,
Гауһар-інжу жағалы,
Қара көк тұлпар астында,
Алтын күміс тағалы.
«Өліп қалсам бір күні,
Тұяқсыз кетті деген соң,
Дұшпандар қылар табаны».
Мирасқорым жоқ болса,
Сарайымды шабады.
Хан тағынан құлады,
Әйелдері жиналып,

Хал-жағдайын сұрады.
Өкпесі бар адамдай,
Өкіріп жатыр қабандай,
Дөңбекшіді тұрмады:
– Жасы биыл он бесте,
Кіші уәзір қызы бар.
Болғандай маған сұлу жар,
Сол көңіліме ұнады.
Он екі бедеу, аулақ кет,
Сендерден бала тумалы.
Гүлжазира – балғын жас,
Қыр мұрынды, қиғаш қас,
Күміс кірпік, алтын шаш,
Қараңғыны жарық қылған,
Үлбіреген уыз жас!
Балқып, еріп кеткендей,
Сәулесі түссе қара тас!
Жазираның нұрына,
Талай адам болған мас.
Ел көзіне түспейтін,
Бет пердесіз, жалаңбас.
Көрмей ғашық болып хан,
Шыққалы жатыр шыбын жан,
Жазираны көрмесе,
Сұлу құшып сүймесе,
Тірлігінен кетті сән.
Уәзірінің біреуін,
Хан асығыс шақырды.
Жазира үшін қайғырып,
Қанды жас көзден атылды.
Ханнан жауап алуға,
Қасына жақын баруға,
Он екі бірдей әйелдің,
Жетпеді, қорқып, батылы.
Сол кезде кеткен жорыққа,

Қырық кісілік күші бар,
Құлақасқа батыры.
Қандай ашу қысса да,
Соған жауап беретін.
Теңемейтін адамды,
Өте жақсы көретін.
Құлақасқа келгенде,
Қанша шаршап жатса да,
Орнынан хан тұратын.
Басқа жанды қоя сап,
Соған көңіл бұратын.
Аяғын құшып Бозайхан,
Уәзір жатыр жалынып.
Қала ма деп шыбын жан,
Әлде өлер, басы алынып.
Хан қасында көп адам,
Бастары қалған шабылып.
Долы ашудың үстінде,
Бозайхан жатыр шабынып,
Біраз мезгіл сазарып,
Уәзірге жауап қатпады.
Үш күн болды төсектен,
Бас көтермей жатқалы.
Ханға келіп бас ұрып,
Бас уәзірдің жатқаны.
Етті оған хан жарлық:
– Гүлжазира келсін деп,
Кіші уәзір кешікпей,
Қызын маған берсін деп,
Әйелдікке аламын,
Осы сөзге сенсін деп.
Орындауға жарлықты,
Кетті уәзір жүгіріп,
Үсті, басы шаң болды,
Аузы, мұрны қан болды,

Жолда талай сүрініп,
Кіші уәзірден, сол Барқат,
Келе сүйінші сұрады,
Осынша халық ішінен,
Сенің қызың, Жазира,
Хан тақсырға ұнады.
Өз күйеуің хан болып,
Қолыңның осы жеткені.
Хан алдына жылдам бар,
Айнып қалса хан тақсыр,
Боларсың маған өкпелі.
Естігенде Жазира,
Қалтырап шошып зарлады,
Қанды жас көзден парлады.
Жетпістегі шалға барғанша,
Күнімді соған салғанша,
Ажал неге алмады?!
Зарлағанмен Жазира,
Зарын тыңдар адам жоқ.
Өлмей тірі құтылмас,
Көнбесіне амал жоқ.
Әкесі айтты: – қарағым,
Ханға қарсы тұрарлық,
Оған төтеп боларлық,
Ерлігім жоқ, шамам жоқ.

Гүлжазира сұлуды
Хан алды он бес жасында.
Жазықсыз жас балдырған,
Ноқта түсті басына.
Гүлжазира құса боп,
Көзіне жас толады.
Денесі жастың түршігіп,
Құсалы, дертті болады.
Патша келсе қасына,

Қайғы түсіп басына,
Ес-ақылдан танады.
Айтар сөзден жаңылып,
Ессіз болып қалады.
Қанды жас көзден сорғалап,
Тасыған селдей ағады.
Көзінен аққан ыстық жас,
Қара тасты еріткен.
Жазираны кім екен,
Патшадан аулақ жеріткен?
Көрген жерден түршікті,
Жазираның денесі.
Он бестегі Жазира,
Қайғыдан болды өлесі.
Жақын келсе Бозайхан,
Үрейленіп болды өлмеші.
Жетпістен жасы асқанда,
Жас қыз алып желікті.
Елден астым десе де,
Гүлжазира кемітті.
Қураған шеңгел астында,
Өсе алмай гүл солыпты.
Гүлжазира зарықты,
Өз теңін ойлап тарықты,
Көзінің жасын сарықты,
Жүрген жас қыз – шарқ ұрып,
Торға түскен сұңқардай,
Қайғы-мұңға молықты.
Қуанышты хан отыр,
Ақ сұңқар түсіп торына.
Таққа отырды құлшынып,
Әлде кімнің сорына.

Бір бай келді жетелеп
Жетім тазша баланы.

Парша-парша киімі,
Денесі ауыр жаралы.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Киімсіз тыр жалаңаш.
Неше күн тамақ ішпеген,
Дірдек қаққан сорлы жас.
Ашулы бай сөйлейді:
– Арызым бар, хан тақсыр,
Мал керек болса, мойныма,
Керегінше сал, тақсыр.
Осы бір тазша баланың,
Қорлығы маған өтіп тұр.
Он бес ділдә мойнында,
Бекер босқа кетіп тұр.
Арызым сізге сол, тақсыр,
Бұл шәһәрде, ей, патшам,
Тілі ащы бұл тазшаның.
Көрдіңіз бе, мінеки,
Тазшалардың, асқаны?
Өткен жылы бір тазша,
Болды менің қолымда.
Осындай тілі қайнатты
Ол тазшаның сорын да.
Бір тазшаның жүз қырсық,
Жүреді екен соңында.
Биылғы жылы бір тазша,
Кез болды тағы сорыма.
Тазша біткен босқа жүр,
Шәһәрдың былғап көшесін.
Өзімен бірге қырсаңыз,
Тазшаларды өсірген
Әкесі менен шешесін.
Елді бұзып барады,
Елге бүлік салады,

Бұлардың басын кеспесең,
Кімнің басын кесесің?
Таңдап алған шәһәрден,
Гүлжазира жарыңыз,
Тазшаға біздің үйдегі,
Ғашық екен, наныңыз.
Өтірік болса бұл сөзім,
Басымды, тақсыр, алыңыз!
Сізден артық көріпті,
Гүлжазира тазшаны.
«Менсінбеймін» дейді екен,
Жетпістегі кәрі патшаны.
Ақылың кәміл, ханзада,
Күнаһар болып, қарашы,
Сізді құлға сатқаны.
Өмір етіп Бозайхан,
Тазшаларды жидырды.
Өмірімен шәһәрді,
Уысына сыйдырды.
Тазшаның тілі тигендер,
Бірге келсін тазшамен,
Кімді тілдеп күйдірді?
Бір байбатша болмады,
Тазшаларды мақтаған.
Күнәсі жоқ болса да,
Кедей – сорлы тазшаны,
Байбатша қашан жақтаған.
Тазшаларды дарға асты,
Болмады ешкім ақтаған.
Тазшаларды құлдыққа,
Әр шәһәрден келгендер,
Сұраса да сатпаған.
Шағушының тілімен,
Тазшаға патша өшікті.
Тазшалар жүгін арқалап,

Бой жасырып қалқалап,
Патшадан қашып көшіпті.
Қашып жүрген таз болса,
Кез келген жерде шабарман,
Олардың басын кесіпті.
Басында қылтан шашы жоқ,
Ішуіне асы жоқ,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Енеден туа жалаңаш,
Бір тазшаны жетектеп,
Әжелді дардың қасына.
Жаны ашып, аяп халық тұр,
Қарап үсті-басына.
Тазша сонда сөйледі:
– Өлетін жанда үш тілек,
Тілегімді бер деді.
Хан айтты: «қабыл тілегің,
Тазшаға сөз беремін.
Қояр екен не тілек,
Тыңдап сөзін көрейін».
– Бірінші менің тілегім:
Жалынғанмен жан қалмас,
Оны жақсы білемін.
Зияным жоқ адамға,
Күнімді көріп жүр едім.
Тұрмын дардың қасында,
Дар тұзағы мойнымда,
Жастан көрген азабым,
Шаш шықпады басыма.
Қарата айтамын халыққа,
Бұдан кейін тіріліп,
Келмеспін қайтып жарыққа.
Жеңдеттерің жан алғыш,
Сөзіме тию салмасын.
Тілім тисе біреуге,

Басымды кесіп алмасын.
Бітіргенше сөзімді,
Мойныма тұзақ салмасын.
Осы сізден тілегім,
Бердім десең, хан тақсыр,
Сөзімді мен бастайын,
Арызымды айтып болғанша,
Қорқып және саспайын.
Екі айта алмай Бозайхан,
Тазшаға ерік береді.
– Әмірің жүріп, Бозайхан,
Жорық жасап дүниені,
Қара тұман шаң қылдың.
Адамға жаның ашымай,
Қырғындатып халықты,
Жердің бетін қан қылдың.
Рақымсыз, Бозайхан,
Тазшаларда жазық жоқ,
Жазық сенің өзіңде!
Халыққа тиген зәбірің,
Көрінбейді көзіңе.
Құлағың сал, халайық,
Тазшаның зарлы сөзіне!
Ел шауып, ішкен қанына,
Бұл, хан тақсыр, тоймады,
Сорлы тазша қандарын
Қоса ішуге ойлады.
Ұқсамайды адамға
Рақымсыздық мінезің.
Айдатып мені алдырдың,
Дар тұзағын салдырдың,
Тазшаның ішіп қандарын,
Сусыныңды қандырдың.
Дүниенің жүзін шаң қылдың,
Жердің бетін қан қылдың,

Түгел билеп құрғақты,
«Әмірім тұт» деп жар қылдың.
Он екі әйел үстіне,
Жазираны жар қылдың.
Гүлжазира сондықтан,
Хан болсаң да сүймейді.
Жыртқыш деп сенен шошынып,
Адам деп сені білмейді.
Қайғы тартып қасіретпен,
Езу тартып күлмейді.
Бір залымның сөзі үшін,
Жетім-жесір тазшаны,
Қыруың, сірә, жөн бе еді?!
Артыңда қалар балаң жоқ,
Бізден де қу тақырсың.
Өз мініңді көрмейтін,
Хан болсаң да соқырсың!
Ашуланып Бозайхан,
«Сөйлетпеші тазшаны,
Дарға жылдам тарт» деді.
Жазираны келтір деп,
Бір жендетін жіберді.
Ханнан бұйрық алған соң,
Тоқтамай жендет жөнелді.
Басын жуып Жазира,
Отыр еді таранып.
Кіріп келді бір жендет,
Жарыла жаздап алқынып.
Жылдам келсін деп Жазира,
Хан жарлық етті шақырып.
Хан ашулы, Жазира –
Бүгін тірі қалмайды,
Сайрап тұрған бір тазша,
Қайтсе де сені жалмайды.
Жазықсыз болса тазшаның

Басын, сірә, алмайды.
Бозайхандай сұлтанды,
Гүлжазира, сүймедің.
Бір тазшаның тіліне,
Енді, міне, күйгенің
Қателесіп, Жазира-ау,
Хан ашуын тербеттің.
Өз теңің емес, қор болып,
Тазшалармен бір кеттің.
Жазира тұрып жендетке:
– Келдің бе деді хабардар,
Ханның еті етіме,
Тікенектей қадалар.
Байым деп қайтып жүремін,
Алдамшыны жан алар?
Келгелі зарлап жылаумен,
Тартылды кеуіп тандырым.
Өлмеген соң шыдаумен,
Жылап мауқым қандырдым.
Мен бір өскен балбырап,
Бақшалы ағаш жемісі.
Басында тұрсам салбырап,
Жемек болған әр кісі.
Аласа жерде мен тұрсам,
Кімнің келмес жегісі.
Хан емес, ол – қара тас,
Сонымен бірге жатқанша,
Етіме сірі батқанша,
Жазираның әр қашан,
Сол үшін келер өлгісі.
Үлбіреген жібекті,
Еріксіз көнге жапсырса,
Көріне ме жарасып?
Көнге қалай жабысқан,
Демес пе еді адасып!

Өлімді артық көремін,
Соныменен санасып,
Өксуменен өткенше.
Шыбын жанды қинамай,
Құтылайын дарға асып,
Шал дертіне күйгенше.
Қорлықпенен бүйтіп жүргенше,
Қаным барып қосылсын,
Тазшалардың қанына!
Тазша да болса өз теңім,
Жатсам, сірә, арман жоқ,
Солардың барып жанына.
Жазира келді қуанып,
Құрған дардың қасына.
Алды-артына қарамай,
Тұзақты салды басына.
Тазшамен бірге өлуге,
Тұрғандай-ақ асыға.
Күлбеттеніп Бозайхан,
Қырындап теріс қарады.
Гүлжазира өлімді
Өзі сүйіп қалады.
Бұйрығын күтіп Бозайдың,
Жендеттері дайын тұр.
Тартпақ үшін дараны,
Жазираны қия алмай,
Хан тоқталды шамалы.
Жазираның үлбіреп,
Бетінен нұры тамады.
Сонда тұрды Жазира:
– Хан, екі айтсаң қарасың,
Жендеттерің жан алғыш,
Тартпайды неге дарасын?!
Сарайынан Бозайхан,
Жаксы көріп мен тұрмын,

Тазшалардың моласын.
Дегенде хан «тарт» деді,
Бармағын өзі шайнады.
Қапаланып қан құсып,
Бұл қалай, деп ойлады.
Сымға тартқан күмістей,
Сұлудың аппақ білегі.
Баяулап барып тоқталды
Жазираның жүрегі,
Тұрса да дарда көз тартты,
Сүмбідей тұзу сүйегі.
Жазираны көрген жан
Жаны ашыды, қайысты.
Талшыбықтай бұралып,
Он саусағы майысты.
Таңдап алған Жазира,
Асылып кетті дараға.
Жете алмады Бозайхан,
Бір шыр еткен балаға.
Сүйіп алған Жазира,
Кездесті мұндай жалаға.
Жақсы көрді Жазира,
Ханнан құлдың өлігін.
Өлерінде өтінді,
Құлмен бірге көмуін.
Жас құлдарды қалады,
Жазираның жүрегі.
Араласып бір кетті,
Өңкей жастың сүйегі.
Бозайхан күшті болса да,
Бола алмады жас жанның,
Қоспастай мәңгі тірегі.
Дем алып, бірге таздармен,
Орындалды осылай
Жазираның тілегі.

Сонымен екі жыл өтті,
Жазира жатқан қабырға,
Ағаш шығып жемісті,
Мәуесі өсіп ер жетті.
Жемісті көркем ағаштар,
Құлдардың өніп басына.
Кете алмайды барған жан,
Тамашалап қасына.
Ерекше шыққан екі ағаш,
Еңкейіп келіп қабысқан,
Біріне бірі асыла.
Көрген адам таңырқап,
Кереметін таниды.
Бозайхан бұған тарылып,
Өзінен өзі налиды.
– Гүлжазира сұлуды,
Тақылдақ тазша құшты ма,
Бір перзент үшін тілегім,
Әлде желге ұшты ма?
Бәрінен де осының,
Тағдыры, шіркін, күшті ме?
Күндіз-түні ұйықтамай,
Бозайхан сүйтіп зарлайды.
Сүйегіне таңба боп,
Баласыздық қалмайды.
Қызығына дүниенің,
Аударып көңіл салмайды.
Өзіне-өзі өкініп,
Көзінің жасы төгілді.
Баласыз өттім қу бас боп,
Қайтем деп тірлік өмірді.
Ойлады өксіп егіліп,
Арманда болып барады,
Бір зұлымның тілімен,

Жазықсыз қан төгіліп,
Күндер өтті, түн өтті,
Зарлаумен талай жыл өтті.
Бозайханды жүдетті
Бір перзенттің қайғысы.

* * *

Қойшысы ханның Қаракөз,
Ұзақта қойын жаятын.
Шалқар түстің шағында,
Айдап барып салатын.
Құл моланың бағына
Бір ұйықтап демін алатын.
Күн түс болса Қаракөз,
Моланы келіп табады.
Есіне түсіп жылайды,
Тазша-құлдар баяғы.
Өңкей қыршын жастарды,
Қаракөз қатты аяды.
Соларды ойлап тұрғанда,
Етпеттей барып жығылды,
Ортасынан үзілді,
Таянып тұрған таяғы.
Таяғы сынды Қаракөз,
Ауыр қайғы зілінен.
Жай ғана емес – осы сөз,
Жылайтын ол шынымен,
Арманда кеткен қыршын жас,
Зұлым хандар қанға мас.
Қарсылық етіп патшаның,
Бетіне ешкім қарамас.
«Құрай-құрай, көк серке,
Қой ішінде сен ерке,
Иен жерде мен ерке.
Жақындасаң молаға,
Басасың асыға сен неге?

Ағаш өнген мәуелі,
Құлдардың көз жасына.
Тоқал ешкі маңырап,
Еріп жүр сенің қасыңа.
Маңыраған дауысы,
Бұл молаға келгенде,
Қалушы еді басыла.
Аруақпен әлде бұл
Емес пе екен ашына?!»
Сол бір жерге келгенде,
Қойлар жусап қалады.
Көлеңкеде ұйықтап,
Қаракөз демін алады.
Өрістетіп шәһәрға,
Қойын алып барады.
Сол қалада тұратын,
Қара тоқал ешкінің,
Кемпір екен иесі.
Қырық ұлы бар кемпірдің,
Қырық ұлына қырық қасық,
Еншіге сүт тиесі.
Сауса сүт жоқ ешкіден,
Қаракөзді қарғаумен,
Кемпірдің қатты сілесі.
Қырық баласы шулады,
Қолына тимей үлесі.
Ешкімді сауып ішіп жүр,
Деп ойлайды сол кемпір,
Қаракөздің кінәсі.
Мұндай ұры қойшыны
Ханға арыз етейін.
Ызасы өтті ұрының,
Түбіне сөйтіп жетейін.
Хан сөзімді алмаса,
Құлдың сөзін қолдаса,

Бұл шәһәрден қаңғырып,
Қырық ұлымды алып кетейін.
Ашу қысқан сол кемпір,
Ханға арыз етеді.
Өзінен бұрын осы сөз,
Ханға келіп жетеді.
«Сөзімді тыңда, хан тақсыр,
Қолымда қырық ұлым бар.
Сол ұлдарды сақтауға
Менің қанша пұлым бар?
Қорек еткен ешкімді,
Сауып ішіп қоятын,
Қаракөз атты құлың бар».
Кемпір сөйтіп зарлады,
Қанды жас көзден парлады.
«Қырық ұлым бар, малым жоқ,
Басқа азық дәнім жоқ,
Аш-жалаңаш мен сорлың,
Сөйлеуге шама, әлім жоқ,
«Әділетті Бозайхан»,
Сенен асқан хан бар ма?
Шаһарыңды таныттың,
Талай асқан хандарға.
Қарамасаң қарама,
Мендей кемпір, шалдарға.
Тірі болса қырық балам,
Сенің құлың емес пе?
Бозайханның ләшкері,
Есепсіз көп демес пе?!
Ерегісіп соғыссаң,
Жауды қолмен жеңесің.
Қол көмегің жоқ болса,
Жаудан қорлық көресің.
Қырық құл көп пе, бір көп пе,
Осыған тақсыр не дейсің?

Ашулансаң Бозайхан,
Дүниені бөгейсің.
Сүтін ішіп ешкімнің,
Қаракөз құл семірді.
Кеселінен сол құлдың,
Қысқартты қырық өмірді.
Ұрлықты, тақсыр, баспасаң,
Бұзылады халқыңыз.
«Болыспайтын бұзыққа,
Бар еді ғой салтыңыз»,
Қаракөзді дараға,
Өлтіріңіз – тартыңыз!»
Бозайхан сенді кемпірдің,
Жылап айтқан сөзіне.
Жендеттерін жіберді,
Қаракөз құлды тоқтаусыз,
Алып кел деп өзіме.
Жендеттер құлды әкелді,
Бұйрық алып ханынан:
– Шыныңды айт, – деп қинады,
Бұрау салып санынан.
Кемпірдің тоқал ешкісін,
Сен, Қаракөз, сауыпсың.
Босқа жүрмей, Қаракөз,
Сөйтіп олжа тауыпсың.
Түзу жолдан бұрылып,
Арамдыққа ауыпсың.
Шыныңды қазір айтпасаң,
Асыласың дараға.
Тамақ таппай кемпір жүр,
Үйінде қырық балаға.
Қол-аяғы байлауда,
Қаракөз жатыр зарланып;
– Дүниеге қызығып,
Көрмедім, тақсыр, алданып.

Он сегіз жаста баламын,
Бір кемпірдің тілімен,
Нахақтан күйіп барамын.
Осыдан мені босатсаң,
Ешкіні сауған пендені,
Қайтсем-дағы табамын.
Бұйрық қылсаң, тақсыр-ау,
Күнәсіз өліп қаламын.
Құлақ салмай сөзіне,
Шырқыратты баланы.
Шырылдаған дауысы,
Аспанды жарып барады.
Құлақ салды жетімге,
Даланың тағы аңдары,
Жаңғырығып теңселді,
Жер мен көктің заңғары.
Қалдыр деп тірі зарлаған,
Даусын естіп баланың,
Қайғырды, өте қамықты
Аң, құстары даланың.
Жетімге сонша жаны ашып,
Жетім киік жылады.
Қара тасты жібітті,
Көз жасының бұлағы.
Жетім қалған анадан,
Киіктің ол лағы.
Қаракөздің тірлігін,
Жетімдер түгел сұрады.
Орман, тоғай аспанда,
Жетім құстар шулады.
Хан жарлығын қайырып,
Қайыспады, алмады.
Мейірі түсіп аналық,
Сонда кемпір толғады:
– Қаһар етпе, хан тақсыр,

Мен де бағып отырмын,
Қырық – әкесіз жетімді,
Отын алдым тоғайдан
Тоңбасын деп соларды.
Боршаладым етімді,
Жоқшылықтың зарынан,
Тоздырдым сұрап бетімді.
Зарын тартқан өмірдің,
Жетім сөзі – өтімді.
Қинау көріп сорлының,
Көзінен ақты қанды жас.
Болса өзімдей бұл сорлы,
Боршаланған жалаңаш.
Сауған шығар ешкімді,
Болғаннан соң қарны аш.
Бір ешкіге қараған,
Бір үйде біз қырық бір бас.
Азаптама баланы,
Етіне салып жараны.
Қайтты десең сөзінен,
Алсаңыз тақсыр, міне бас,
– Қаракөз-ау, Қаракөз,
Мен де сенің шешейің.
Жетімдік сенің хақыңа,
Болса да күнәң кешейін.
Зарлатпа, ханым, жетімді,
Қайғы бір тескен көкейін.
Сұрамайын сүтімді,
Бүйтіп қинау салғанша,
Қаңғырып аштан өтейін.
Тілегімді бермесең,
Көз жасымды көрмесең,
Бозайхан, саған не дейін.
«Қабыл болсын, кемпір-ау,
Тағы да сенің тілегің.

«Қаракөзді қина» деп,
Өзің келіп тіледің.
Жетімді жетім қимайды,
Оны да мен білемін.
Бұдан былай сен, кемпір,
Арыз айтып келмейсің.
Кімнен қорлық көрсең де,
Алдымды менің көрмейсің»,
Қаракөзді сол кемпір,
Құтқарды қайта өлімнен:
– Ешкімнің сүтін ішетін,
Кім болса да, тауып бер, –
Сұраймын сенің өзіңнен.
Кәрі жаным түршікті,
Қарағым, айтқан сөзіңнен.
Өксіп-өксіп жылады,
Шешеге келіп Қаракөз:
– Сүйегімді сындырды,
Ұры деген сол бір сөз.
Он сегіз жаста осындай,
Бір жалаға болдым кез.
Сенсеңіз маған, шеше-еке,
Жастан бейнет көргенім.
Әркімдерге жалданып,
Жасымнан бақыт көрмедім.
Бұдан былай ешкіңді,
Көзімдей көріп бағайын.
Сауған адам бар болса,
Қайтсем-дағы табайын.
Қолыма түссе ұрыңды,
Алдыңа, шеше, салайын.
Ханнан шеккен ызаны
Сол ұрыдан алайын.
– Ешкімді болсаң саумаған

Ұрыны тап, жан балам.
Тоқал ешкі болмаса,
Тегене сүтке толмаса,
Ашығамын, сандалам.
Таңдайына ақ тимей,
Шулап отыр бар балам.
Өңкей жетім жылаулы,
Бір қасық сүтке зар, балам.
Ұрыны тапсаң сүйінші,
Өзімнен келіп ал, балам.
Әкетті қойын Қаракөз
Ақсаңдай басып аяғын.
Әзер қойға ереді,
Ашынып зарлай береді
Демеу қылып таяғын.
Көз айырмай Қаракөз,
Қара ешкіні бағады.
Сол қара ешкі маңырап,
Шөптің басын шалады.
Молаға қашан жеткенше,
Қойдың шығып алдына,
Асыға басып барады.
Қой молаға жеткенде,
Қара ешкі қашты жүгіріп.
Қуалады Қаракөз,
Ақсаңдай басып сүрініп.
Екі қайың айқасқан,
Барады жақын молаға.
Қарап тұр, бір жартастан,
Көрден шыққан балаға.
Табақтай болып көрінді,
Екі көздің шарасы.
Түп күйесі қазанның,
Денесінің қарасы.
Екі қарыс көрінді,

Қас пен көздің арасы.
Деп ойлауға болмайды
Адамзаттың баласы.
Киімі жоқ жалаңаш,
Ешкіге келіп жабысты.
Осындай бір керемет,
Қара ешкімен табысты.
Ешкіні еміп қақтады,
Жөн сұрауға Қаракөз,
Зәресі ұшты батпады.
Қашпақшы болды қойды айдап,
Күндегідей дем алып,
Қаракөз құл жатпады.
Айдап келді асығып,
Қойды ерте қораға.
– Белес белден асырып,
Бардым деді молаға.
Көрден шықты бір адам,
Көргенді айтпай бола ма?
Алғашында байқамай,
Қарадым жай жүзіне.
Танып қалдым есімнен,
Көзім түсіп көзіне,
Мың адам болса пар келмес,
Сол баланың өзіне.
Аман қалмас еш адам,
Келсе егер кезіне.
Кемпірдің тоқал ешкісі,
Молаға барды маңырап.
Дыбыс беріп басына,
Болса керек тегінде
Сол баламен ашына.
Ұстамақ түгіл ұрының,
Бармадым жақын қасына.
Көрден шықты сол бала,

Маңыраған ешкінің
Даусы қалды басыла.
Қойыңды, хан, бақпаймын,
Енді саған қой бағып,
Сірә де, олжа таппаймын.
Бір байға барып жалданып,
Жанымды ептеп сақтаймын.
Дірілдеді шошынып,
Қаракөз құл жылады:
– Қой бағудан босат деп,
Ханнан қатты сұрады.
Хан да қатты ойлады,
Қаракөзге сенбеді.
Қой жаюға Қаракөз,
Не берсе де көнбеді.
Жаймағаным қой болсын.
Деп боздады, еңіреді.
Қаракөзді басында,
Шығарды деп ойынан,
Босатқысы келмеді.
Болмаған соң зарланып,
Тілегін патша береді.
Сол баланы көрсем деп,
Қаракөзден тіледі:
– Мен бармаймын, хан тақсыр,
Ол моланың жанына.
Барсаң, тақсыр, көресің,
Құл моланың бағына.
Оған егер болмаса,
Қойшың қойды апарсын.
Өзі-ақ барар маңырап,
Қара ешкіні болжасын.
Бала шығар қабірден,
Ешкі барса маңырап.
Батыр болсаң барарсың,

Сонда, ханым, әрірек.
Білуімше ол мола
Жазираның моласы.
Дәу де болса ішінде,
Кету керек баласы.
Бірақ оны ұстауға,
Ішкімнің келмес шамасы.
Естігенде Бозайхан,
Білмеді жылап, күлерін.
Күрсінді, қатты өкінді,
Қайғы басып жүрегін:
«Артымда қалса бір бала,
Деп ойлаушы ем тілегім.
Молаға батып бара алмай,
Ұстауға айла таба алмай,
Батырларды шақырды,
Дұрыс ақыл бере алмай.
Уәзірлері шатылды,
Шапқыншымен алдырды,
Құлақасқа батырды.
Қырық кісінің күші бар,
Қысылған кезде әр қашан,
Сол табатын ақылды:
– Құлақасқа, батыр-ау,
Қырық батырыңды жинашы.
Бір хабар естіп отырмын,
Ойға салып сынашы.
Көзімен көрген Қаракөз,
Өзің барып сұрашы!
Жайын айтты Қаракөз,
Айтатыны сол бір сөз:
– Өлтіреді дейді ол,
Қандай батыр болса кез.
Күшке бала ұстатпас,
Айласын тауып алмаса.

Кім табар айла осыған,
Хан да соны ойласа!
Хан өзі асып өлтірген,
Құлдардың сол моласы.
Кек алуға жаралған,
Болмасын құлдың баласы?
Ол құл өсіп, ержетсе,
Ханды келіп тебіrentсе,
Баруға болмас панасы.
– Не сөйлейді, мына құл,
Хан перзенті емес пе?
Жазира болса анасы,
Іште кетсе сол күнде,
Кімнің бар оған таласы?
Бұл сөзді хан естісе,
Ажалдан бұрын өлесің,
Адам болса ханзада,
Оны ешкім құл демесін!
Басың олжа өзіңе,
Ойламай айтқан сөзіңе.
Хан естісе бұл сөзді
Көрінер жаның көзіңе.
Есіңде бар ма, Қаракөз,
Бір өлімнен қалғаның?
Жетім деп аяп, жаны ашып,
Кемпірдің сұрап алғанын.
Құлақасқа батырың
Қаракөзге қадалып,
Осылайша ақырды.
Хан сөзіне қараған,
Бас пайдасын санаған,
Шығарсам деп атымды.
Ақылшысын шақырып,
Толтырды хан сарайын.
Ақсақалды, қарттарды,

Қалдырмай көрші маңайын.
Хан шашады жарлықты,
«Түгел кел» – деп ағайын.
Ат жетер жерден алдырып,
Жарақтарын сайлады,
Қылышты белге байлады.
Өз көзімен керуге,
Сол моланың басына,
Қоймен барып келуге,
Хан бір ақыл ойлады.
Басқа адамдар бұл іске,
Ақыл айта қоймады.
Моласына құлдардың,
Қаптатып қойды айдады.
Қара ешкіні бақылап,
Келе жатқан алдағы.
Қой да жетті молаға,
Қара ешкі жүр маңырап,
Тыным таппай жаңағы.
Бір мезгілде қабірден,
Бір үлкен бас көрінді.
Ханда зәре қалмады,
Таса жерге шегінді.
Ақырын байқап қараса,
Жазираның қабыры.
Бозайханның бойында,
Қалмады ешбір сабыры.
Еміп жатыр ешкіні,
Алды-артына қарамай,
Алыстан болжап хан тұрды,
Келуге жақын жарамай.
Талай ой келді басына,
Бара алмады қасына.
Мұндай сұмдық көрген жоқ,
Жетпіске келген жасында.

Қайтуға хан асықты,
Ішін қайғы ашытты.
Жазираның қайғысы
Ханды сонда жасытты:
– Асыл туған, Жазира-ай,
Мұндайыңды білмедім,
Мұндайыңды білгенде,
Құрбан болып жолыңа,
Өзім неге өлмедім?!
Сапар шектің оқыстан,
Қайғыңнан мен де күлмедім.
Үш-төрт жылдан бері қарай,
Осындай бір перзентті
Маған сақтап жүр ме едің?
Күңіреніп хан отыр,
Жалғыз өзі далада.
Неше жылдай зар тартқан,
Құмар еді балаға.
Неше жылдай зарланып,
Баласыз өтті өмірі.
Ұл ма, қыз ба сол перзент
Анықтап соны білмекке,
Ханның кетті көңілі.
Ешкіні қақтап емген соң,
Кетті кіріп молаға.
Төбешікте хан отыр,
Басқа адам жоқ молада.
Айырған жоқ ұл, қызын,
Қалдырыпты құмда ізін,
Сезді ме әлде бала да?!
Хан келді қайтып сарайға,
Жиналған ел сарайда.
Естіген адам қалмады,
Осы тұста, маңайда.
Халыққа хан зарлады,

Тістеулі тұр бармағы.
Гүлжазира сұлудың
Оқыстан өліп қалғаны.
Сонда іштегі бала екен,
Келбеті сондай бар екен.
Гүлжазира шын адал,
Мені сүйген жар екен.
Ұстауға сол баланы,
Кім ақылын табады?
Барғанынша аузының,
Менен алтын алады.
Ақылы іске аспаса,
Жамандыққа бастаса,
Басы алынып қалады.
Міне, осындай жар салды,
Сарайдағы халыққа.
Халық түгел ұйлықты,
Шыға алмады жарыққа.
Тағы да неше қайталап,
Халықтан хан өтінді.
Оңай олжа таппасқа,
Қан жамылып жатпасқа,
Халық түгел бекінді.
Кемпір шықты «табам» деп,
Қара ешкінің иесі.
Қазынаңды бөліп қой,
Маған деген тиесі.
Қырық бір адам қараған,
Жалғыз ешкі малым бар,
Қырық балам болмаса,
Аяйтын қандай жаным бар?
Ақысын төле, Бозайхан,
Қара ешкінің сүтінің.
Ендігі ұрым сен болдың,
Жетті ғой енді күтуім.

Сұрағанда жетімді,
«Алдыма келме» деп едің,
Мен болмасам, Бозайхан,
Жетімді аяр сен бе едің?
Қинау салып нахақтан,
Сол үшін аяп еңіредім.
Артық болса кешерсің,
Қате айтсам, басым кесерсің,
Перзент көріп, мінеки,
Жанғалы тұр еңбегің.
Сен бала үшін қайғырдың,
Мен мал үшін қайғырдым.
Жалғыз ешкі сүтінен,
Ала жаздай айрылдым.
Бозайхан сөзге тоқталды:
– Сүт ақысын ал деді.
Кілтшісін шақырып,
Сарайға алып бар деді.
Көтергенше алтын бер,
Әкетсін кемпір арқалап.
Одан артық сұраса,
Сол жерде өлтір балталап.
Кілтші ашты сарайды,
Алтынды кемпір арқалап,
Жан-жағына қарайды.
Кемпірдің көзі тоймады,
Алсам деп тағы ойлады.
Кілтші ашып қойыпты,
Қазына талай қойманы,
Кілтші айтты: шешеке,
Болмайды менің тарлығым.
Қазынасы ханның көп.
Көтерсең де барлығын.
Орындауға балта алды,
Ханның айтқан жарлығын.

Сарайдан кемпір секірді,
Аз алдым деп өкінді.
Аркалап алтын әкетті,
Асырауға жетер деп,
Үйдегі қырық жетімді.
Алтыны көп бай кемпір,
Қайта келді сарайға.
Азық алды жетерлік,
Жетімдерге талайға.
Кемпір айтты сол кезде:
Қазір осы сарайға,
Шеберлерді жинасын.
Неше түрлі ойыншық,
Жасасын олар тынбасын.
Сол ойыншық жасалып,
Екі түрге бөлінсін.
Бір бөлегі қуыршақ,
Асық, сақа, ат тұрман.
Екінші жақтан көрінсін,
Өте шебер жасалсын
Ойыншықтар қызықты.
Қызыл-жасыл көз тартсын,
Оюлы және сызықты.
Болсын көзді тартатын,
Ойнағанда баланың,
Құмары тасып артатын.
Көрген бала айрылмай,
Жабысып ұстап жататын.
Хан әмірі бойынша,
Ойыншық жатыр жасалып.
Қуанышқа батқан хан,
Нұрланады жасарып.
Ойыншық-арба, шаналар,
Бітіп те қалды қашалып.
Неше түрлі тамаша,

Бояулы өрнек сызықты.
Ойыншықты көргендер,
Құмарланып қызықты.
Осыларды апарып,
Қойдырды кемпір молаға.
Неше түрлі ойыншық,
Шықса бала далаға.
Әуелі келіп сол бала,
Жүрді біраз таңданып.
Қуыршақты көрген жоқ,
Ойнамақ түгіл қолға алып.
Арба менен шананы,
Олай-бұлай сүйретті.
Үстіне мінді қызықтап,
Бәрін түгел күйретті.
Алды қамшы қолына,
Сезіктеніп қарады,
Оңы менен солына.
Ерге қарғып мінеді,
Екі жақтап қамшылап,
Ілгері ептеп жүреді,
Әбден ойнап болған соң,
Қуыршақтан басқасын
Бір жерге әкеп үйеді.
Баланың еркек екенін,
Сонда көріп біледі.
Ханға кемпір бара сап,
Балаларды жидырды.
Өңкей еркек балаға,
Бір келкі киім кидірді,
Талдан ат мініп астына,
Шашақ басын қамшының,
Балалар ұстап үйірді.
Балаларды қырық-қырықтан,
Екі жаққа бөледі.

Майдан ашқан баланы,
Көрден бала көреді.
Жақын келмей алыстан,
Біраз байқап жүреді.
Қызып кетіп майданға,
Балаларды өмір көрмеген,
Жалаңаш бала кіреді.
Ойнап жүрген балалар,
Мұны көріп сасады.
Сасқанының белгісі,
Быт-шыт болып қашады.
Қолға түскен баланы,
Асықтай қағып лақтырып,
Үстінен таптап басады.
Сол майданның тұсында,
Шыққан жолын баланың,
Батырлар барып алады.
Қалың қолды көргенде,
Састы бала шамалы.
Құлақасқа аңдып тұр,
Бала шыққан тесікті.
Батырларды қиратып,
Ызаланып өшікті.
Қырық кісілік күші бар,
Құлақасқа батырды
Жауырынан ұстап ап,
Бұрқ еткізіп лақтырды.
Құлақасқа қорланды,
Ие болмай балаға.
Жолын тосқан батырлар,
Кездесіпті жараға.
Көрге кірді кідірмей,
Ұстатпай, қылған шараға.
Іске аспады сонымен,
Кемпірдің тапқан шарасы.

Қапаланып хан жатты,
Қолына тимей баласы.
Құса болып Бозайхан,
Дұшпандарға болдым деп,
Шыныменен табасы.
Бозайханның шәһәрі,
Неше күндей жиылды.
Ұстай алмай қырық күндей,
Істің арты сұйылды.
Қырық бірінші күндерде,
«Дарға ас» – деп кемпірді,
Бозайхан сонда бұйырды.
Кемпір тұрып «дәт» деді,
Дәтіңді хан «айт» деді.
– Үйде жатыр қырық ұлым,
Сарайыңа келмеген.
Қырық ұлым бірдей қапада,
Сейіл құрып көрмеген.
Қырық баланың ішінде,
Жан шақ келмес күшіне,
Ерекше туған бала еді.
Сыртқа шықса балаңды,
Сол ұлым ұстап береді.
Бір күні үйде ұрыс боп,
Дардана атты сол балам,
Бар баламды бөгеді.
Дайында темір-сауытты,
Сенің де балаң қауіпті.
Осыдан шара болмаса,
Алсаңыз, тақсыр, міне, бас,
Байқасып көрсін екі жас.
Балаң келсе қолыңа,
Қызығына батарсың.
Күшімен балам тоқтатса,
Балаңды алып қайтарсың.

Қолымнан бұл іс келмесе,
Балаңды ұстап бермесе,
Үкімді сонда айтарсың.
Темір-сауыт алдырды,
Киді соны Дардана.
Екі жаққа қырық-қырықтан,
Жиылды тағы бар бала.
Қызды майдан ашылып,
Шаң-топырақ шашылып,
Бала көріп бұларды,
Көрден шыға жүгірді,
Құр қалғандай асығып.
Қашты тағы бар бала,
Жалғыз қалды Дардана.
Көрден шыққан сол бала,
Жүгірді біраз айнала.
Дарданаға түйілді,
Ұстап алып үйірді,
Дарданаға сене алмай,
Хан қапа боп күйінді.
Үйірген жердің бұрқырап,
Топырағы үйірілді.
Даланы тұман-шаң басты,
Бала мен жігіт айқасты.
Бірін-бірі ала алмай,
Күні бойы шайқасты.
Қара тер бойдан төгілді,
Басқан жер бордай үгілді.
Дардананың үстінде,
Темір-сауыт сөгілді.
Қолынан ұстап Дардана,
Көр баласын үйірді.
Екі аяғы аспандап,
Басы төмен шүйілді.
Дардананың қабағы,

Жауатын күндей түйілді.
Көр баласы меңдеді,
Дардана оны дендеді.
Намазшамның алдында,
Көр баласын Дардана,
Астына басып меңгерді.
Жиырмадағы жігітпен,
Көрден шыққан сол бала,
Бес жасында тең келді.
Масқаралап талайды,
Көр баласы дендеген,
Қырық батыр, Құлақасқаны,
Шыбын құрлы көрмеген.
Көр баласын ұстады,
Жігіт еді Дардана
Анық батыр нұсқалы.
Көр баласын ұстап ап,
Қайғылы хан қуанды.
Сазарып қарап, бала тұр,
Қабағы қайсар шыдамды.
Топырақтың түріндей,
Белгілі түс жоқ етінде,
Қуаныш, қайғы ізіндей,
Құбылыс жоқ бетінде,
Моланың ол тағысы –
Ашулы бейне арыстан.
Ұстатпауға адамға,
Сол үшін ол алысқан.
Тырнағының көбесі
Басын бүркеп саусақтың,
Қайрылып қайта жабысқан.
Терісіндей түйенің,
Қышырлы еті, қара күс.
Еті қатты темірдей,
Ұқсамайды басқа түс,

Қаралығы көмірдей.
Жабағыдай ұйысқан,
Бетін шашы жауып тұр.
Қол аяғы босанса,
Өңінде, үлкен қауіп тұр.
Ойында бар босанса,
Әлі де елге шабатын.
Дауысымен шыңғырған,
Адамның есін алатын.
Басы үлкен табақтай,
Екі жағы садақтай.
Қуанышты Бозайхан
Алып келді сарайға,
Алды-артына қаратпай.
Не қисайып жатпайды,
Тамақ берсе татпайды.
Сөз сұрасаң адамша,
Ешкімге тіл қатпайды.
Той-тамаша жасалып,
Шәһәр түгел жиналды.
Қазынасын хан ашты,
Келген адам еркімен,
Осы тойда сыйланды.
Отыз күн ойын жасады,
Қырық күн тойын жасады.
Тамаша болды жетпіс күн,
Ат шаптырды алпыс күн.
Халықта түгел маза жоқ,
Думан жасап күндіз-түн.
Бала киім кимейді,
Тамақты жөндеп ішпейді.
Бұл сияқты өмірді,
Әлде бала сүймейді?
Киім берсе үстіне,
Тастайды жыртып айырып.

Үстіңе киім ки десе,
Жауап қатпас қайырып.
Үстіңе киім кигенше,
Сөйлеп, тілге келгенше,
Қыз-келіншекті жидырып,
Қасына қойды Бозайхан,
Киімге бала көнгенше
Үйірлеспей адамға,
Мінезі болды өзгеше.
Жиналды халық сарайға,
Қойғалы атын баланың.
Әртүрлі ат әркім ойланды,
Келгенінше шаманың.
Түрегелді сөз сөйлеп,
Ақсақалды сары түсті
Тоқсанға келген көрі шал.
– Туған шығар бұл ұлы,
Бозайханның бағына,
Мираскор болар тағына.
Шыққан жері баланың
Құлдың көрі емес пе?
Ақылы жетпес кей адам,
Құлдан туды демес пе?
Басымды алар, хан таксыр,
Ашуланса бұл іске.
Баланың көрден шыққаны,
Не демес ханның дұшпаны?
Бала ханның баласы,
Гүлжазира анасы,
Дүниенің жүзін билейтін,
Батыр болар шамасы.
Ал жиналған, халайық,
Баланы сынға салайық.
Көрұғылы деп ат қойсам,
Болар ма екен ылайық?

Қарттың қойған бұл аты,
Ел көңіліне ұнады.
Бозайхан аз жақтырмай,
Ел қабағын сынады.
Халықтың бейім атына,
Хан да тоқтап тұрады.
Аты болды Көрұғылы –
Көрден шыққан баланың.
Бәріне түгел жайылды,
Хан билеген қаланың.
Көрұғылы отыр жалаңаш –
Үстіне киім кимеді.
Қызыққа да қарамас –
Дырдуды тағы сүймеді,
Сөйлеспейді тіл қатып,
Адамдармен үйдегі.
Көрұғылыны Бозайхан,
Жиі көріп тұрады.
Хан келгенде сескеніп,
Аздап көңіл бұрады.
Бейімделген мінезі,
Ханға ептеп ұнады.
Бірнеше айдай жалаңаш,
Көрұғылы бала шыдады.
Жиылған көп қыздар да,
«Ханның ұлы жалаңаш»,
Деп келеке қылады.
Бірте-бірте Көрұғылы
Келекені сезеді.
Ойламайды моланы,
Бетін елге түзеді.
Сол халыққа үйреніп,
Моладан күдер үзеді.
Үстіне киім киеді,
Дәмді тамақ бар болса,

Ептеп жеуді сүйеді.
Өзі таңдап кисін деп,
Көрұғылының алдына –
Киім, тамақ үйеді.
Сүйте-сүйте Көрұғылы,
Қайырым тілге келеді.
Сұраған сөзге кей кезде,
Сирек жауап береді.
Көрұғылының қасынан
Кетпейді аңдып Дардана.
Жеті жасқа жеткенше,
Бойына әдеп біткенше,
Ел ішінде қайратты,
Қасында болды бозбала.
Сөйлеуге тіл келеді,
Батырлар бар қасында.
Сарайға шығып жүреді,
Ерігіп біреу ұстаса,
Ымдап біреу нұсқаса,
Ашуланып төнеді.
Сілтеуінен қалмайды,
Талай адам өледі.
Өле-өле батырлар,
Күн санап кеми береді.
Осы жайды айтуға,
Бозайханның өзіне,
Құлақасқа кіреді.
Жайын естіп Бозайхан,
Жарлық берді «байла» деп,
Елді талқан қылмасын,
Байқап соны, ойла деп,
Ұстамақ болды батырлар.
Көрұғылы салды ойранды.
Быт-шыт қылып қиратып,
Ашты қатты майданды.

Болмаған соң айырды,
Көрұғылыдай батырды.
Үш жылда барып қосылды,
Адамдарға ақылды!...



ҚЫЗ ЖІБЕК
(қазақша нұсқасы)

Орта бойлы, қолаң шаш,
Қазақтан өткен қыз Жібек.
Қырғи мүше, қыпша бел
Қырғыздан өткен Айшөрек.
Халық ішінде айтылып,
Халыққа болсын бұл ермек.

Тамақ керек әркімге,
Бір тоқтыны соялы.
Қыз Жібектен сөз қозғап,
Қызығына тоялы.
Ай нұрындай Жібекті,
Айтпай қойсақ бола ма?!..

Айтпаса сырды жиналған
Кетпесін іштен жоғалып.
Өткен Жібек сұлуды
Ескеріп, қозғап қоялық.

Жаралып өмір бір келмек,
Өзекті жан бір өлмек.
Әлем қайыра жаңарып,
Елде болсын бұл ермек.
Ендігі сөздің қысқасы –
Арманда болып өтіскен
Төлеген менен Қыз Жібек.
Армансыз өмір болмайды,
Жалыны оттай қыз сүймек.

Қазақ жерінде, Жағалбайлы елінде байлығы асқан Базарбай атты қадірлі кісі болған екен. Базарбайдың екі ұлы

болады. Үлкені – Төлеген, кішісі Сансызбай, екеуі тең, ержүрек батыр ұлдар болады. Үлкені Төлеген ер жетіп, он сегіз жас шамасына келгенде, атасы Базарбай ұлы Төлегенге әйел алып бермекші болып, талай жерден қыз көрсетеді. Бірақ Төлегенге ешқайсысы да ұнамайды. Базарбай ұлына қапа болып, «Өзі жақтырғанын алсын», – деп тоқтайды. Төлеген өзі де қыдырып, қыз іздемей жүре береді. Күндердің бірінде Базарбайдың үйіне бір қарт саудагер қонады. Аты – Наурызбай. Қырағы Наурызбай Базарбаймен сөйлесіп отырып, Базарбайдың байлығына разы болып, Төлеген сынына толып, былай дейді: «Е, Базарбай, ұлыңа келіншек алып берген бе едің?».

– Жок, – дейді Базарбай. – Енді елімізден қыз жақпаса, не істейміз, өзі білсін.

Сонда Наурызбай: – Олай болса, Төлеген мырзаңызды маған қосып беріңіз. Біздің еліміздің қыздары сұлу болып келеді. Жақтырған қызын алып береміз, – дейді.

Базарбай ойланып: – Е, ұлым, бұл атаңның сөзін ұқтың ба? Енді өз еліңнен қыз жақтырмай қойдың. Атаңменен қоса барып, қыз тандап көр, – дейді.

Төлеген айтты: – Ата, бар десеніз, барып келейін.

– Солай болса, жақсы болады, – деп Базарбай Наурызбайды қонақ қылып, бір ат мінгізіп, достасып, Төлегенге батасын беріп, қыруар ақша беріп, Төлегенді Наурызбайға қосып жібереді.

Сөйтіп, бұл екеуі Ақ Жайық ауылына келеді. Төлеген Наурызбайға айтады: «Біз түтін басына қыдырып, дуанаша жүргеніміз ұят болады ғой. Олай етпейік. Сіз мақұл көрсеңіз, жар салалық. Қызы жақса да, жақпаса да, бір жорғадан берелік».

Наурызбай күліп: – Ойбой, Төлеген мырзам, қызы жақпаса да бере беріп, бекер шығынданамыз ба? – дейді.

Төлеген айтты: – Жомарттың жолы ашық деген, ештеңе етпес.

– Олай болса, мейліңіз, – деп, ел ішіне жар салды. Естігендер қыздарын алып келіп, мейлі жақсын-жақпасын, Төлегеннен бір-бір жорға алып кетіп жатты. Сол елдің төресі Сырлыбай еді. Оның уәзірі Қаршыға сөзге шешен адам екен. Төлегеннің жайын естіп, атына қамшы басып, еңтігіп жетіп келеді.

Сол жерде тұрған кісілер Төлегенді Қаршығадан жасырып айтпайды. Төлеген бір үйде отырған. Қаршығаның үнін естіп, «Бұл ел неге жасырып айтпай жатыр?», – деп, өзі шығады. Сонда Қаршығаның амандасып, айтып тұрған жері:

– Ассаламуалейкүм, Төлен балам,
Даңқынды жұрттан естіп келдім саған.
Жасырмай сырың болса, маған айтқын,
Жаныңды тындырады Қаршыға ағаң.

– Алейкүмассалам, Қаршыға ағам,
Келіпсіз ат сабылтып арнайы маған.
Жұмысың менде болса, айта бергін,
Көңіл сізде, сөйлей бер, құлақ салам.

Қаршыға ойланып: «Оңаша сөйлеспесем болмас», – деп, атынан түсіп, Төлегенге қолын беріп, мұнысына баға беріп:

– Мырзам, сізбен оңаша сөйлесемін, – деп үйге кіріп, төрге отырады.

Сонда Қаршыға Төлегеннің арғы-бергі ата-тегін және не шаруамен жүргенін сұрап білді.

– Олай болса, қарағым, сөзіме құлақ сал. Біздің еліміздің басшысы Сырлыбай деген болады. Оның айдай сұлу бір қызы бар. Аты – Жібек. Сол өзіңізге лайық келеді, – дейді.

Төлеген айтты: – Оның дидарын қалай барып көреміз?

Сонда Қаршыға: – Көрімдігі бола ма? – дейді.

Төлеген: – Болады. Бір жорға аласыз.

Қаршыға: – Жоқ, қарағым, алыстан ат сабылтып келген мені басқалардай көрмеңіз. Маған екі жорға лайық қой, қарағым. Егер қыз көңіліңізге жақпаса, жорғаңызды алмаймын, – деді.

Төлеген күліп, Қаршығаның сөзіне ұйып, екі жорға берді. Сонымен сөздері бітіп, Ақ Жайыққа аттанды.

Базарбайдың Төлеген
Батыр сынды секілді,
Қаршығаға ілесіп
Атқа қылды өкімді.
Сөзге шешен Қаршыға
Аялдамай жүргізді.
Көрсетпекке Жібекті
Ауылға жетіп келісті.

Келсе, елі жайлауға көшіп кеткен екен. Қаршыға Төлегенге: «Бұл ел көшіп кеткен екен ғой. Енді Жібекті көш үстінен көрсетейін», – деп, Төлегенменен мақұлдасып, жөнөп берді.

Жанын салып Қаршыға,
Қамшы ұрып атқа асыға,
Бір көшке жетіп келеді.
Көш соңынан қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулеті бетінде,
Бұралып кетіп барады.
Қаршыға қызды көреді,
Жібек емес болған соң,
Одан өтіп жөнөді.
Бір көшке жетіп келеді,

Көш алдынан қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Таң мезгілі болғандай,
Шолпандай жарық жұлдызы,
Пейіштен шығып келмесе,
Адамзаттың бір қызы.
Осы ма деп Төлеген
Жетіп келді қасына,
Соңынан келіп Қаршыға,
Жібек емес деген соң,
Одан ары өтеді,
Қаршығаменен ілесіп,
Көңілі біраз түзелді,
Бір көрмекке Жібекті
Төлеген мырза кезенді.
Қаршыға менен Төлеген
Жағалай салды өзенді,
Тағы бір көшке жетеді,
Көш алдынан қараса,
Бір қыз шықты сәулетпен.
Отыз түйе жетелеп,
Сары майдай еріген,
Тай-құнандай керілген.
Мұрындығы сары жез,
Бұйдасын ескен жібектен,
Толған айдай толықсып,
Ақ маралдай бұлықсып,
Бұралып кетіп барады.
Мұны көріп Төлеген,
Атының басын бұрады.
Осы ма деп Төлеген,
Қаршығадан сұрады.
Қаршыға жетіп келеді,
Бұл да Жібек емес деп,

Әзіл айтып күледі.
Одан өтіп Төлеген,
Атқа қамшы басады.
Тұлпар туған көк жорға ат
Аузынан көбік шашады.
Алдындағы белестен
Орғып келіп асады.
Белестен асып жөнеді,
Ойға түсіп желеді,
Бір көшке жетіп келеді.
Көш астынан қараса,
Бір қыз кетіп барады,
Он қызы бар қасында,
Он төрт, он бес жасында,
Ақ маңдайы жарқырап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын нұры басында;
Қырық нарға жүгін арттырған,
Жібектен арқан тарттырған.
Осы екен деп Төлеген,
Жетіп келді қасына.
Артынан келіп Қаршыға,
Жібек емес деген соң,
Одан да өтті Төлеген.
Тау басында қарағай,
Төлегеннің мінезі
Болып кетті баладай.
Осындай болып бұл жерден,
Он бірі өтті сәулетпен,
Бірі де қалды жарамай.
Тағы айқасты бір көшке,
Бір қыз кетіп барады,
Орта бойлы жеңеше
Алтын сырға жалтылдап.

Қыз сипатын қарасаң,
Бұрынғы қыздан өзгеше,
Алтын шыны кеседей,
Екі көздің шарасы.
Кешке жанған шамшырақ –
Көзінің гауһар қарасы,
Ай нұрының баласы.
Туған айдай иілген,
Көз жауын алған сымбаты.
Сымға тартқан күмістей,
Бес саусақтың саласы.
Сондай сұлу болмас-ты
Адамзаттың баласы.
Осы екен деп Төлеген
Жетіп келді қасына.
Соңынан келіп Қаршыға,
Жібек емес деген соң,
Одан да өтіп жөнелді.
Жаңа бір көшке жетеді.
Көш алдынан қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені,
Екі көзі сүрмелі,
Бұл сияқты перизат
Қыз іздеген Төлеген,
Жоқ еді мұндай көргені.
Сексен түйе қомдаған,
Сексен түйе үстінде,
Қазына қалы кілем бар,
Жібектен гүлін торлаған.
Қыз сипатын қарасаң,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай,

Екі көзі жалтылдап,
Алтын-күміс буындай.
Сөйлеген сөзі биязы,
Қызығып көпке ұққандай.
Осы екен деп Төлеген,
Жетіп бір келді қасына,
Соңынан келіп Қаршыға
Жібек емес деген соң,
Одан да өтіп жөнеді.
Базарбайдың Төлеген
Атқа қамшы салады.
Тұлпар туған көк жорға ат,
Көзі оттай жанады,
Сымға тартқан күмістей,
Сүмбідей болып жарады.
Тағы айқасты бір көшке,
Жетіп келіп қарады.
Көш алдынан қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Бір бәйбіше нұр жүзді,
Көшті тартып барады.
Көш үстінде бәйбіше,
Келіскен дүние барлығы.
Екі жүз дүние қазына,
Қызыл алтын сандығы,
Жазығы әйел болмаса,
Қартайса да жайдары,
Айдың өткен нешесі;
Ай қараңғы кешесі,
Ертесіменен кешінде
Ерте кеугім бесінде,
Зорға жеткен сықылды,
Қыз Жібектің көшіне.
Есебі жоқ дүниені,

Есептейін несіне!
Келсе Жібек жоқ екен,
Сол сықылды көшінде.
Мұны көріп Төлеген,
Шешесінен сұрады,
Атының басын бұрады.
Жібек ерте кеткен деп,
Бетіме күн тиер деп,
Көк пәуеске күймеге,
Түсіп ерте кеткен деп,
Шешесі берді жауапты.
Жырақтамай жолынан,
Жақсы іс болды оңынан,
Қаршыға менен Төлеген,
Жөнеді Жібек соңынан.
Көк жорға ат сартылдап,
Екі көзі жалтылдап,
Ұршықтай саны бұлтылдап,
Төлегендей мырзаның,
Алмас қылыш белінде,
Қолында найза қылтылдап.
Жанның жанған шырағы,
Пақырдың болмас жарағы.
Неше қырдан асқанда,
Күмбірлеген қоңырау,
Естіпті сонда құлағы.
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына,
Көк жорға атты тайпалтып,
Базарбайдың Төлеген
Келді Жібек қасына.

Келсе, үш қара жорғаны арбаға жеккен екен. Пәуескенің есігі жабық. Ешкім көрінбейді. Төлеген алдына

бір шығып, артына бір шығып дыбыстайды. Үн жоқ. Қаршығаны қараса, көз жетпес жерде қалыпты. Төлеген тағат қылып тұра алмайды:

Кім бар деп бұл күймеде дауыстайды,
Кім болса да бір көрініп таныспай ма?
Төлеген үш қайтара шақырса да,
Қыз Жібек жауап бермей намыстанды.

Төлеген сонда тұрып қапа болды,
Өз елін ойлай-ойлай іші толды.
Қыз емес өз елімде еркек қорыққан,
Қайран басым бұл жерде бекер болды.
Төлеген қапа болып қалды тұрып,
Тізгінін тартып, атының басын бұрып,
Атына қамшы басып екпіндетіп,
Сол кезде Қаршыға да жетті келіп.

Төлеген Қаршығаға өкпелеп: «Сөйлеспекке бұл қызыңды шақырсам, жауап бермей қойды. Ақымақ адамдар-ша мұнысы несі?», – дейді.

Қаршыға: «Бұдан бұрын Жібекпен ешкім сөйлескен емес, мен өзім сөйлесіп көрейін», – деп, Жібекке қарай Қаршығаның үн қатып тұрған жері:

Ұядан ұшқан балапан
Қанаттарын тарайды,
Асыл туған анадан
Әрбір іске жарайды.
Данышпан адам дүниенің
Ағысына қарайды.
Атаға қызмет қылғанда,
Ескеріп, елеп санайды.
Көтергін, Жібек, басыңды,

Ертіп келдім бір жігіт,
Нақ өзіңе лайық.
Нұр сәулетті жүзі бар,
Бал секілді сөзі бар,
Талай бекзат көрінген,
Қалмады ешкім кызығар,
Жетпейді басқан ізіне,
Қаршыға сынды көкенді,
Қапа қылмай қарағын,
Бір көрінші жүзіме.
Жібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Көке болмай жерге кір,
Салмаймын құлақ сөзіңе.
Жігіт болса тауып кел деп,
Қашан айттым өзіңе?
Бет-алдына сандалмай,
Көрінбей және көзіме,
Жөндеп баққын малыңды,
Жолама менің ізіме,
Екі тайға ұялмай,
Мені сатып сыртымнан,
Не бетіңмен сөйлейсің?

Қаршыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Рас, менің, Жібекжан,
Екі жорға алғаным.
Сөзімнің жөнін байқамай,
Отырып жанжал салғаның,
Екі жорға мен алдым,
Төлегенге дос болып.
Илан, маған, қарағым,
Көңілім менің қош болып,

Сегіз күндей жол жүріп,
Ерте шығып, кеш қонып,
Басыңды көтер, Жібекжан,
Кетпесін ісім бос болып.

Жібек ойланды: «Қаршыға арнайы келген екен наза-рын салып. Бұған бір көрінбесем, сөзге қалып, ұят бо-лар», – деп, Жібек пәуескенің есіктерін аштырып, ілгек-терін ағыттырып, Төлегенге көрінді. Қайтадан ілгектерін бекіттіріп, көрінбей қалды. Сол уақытта Жібектің сәулеті Төлегенге жақты. Қасында ойнап–күліп қоса бара жатқан үш қызы бар, өзімен төртеу екен. Сонда Төлеген Жібектің дидарына қызығып, айтып тұрған жері:

Қыз Жібектің дидары
Жаннан асқан сәулеті,
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,
Өзгеше екен келбеті.
Үш қызы бар қасында,
Өзі он төрт жасында.
Қыз Жібектің дидары,
Ұялтты көзді нұрлары.
Қыз сипатын қарасаң,
Нұр қызының шырағы.
Сырғалары жарқылдап,
Көтере алмай құлағы.
Бой нұсқасын қарасаң,
Пері сипат секілді.
Нұр жүзінің ақтығы,
Қыстың соңғы қарындай,
Ақ бетінің қызылы
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары
Алаулап жанған жалындай,
Білегі бар жұп-жұмыр,

Айбалтаның сабындай.
Оймақ ауыз, құмар көз
Іздеген ерге табылды-ай.
Өткірлігін байқасаң,
Ұсталар соққан кетпендей.
Жарқыраған жүзінен
Нұр төгіліп кеткендей.
Екі ауыз сөйлескен,
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл Жібектің
Өлігін адам өпкендей,
Мұратына жеткендей.
Қыз Жібекті Төлеген
Ақылымен таныпты,
Көзі солай қаныпты.

Қыз Жібектің көркі Төлегеннің көңілінен шықты. Тал бойынан тарыдай мін таба алмай, «Қой, осыны алайын. Енді кесірленіп, біраз әзілдеп тиісіп көрейін», – деп, Төлеген Жібектің қасына келіп, айтқан жері:

Басыр, басыр, басыр-ды,
Аққа құлпы жасыл-ды.
Басыңды көтер, Жібекжан,
Төлеген келді қасыңа,
Қыз басыңмен алшандап,
Бүйте берме, ей, Жібек,
Жұртыңа тиер кесірің.

Қыз Жібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Олай болса, Төлеген,
Мен жайында айтайын.
Ағыным судай ағады,

Жұртым қойдай бағады,
Менің қылған кесірім
Саған кесір болса да,
Өзіме майдай жағады.
Жалғыз атты жолаушы,
Жақындамай ары тұр.
Үстімдегі кесірлер
Саған таман барады.
Ат байлаған ақыр тас,
Арқама біткен қолаң шаш,
Қайдан келіп тап болдың
Қаңғырып өскен бір қу бас?!

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
– Қыз Жібек мінген күймесін,
Күймеге салып түймесін.
Қайдан білдің, Қыз Жібек
Қыз іздеген Төлеген
Мал беріп сені алмасын,
Ал қойныңа кірмесін,
Шытырма Жібек көйлегін
Басыңа таман түрмесін,
Ал төсіңе мінбесін?

Жібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
– Келсең келдің қасыма,
Алуа-шекер беремін.
Келмесең, ары кете бер,
Менің бар дамбалым басыңа!

Сөйтіп екеуі айрылысты. Төлегеннің көңілі көтеріліп, ет-жүрегі елбіреп, Жібектің сөзіне есеңгіреп, «Жібекті

алмасам болмайды», – деп, Қаршыға екеуі базарға барып, екі жүз жорға сатып алды.

Мұны Жібектің атасы Сырлыбай ханға бермек болды. Бұлар айдап бара тұрсын. Сырлыбай ханға біреулер хабар жеткізген екен: «Сіздің сыртыңыздан Қаршыға білдірмей Жібекті бір жолаушыға көрсетіп жүр», – деп. Сырлыбай ашуы келіп, он шақты жігітін дайындап: «Қаршыға мен Төлегенді алып келіңдер, жазасын берейін», – дейді. Жігіттер екеуіне барып: «Біздің ханымыз кейіп жатыр, сіздерді алып кетеміз», – десті. Төлеген сонда: «Ханыңыздан қорықпаймыз, өзіміз де бара жатырмыз», – дейді.

Сонда Қаршыға Төлегенге: «Ашулының алдынан шықпа деген сөз бар. Мен жылқыларға көз бола тұрайын. Сен өзің барып сөйлес», – деді. Төлеген Қаршығаның сөзіне мақұл болып, тоқтамастан, Сырлыбай ханның аулына келді. Үй жанында сұхбаттасып, бір топ ақсақалдар отыр екен. Төлегеннің соларға амандасып тұрған жері:

Ассаламуалейкүм, ақсақалдар,
Сөйлесіп сәулетпенен отырғандар.
Алыстан ат сабылтып жұмыспенен,
Төлеген келді сіздерге амандасып.

Сырлыбай:

Уағалейкүмассалам, жаным балам,
Жүріпсіз ат сабылтып сары табан,
Жұмысыңыз бізде болса сөйлей бергін,
Айта бер, көңіл сізде, құлақ салам.

Төлеген:

Келе жатып ойлаймын ақыл-айла,
Ойлаған ақылым жанға пайда.
Ат сабылтып алыстан келген себеп,
Жібек сұлу дегеннің аулы қайда?

Сырлыбай:

Ғашықтық сәулетпенен жүргеніңіз,
Ержүрек азаматтай сөйлесіңіз.
Жібек сұлу дегеннің аулы жақын,
Бар еді онда қандай жұмысыңыз?

Төлеген:

Сөйлесіп сүйген едім Жібек қызын,
Бітпеген ешбір пенде аңдап ішін.
Қыз Жібек Төлегенге тимек болған,
Қаршыға арасында жүрмек болған,
Жүреміз ат шаршатып соның үшін.

Сырлыбай ойланып: «Жібек өзіне лайық теңін тапқан екен ғой» – деп, Қаршығаға разы болады.

Сырлыбай:

Кешегі саудагердің өзі қандай,
Жалын көз қырық шілтеннің көзі қандай!
Бекерге Төлегенді жамандаған,
Көп дұшпан көре алмаған кегі бардай!..

Төлеген Сырлыбайға: «Сөздің қысқасы, құр аяққа бата жүрмес, жоралғыға не аласыз?», – дейді. «Аа, бергеніңізді аламыз», – деп жауап берді Сырлыбай. Төлеген екі жүз жорғаны түгел берді. Сырлыбай Жібекті бермекке мақұл болып, Төлегеннің келбетіне көңілі толып, ойын-күлкі, тамашасын құрып, өзі басында тұрып, той қамына кірісті. Жібек сол уақытта Төлегенге көрінбей, өзінің ақ отауында жата береді. Жеңешелері Төлегенге жеңгетай даулап келіп жатты. Төлеген қыздың жеңешелеріне бір жамбыдан беріп тұрды. Сол елдің ішінде Бекежан деген жігіт Жібекке сыртынан ғашық болып жүреді, бірақ Жібекпен сөйлесе алған емес. Сөйлесуге құмар болып, ебін таба ал-

май, іші толып, күпті болып жүрген еді.

Бекежан сол тойға келіп, жігіттерімен кеңеседі. «Ей, жігіттер, осы Жібекті жалғыз атты бір жолаушыға беріп, қоя береміз бе? Ең болмаса, Жібекпен ертелі-кеш сөйлесіп, көріп тұрғанымыз жақсы болар еді ғой, бізге де намыс керек қой», – дейді. Сонда көре алмай жүрген жігіттер Бекежанның сөзін қоштап: «Тура айтасыз. Төлегеннен біз кем бе екенбіз? Қолдан келсе, бермейік», – десті. «Олай болса, қандай тосқауыл жасаймыз?», – деді бірі.

Сонда Бекежан айтты: «Әрекет қылсақ, алып қаламыз. Ептеп Төлегенді өлтіреміз, әйтпесе, болмайды. Бір жеңешесін қолға алып, Төлегенді Жібекке алып бармақшы болған кезде жайғаймыз», – десіп мақұлдасты. Бұл жігіттердің сөзін естіп тұрған бір қария дереу Төлегенге жетіп, айтып берді. Төлеген секем алып, Қаршығаны шақыртты. Төлегеннің түрін көріп, Қаршығаның айтқаны:

Ей, көлге біткен құрағым,
Қандай Төлен шырағым.
Ақ отау болды кіргенің,
Қызық дәурен сүргенің.
Ешбір пенде көрген жоқ,
Бірін де сенің көргенің.
Неге қапа боласың?
Айтшы сырың, Төленім?

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Ой, Қаршыға, Қаршыға,
Мен сырымды айтайын.
Құдай басқа салған соң,
Айтпағанда қайтейін,
Жібекке ғашық көп екен,
Айдар аңдыған неме екен.

Елінде қанша жігіт бар,
Іші толған кір екен.
Төлегендей мырзаңды,
Өлтірейік дер екен.
Жалғыз жатқан жерімде,
Жазым болсам қайтемін?..

Қаршыға сонда сөйлейді:
– Төлеген деген мырзаны,
Өлтірем деген кім дейді?
Осы отырған Қаршыға,
Алдырып атын мінеді,
Шаңқай түсте аулына,
Төлегенді ертіп,
Тоқталмастан жөнеді.
Ерлігін енді білгізді,
Жиренбай деген үйіне,
Жаңа отау ішіне,
Ертіп барып кіргізді.

Қаршыға Жібектің ағасы Жиренбайдың үйіне Төлегенді кіргізіп, көңілін жайлап кетпекші болды. Сонда Төлегеннің Қаршығаны жібермей, сөз айтып тұрған жері:

Асу, асу бел дейді,
Аса бір соққан жел дейді.
Айналайын, Қаршыға,
Жібекті ертіп кел дейді.
Кеше бердім қос жорға,
Берейін бүгін үш жорға.
Кереметің бір көрсет,
Жігіт болсаң сен дейді.
Жүрген осы Қаршыға,
Епті жігіт, ер еді.

Төлегендей мырзаның,
Бұл сөзін мақұл көреді.
Жібекке жетіп келеді.
– Ой, Жібекжан, Жібекжан,
Тілегем сені құдайдан,
Басыр, басыр, басыр-ды,
Аққа құлпы жасыл-ды,
Қаршыға келді қасыңа,
Көтергін, Жібек, басыңды,
Ат байлаған ақыр-ды
Көз түзкендер жакыр-ды,
Жиренбай әкең үйінде,
Жаңа түскен жеңешен,
Қарағым, сені шақырды.

Жібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
– Ой, Қаршыға, Қаршыға,
Өзің шешен, батырсың,
Шешендікпен айтарсың.
Кеше алдың қос жорға,
Бүгін алдың үш жорға,
Нысап қылмай құдайға,
Тоймаған бір кәпірсің,
Ой, Қаршыға, Қаршыға,
Мінген атың қарагер,
Барайын өзім, бара бер.
Шақырғанда бармасам
Ақыры бір күн боламыз,
Сол жігітке қызметкер,
Жібек жайын сұрасаң,
Асыл туған анадан,
Шайы жібек кісі еді.
Кісі бойы кереует,

Алтын тақтың үстінен,
Қояндай орғып түседі.
Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтын сәуле жүзінде,
Құнан-тайдай бой тастап,
Жан-жағын қарап кылжақтап,
Сары майдай еріліп,
Кер маралдай керіліп,
Тәңірім берген екі жас,
Бір басқанға ерініп,
Көрінген көзге дүниенің,
Баршасынан бөлініп.
Сүмбіледей жылтылдап,
Сылдырап Жібек жөнелді.
Асыл жарын көрмекке,
Қызмет қылып бермекке.
Шайы жібек Қыз Жібек,
Жалт-жұлт етіп келеді.
Сол уақытта қарасаң,
Қыз Жібектің екпіні
Өрден самал ескендей,
Қыз Жібекті бір көрген,
Шыбын жаннан кешкендей,
Сылдырап Жібек жөнелді.
Неше түрлі сәулетпен,
Іңірде шайтан көшкендей.
Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты.
Жиренбай аға үйінде
Асыл туған қыз Жібек,
Төлегенге жолықты,
Молдалар басы қосылса,
Насихат кітап оқыр-ды,

Шайы заттай қыз Жібек,
Төлегеннің мойнына
Асыла барып отырды.

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөлегенде бүй дейді:
– Келдің бе, Жібек, қасыма,
Тиісе кеттің асыла.
Кешегі сөзің қай жақта
Күнәні қойсаң басына?

Жібек сонда сөйлейді:
Қына бешпент қынадым,
Төлеген қайтер екен деп,
Асылым, сені сынадым.

Екі ғашық қосылып,
Әңгіме-дүкен құрады.
Екі перінің келбеті
Ләйлі-Мәжнүңдей болады.
Екі бекзат қосылып,
Күндей балқып толады.
Екі бекзат нұрына
Көргендер қайран қалады,
Топырлаған қыз-келін
Ел жатқанша отырды,
Ұйқы келген уақытта,
Жаңа түскен жеңгесі
Күйеуге төсек салады.
Төсекті жайлап салған соң,
Екеулеп оңаша қалған соң,
Бұрынғы сөздің қысқасы,
Айтушы елдің нұсқасы,
Шабыттанып ақ берен

Қалаған жерден ұрады.
Қаршыға ілген үйректей,
Толғана мойнын бұрады.
Тебетейін түсіріп,
Көңілдері тынады.
Жібек сынды апаңыз,
Әрең деп зорға тұрады.

Сөйтіп Төлеген үш ай тұрып қалды. Төлеген ел-жерін аңсап, ата-анасын, туысқанын сағынып, өз еліне барып келмекші болды. Сол уақытта қыз Жібек түс көріп, жеңешесін шақыртып, түсін айтып тұрған жері:

– Ой, жеңеше, жеңеше,
Мінезің сенің өзгеше.
Мен бір жаман түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім,
Төлеген мінген көк жорға ат,
Ер-тоқымсыз бос көрдім.
Ел жайлаған Ақ Жайық,
Жағалай біткен бидайық,
Маңдайда жанған шырағым,
Біреулер келіп өшіріп,
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы түйғынды,
Саулап келіп аспаннан
Желкесін қиды бидайық.
Пендем десе құдай-ай,
Бұл түс емес еді ғой.
Көрсетер маған ылайық.
Айналайын, жеңеше,
Төлегенді мен білдім
Бір кеткен соң келмесін,
Жарық дүние опасыз,

Білдім көзге ілмесін.
Айналайын, жеңеше,
Төлегенге айтып көр,
Тіліңді алса, жұрмесін.
Ата-анасы бар ма екен,
Жал-құйрығы жал ма екен,
Иә болмаса Төлеген,
Қаңырап өскен қу ма екен?
Атасының аты кім болар,
Апасының аты кім болар?
Сұрап көргін, жеңеше,
Қандай заман күн болар?

Жеңешесі Төлегенге келіп, ары-бері сөйлесіп, ата-тегін сұрап, содан соң Жібектің түсін айтып тұрған жері:

Базарбайдың Төлеген,
Жеңгесі келсе алқынып,
Не айтып тұрсың демеген.
Жеңгесі сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді.
– Айналайын, күйеужан,
Бикешжан түнде түс көрді.
Түсінде жаман іс көрді.
Астындағы көк жорға ат,
Ер-тоқымсыз бос көрді.
Ел жайлаған Ақ Жайық,
Жағалай біткен бидайық,
Маңдайда жанған шырағым,
Саулап келіп өшіріп,
Көзімнен болған сол ғайып.
Қолымдағы тұйғыным,
Саулап келіп аспаннан,

Желкесін қиды бидайық,
Пендем десе, Құдай-ай,
Көрсеткен бұған ылайық,
Айналайын, күйеужан,
Тілімді алсаң жүрмегін,
Құдайдан тілеп жылайық.

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Ой, жеңеше, жеңеше,
Түс – түлкінің боғы дер,
Жаратқан өзі жар құдай,
Өліп кетсем көңіл жай.
Атамның атын айтайын,
Алпыс жаста қарт еді,
Байлығы асқан Базарбай,
Анамның атын айтайын,
Елу жаста марқа-ды.
Олай-бұлай болып кетсем,
Сансызбай атты інім бар,
Жібекжан неге қорқады?
Шын тілесе пендеге,
Тәңірім тілек береді,
Қорықпасын Жібек түсінен,
Ендігі жазда келеміз.
Көрмей қалсам Жібекті,
Елімізде Шеге бар,
Сансызбайды ертіп,
Аулыңызға келеді.
Не қылса да Құдайың
Берер маған райын.
Жібекке дұғай сәлем де,
Деп осылай Төлеген
Енді атына мінеді,

Алла деп елге жөнөді.

Төлеген неше күн, неше түн жол жүрді. Көк тұлпар атының күшімен еліне, жеріне аман-есен келді. Ата-анасы ұлының аман келгеніне қуанып, ел шақырып, той жасайды. Елдің көзінше Базарбай: «Төлеген, қарағым, қайындарыңа қашан барасың?», – деп сұрайды. Төлеген: «Жазға таман барамын», – дейді. Сонда Базарбай Төлегенге қарап: «Қарағым, мен бір тілек тілейін, бересің бе?», – дейді. Төлеген байқамай тұрып: «Берейін», – деп қойды. «Берсең, ұлым, жолыңа басым – құрбандық. Сол тарапқа бір жылға дейін ат ізін салма», – деді.

Төлеген: – Ата, барма десеңіз, бармай-ақ қояйын, – деді атасының көңілін аулап. – Олардың елі-жері бізден артық бола қояр ма?

Төлеген қыстады. Қыс өтіп, жаз келді. Күндердің бірінде аспаннан алты қаз қаңқылдап ұшып бара жатқанын көріп, «жаз келіп қалған екен ғой. Мен Жібекке уәде беріп едім. Жолға шығайын... », – деп ешкімге сырын айтпай, Төлеген саймандарын сайлап алып қалады. Інісі Сансызбай біліп қалып, артынан іздеп, Төлеген қай жерге қонғанын, қайда тоқтағанын іздестіріп, сұрап жүріп, тауып алады. Екі бауыр бірін-бірі қия алмай қоштасқан жері:

Жағалбайлы елінен
Жалғыздап атын мінеді.
Жолдас алмай елінен,
Тіл алмастан жөнөді.
Ғашықтықтың зарынан
Кетіп бара жатқанда,
Сансызбайды көреді.

Сансызбай келді қасына,
Базарбайдың Төлеген

Уайым түсті басына.
Шүү деп қамшы ұра алмай,
Қу бауырды қия алмай,
Қайрылып келді қасына.
Алдына жылап келген соң,
Көтеріп алды алдына.
Қабырғасы сөгіліп,
Көзінің жасы төгіліп.

Төлеген айтты: – «Е, қарағым, неге жылайсың, жылама. Мен жеңешенді алып келмекке бара жатырмын». Сонда Сансызбайдың айтқаны:

Жыламайын, көкежан,
Өзің-дағы жылама.
Көзіңнің жасын тый дейді.
Сөгіп жатыр ата-анам,
Сапарыңды қой дейді,
Көп жолдаспен барсаңшы,
Ел-жұртыңды жи дейді.
Жалғыздық ісі қиын-ды,
Жалғыз қайтіп барасың,
Сен кеткен соң, мен қайтем?
Танымасаң ешкімді
Атаң кәрі, інің жас,
Көзімді кімге саламын?
Бұл барғаннан келмесең,
Қайғыменен қан жұтам.
Домбыра алып қолыма,
Тартамын сонда күй дейді.

Төлеген сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Қалықтап ұшар қанатым,
Соңымнан орын басарым.

Көзінің жасын бұлама,
Жібек сынды жеңгенді,
Алып келмекке барамын,
Пендесін Алла қолдаса,
Қабыл болар тобасы.
Асықтырып, састырған –
Ғашықтықтың жорасы.
Айтып келгем Жібекке
Жақындап қалды уағдасы.
Үйде, түзде жүрсе де,
Қайда қашып құтылар,
Адам Ата баласы,
Мен кеткен соң, қарағым,
Тілек тіле Алладан,
Ақылменен іс қылғын,
Көзінді кімге сатасың?
Разылығын әкем бермеді,
Әкемнен қорқып елімнен
Көкешің жалғыз жөнеді.
Тірі болсам, қарағым,
Алып қойдым үстіңе
Оқ өтпес сауыт-жарағың.
Жылқыда бурыл бір ат бар,
Былтыр құлын, биыл тай,
Ат болғанда мінбейсің.
Сабы алтын ақ семсер,
Жасатып қойдым өзіңе,
Беліңе байлап ілмейсің.
Жау дегенде қолға алып,
Пендесіңмен жүрмейсің,
Алай-бұлай болып кетсем,
Асыл туған Жібекті,
Біреулерге қор қылмай,
Өзің бір алып сүймейсің.

Балиғатқа жеткенде,
Алтын сауыт кілемге,
Жау дегенде жайнатып,
Толғамалап қолыңа ал.
Сапар шегіп жол жүрсең,
Жолдасын жауға алдырмас,
Басшы қылғын Шегені.
Адамның айтқаны болар ма,
Алланың болар дегені,
Осыны айтып Төлеген,
Сансызбайдың бетінен,
Екі-үш рет сүйеді,
Құшақтасып, қоштасып,
Иә, Алла деп жөнөді.

Сансызбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
Ерлер мінер сұр қасқа,
Таба алмасқа құр қасқа,
Батырлық, байлық кімде жоқ,
Әр адам жөні бір басқа.
Ақ Жайықпен арасы,
Үш айшылық жол екен,
Үш айшылық жер ортасы
Атырабы деген шөл екен.
Шөл даланың ішінде,
Қособа деген көл екен.
Ұры, кәззап, қарақшы
Мекен қылған жер екен.
Атаңа нәлет Бекежан,
Арғын елі ішінен,
Әккі болған қу екен.
Қыз Жібектің сыртынан
Көп ғашықтың бірі екен.

Баяғы ұйысқан алпыс жігіт,
Қособаның көлінде,
Қасында жүрген кезі екен.
Төлеген қашан келер деп,
Жолын тосып жүр екен.
Төлеген сол күн келмесе,
Азықтары таусылып,
Кетер күні сол екен.
Құланның атты қодықты,
Көлден тартты борықты,

Арада неше қоныпты.
Тұлпар туған көк жорға ат
Жүз күншілік жолында
Он жеті күн су ішпей,
Жүрмей жолдан зорықты.
Мұны көріп Төлеген,
Атынан көңілі торықты.
Жүрмей қалған жерінде,
Базарбайдың Төлеген
Шұбалған шаңға жолықты.
Шаңға таман салады,
Қасына жетіп барады.
Тұс-тұстан шығып алпыс ит
Төлегенді қамады.
Базарбайдың Төлеген
Алды-артына қарады.
Бесінде жаумен алысып,
Намаздыгер болғанша
Алдырмай кетіп барады.
Атынан күш кеткен соң,
Жау ортаға алады.
Жақындап жау келгенде,

Жамандатқыр көк жорға ат
Қаталаған су ішпей,
Басын жерге салады.
Жау қаумалап келген соң,
Атынан қайрат кеткен соң,
Базарбайдың Төлеген
Тәңірге қылды наланы.
Қүдіреті күшті құдай-ай,
Батар күнмен батайын.
Ең болмаса мен-дағы
Бекежанды өлтіріп,
Жастығымды ала жатайын.
Мұсылман болса осылар,
Жақсылап жауап айтайын,
Қайратым енді жазылды,
От боп жанған көңілім
Су сепкендей басылды
Жаудыр көзді жұмбаққа.
Он сегіз жаста алмаса,
Жазыпты тәңірім жазымды.
Осыны айтып Төлеген,
Қорамсаққа қол салды,
Қол салғанда мол салды.
Садақты қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Зымырап оғы кетеді,
Топ арғынға жетеді.
Бәлсеніп келген бесеудің
Үшеуін жайпап кетеді.
Тағы да оғын алғанша,
Қорамсаққа қол салғанша,
Атаңа нәлет Бекежан,
Арғыннан шыққан қу екен,

Әккі болған сұм екен.
Төлегеннің артынан,
Жеткен екен жағалап,
Бір қурайды паналап,
Жақындап келіп тұр екен.
Мылтыққа білте басады,
Төлегендей мырзаның
Қанын судай шашады.
Қой құмалақ қорғасын,
Ажал болып жабысты.
Атаңа нәлет Бекежан,
Жіберген жоқ намысты.
Бекежан атқан жалғыз оқ
Мандайдан келіп ұрады.
Атынан құлап Төлеген
Алданып қалған қорлығы-ай,
Иттердің қылған зорлығы-ай,
Толықсып жерге құлады,
Атаңа нәлет алпыс ит
Жаны өзі шықсын деп,
Жанына келмей тұрады.

Төлеген есі ауып, шалқасынан түсіп, аспанға қараса, өзімен қоса келген алты қаз айналсоқтап, көлге қона алмай, айналып ұшып жүр екен. Сонда Төлеген құс та болса осы қаздарға арманын айтып тұрған жері:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің – шекер, сорпаң – баз,
Қонар болсаң қайрылып,
Міне майдан, міне саз.
Сіздер түгіл мен өлем,
Өлмеген жанға, Құдай-ай,
Болып қалды міне жаз.

Қайыра қайтып барғанда,
Қартайған атам Базарбай
Алдыңнан шығып кеп сұрап,
Көкешім менің, Төлеген,
Көрдің бе десе, не дейсің?
Бір төсекте жатысқан,
Таласып емшек еміскен,
Тай-құнандай тебіскен
Жалғыз інім бауырым,
Алдыңнан шығып Сансызбай,
Көкешім менің Төлеген,
Көрдің бе десе не дейсің?
Ғашықтықтың зарынан,
Қособаның көлінде,
Төлеген өлді дегейсің.
Төлегеннің шамасы,
Осы сөзге келеді,
Екінші сөзге келмеді.
Атаңа нәлет алпыс ит,
Обал-сауапты білмеді.
Бір адамды опат қып,
Алпыс адам бөгелді.
Мал опасыз деген рас,
Төлеген мінген көк жорға ат
Су ішіп қанып алған соң,
Бір қарақшы алдында
Ойнақтай басып жөнелген.

Сөйтіп Төлегенді өлтіріп, ат-тонын тонап алып, сүйегін жасырмай, еліне кете барды. Ендігі сөзіміз Қыз Жібектің ауылы туралы болмақшы. Бекежан аулына жетті, көк жорғаны жабулап, сылап-сипап, елге көп көрсетпей, бағып жата берсін. Арада бір жыл өтті. Күндердің бірінде Сырлыбай ханның бейхабар жатқан елін қалың қалмақ

қаптап басып қалды. Бұлардың басшысы Қорен қалмақ екен. Ел дүрлігіп, естері шығып қалды. Қорен хан Сырлыбай ханға жігіттерін жібереді. Жендеттер Сырлыбайға келіп: «Біздің ханымыз сізге жіберді. Қызы Жібекті бере ме екен, әлде бермей ме екен? Бермесе елінді, жерінді шауып алғалы келдік», – десті.

Сырлыбай хан есі шығып, еліне не дерін біле алмай қалтырап: «Әй, жігіттер, кішкене аял қыла тұрындар, кеңесіп барып жауабын берелік», – деді. Жігіттер ханына жүріп кетісті.

Сырлыбай хан қыз Жібектің ордасына келіп: «Жібекжан, Түптен Қорен қалмақ келіп, қызыңызды бересіз. Бермесен, елінді шауып кетеміз деп жатыр. Не істейміз?», – деді.

Жібек: «Ата, зорлыққа айла бар ма? Мақұл деңіз. Бірақ мені алам деген Қореннің салты бар ма екен? Болса, қырық күн тойын жасап алсын», – дейді. Сырлыбай Қаршығаны шақыртып: «Сен барып айт, қыз Жібекті қырық күн тойын жасап алсын», – дейді. Қаршыға мән-жайды айтқан соң, Қорен хан мақұлдап, той жасайды.

Тойын жасай берсін. Осы той кезінде Бекежан көк жорғамен көсілтіп, Жібекке бір көрінейін деп келе жатыр. Жібек Бекежанның келе жатқанын көріп, секемденіп:

– Ай, Бекежан, андағы көк жорғаны қайдан алдың? – дейді.

Бекежан: «Қайдан алушы едім. Өзімдікі», – деп тұрып, Жібекке тиісіп қалады:

Бекежан әуелетіп әнге әуен салды,
Жібек қыз соны тыңдап, құлақ салды.
Бір жылдан асып кетті кеткеніне,
«Сол жезден Төлегеннен хабар бар ма?»

Жібек:

Төлегенім бұл дүниеде жүрген шығар,
Жібегі күнде етегін түрген шығар.

Бекерге меніменен байланыспа,
Онымен қандай жұмыс, ісіңіз бар?

Бекежан:

Айт дедің, ал айтамын жылап жүрме,
Көптен бергі масқараң жетті бізге.
Қособаның көлінде жатып алдым,
Мергендікпен бір қарақшы атып алдым.
Өзім батыр болған соң кімді аяйын,
Төлегенді өлтіріп, атын тартып алдым.

Қыз Жібек Төлегеннің өлгенін естіп, жоқтап жылап айтқаны:

Басынан бас қосқаным Жағалбайлы,
Малдарын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым қыз Жібекті неге алмайды?
Тағы айтам, бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Сол елде ер жеткен қайным жоқ па,
Жесірін іздеп келіп неге алмайды?
Сол жерге өзім іздеп барар едім,
Әттең-ай, әйел жолды таба алмайды.
Бір сұмдықтың болғанын
Бекежаннан көреді,
Туыстары келеді.
Бекежандай ақымақтың
Мойнына шылбыр салады,
Төлегеннің жолына
Құрбандық қылып шалады.

Сөйтіп, қыз Жібектің бауырлары Бекежанды өлтіріп, кектерін қайтарды.

Ендігі сөзді Базарбай жөнінде айтпақшымыз. Базарбай Төлегеннен хабар біле алмады. Бір күні өзінің қадірлі адамы Шеге ақынды шақыртып алып: «Төлегеннің кеткеніне бір жыл болды. Хабар болмады. Сансызбай екеуің іздеп, Төлегеннің жай-жапсарын біліп келіңдер», – деді. Шеге Базарбайдың айтқанынан шықпаған, әрі батыр, әрі шешен адам еді. Сансызбайдың жау-жарағын сайлап, жөнөп берді. Үш ай жол жүріп, Ақ Жайық аулының шетін жағалап келеді. Қой жайып жүрген бір қойшыға душар болады. Шеге ақын осы қойшыдан: «А, қарағым, бұл кімнің жері, кімнің елі?», – деп жөн сұрайды. Қойшы: – Біз алты Шекті еліненбіз. Ханымыз Сырлыбай деген болады.

Шеге: – Мына қаптап жатқан қалың ел өз еліңіз бе?

Қойшы: – Жоқ, аға түптен Қорен хан деген қанша мың қолымен келіп, ханымыздың қызы Жібекті бересің. Бермесей, ел-жеріңді шауып аламын деп қамаған соң, ханымыздың амалы таусылып, қызын осы Қорен ханға бермек болып, тойын жасап жатыр.

Шеге тағы да: – Бұл Жібек қыздың бұрын сөйлесіп жүрген жігіті жоқ па екен? – деп сұрады.

Сонда қойшы айтады: – Бұрын Төлеген деген мырза сөйлесіп, Жібекті алған, ол үш айдан кейін еліне барып келуге кеткен еді. Жазғытұрым жалғыз қайтып келе жатқанда, Қособаның көлінде Бекежан деген нәлет жолын тосып барып, көрінбей жатып Төлегенді атып өлтірген.

Сонда Сансызбай ағасының өлгенін естіп, шалқасынан құлап жылайды.

Қойшы шошыды «Бекерге айтқан екенмін», – деп. Сансызбай басылмай көп жылады. Шеге ақын Сансызбайға қайрат беріп: «Ай, Сансызбай қарағым, болды. Ен далада жылай бергенің жарамайды. Болар іс болыпты. Одан гөрі ақылға келелік, енді құр кеткеніміз дұрыс болмайды. Жоқ дегенде, Жібекке жолығып кетуіміз керек, қарағым. Әйт-

песе көңіліміздің жалыны басылмайды. Енді мен барып, Жібекпен сөйлесіп келейін, сен кідіре тұр», – деп кетеді.

Шеге Жібектің алдына барып жолығады. Жібек басқа жерден келген адам екенін сезіп, жылы қабыл алып сөйлеседі. Содан соң Сансызбайды шақырып алады. Шегені жөнелтіп, Жібек Сансызбайды кетірмей түнетеді. Бұл үшеуінің кеңесін ешкім білген жоқ. Ертеңіне Сансызбайды жібереді. «Сіздер пәленше жерге барып мені тосып тұрыңдар. Мен Қорен ханның бір тұлпарын сұрап мініп, арттарыңнан барармын», – дейді.

Шеге мен Сансызбай кете берсін. Енді Қорен хан жөнінде сөз болмақшы. Қыз Жібек өзінің жеңешесін шақырып алып, Қорен ханның бір тұлпарын сұратып жібереді. Жібек ол күні Сансызбайды жіберген жоқ. Біріне бірі қызық көрініп, сөз байласты. Бұл екеуінің әңгімесін ешкім білген жоқ. Ертеңіне Жібек Сансызбайдың қолын ұстап: «Енді сіздер қайтадан жолға шығуға даярланыңыздар. Мен Қорен ханның бір тұлпарын сұрап мініп арттарыңнан жетермін», – деп Сансызбайды жібереді.

Сансызбай, Шеге бара берсін. Ендігі сөз Жібек пен Қорен хан жөнінде болмақшы.

Жібек бір жеңешесін шақыртып алып, Қорен ханның бір тұлпарын сұрап әкеп бер деп жіберді. Жеңешесі Қорен ханға барып сұрап тұрған жері:

Күйеу бала Қорен хан,
Жібек сізге жіберді.
Тұлпардың бірін бер дейді,
Ертең көшке мінеді.

Сонда Қорен сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Ой, жеңеше, жеңеше,

Көрініп Жібек келмесе,
Көп күндер өтті бірнеше.
Тимесе Жібек тимесін,
Тұлпардың бірін сұрама,
Әйелдер тұлпар мінер ме? –

деп бермей қойды.

Жібек сонда ойланып: «Қой, іс мүшкіл болып қалған екен, өзім барып көрейін», – деп киімдерін киіп, шашбауларын тағынып, қылаң етіп, қылт етіп, сылаң етіп, сылт етіп, Қорен ханның үстіне кіріп барды. Сол уақытта Қорен хан Жібекті көріп қалып, толықсыған көркіне разы болып, орнынан тұра келді. Жібек айтты: «Қорен хан, ат сұратсам, неге бермей қойдыңыз?».

– Ойбой-ой, көп күндер өтті. Бір көрінбеген соң, көңілім бұзылып, бермей қойғаным рас. Екі тұлпарым бар, қайсысын мінесің? – деді Қорен хан.

Жібек: – Қайсысы жақсы?

– Ой, көк сандалым жақсы ғой. Соны мін.

Қорен хан сасқалақтап, көк сандалды өзі ерттеп жатқанда, Жібек Қореннің бүктеулі жатқан ақ семсерін беліне байлай қойды.

Қорен хан байқап қалды: – Ай, Жібек, оны не қыласың?

Жібек күлімсіреп, Қоренге қарап: «Қорен ханның семсері деп қыздарға көрсетемін», – деді.

Қорен: «Олай болса, мейлі», – деп көк сандалды Жібекке берді де: «Жібек, абайлап жүрмесең, еті қызғанда, бой бермей алып кетеді, құлап қалма. Мен қаз мойын қара тұлпарды мініп, артыңнан қарармын», – деді. Жібек: «Қорықпай-ақ қойыңыз. Хан басыңызбен қойшы-қолаңша артымнан жүргеніңіз ұят болады. Қосыңызда жата беріңіз. Мен кешке қарай келемін», – деп жүріп кетті.

Жөнөді Жібек жөнөді,
Қамшыны ұрып келеді,
Ойлау жермен орғытып,

Сайлау жермен сырғытып,
Аялдамай келеді.
Қарауылда тұрған Шеге ақын
Жібекті болжап біледі.
Әне-міне дегенше,
Шегеге жетіп келеді.
Ашылсын, балам, бағың деп,
Қырық шілтен болсын панаң деп
Екеу еді үшеу боп,
Алла деп елге жөнелді.
Өңкей тұлпар мінгені,
Шапқанда Жібек озады.
Сансызбайға жүр деді.
Жүре алмаса өз атың,
Сандал көкті мін деді,
Ар көріп Сансыз мінбеді,
– Жүре бер, Жібек, жүре бер,
Маған кезек келгенде
Мінермін сонда шын деді.
Атырылып көк сандал
Алдыға озып жөнелді.
Үшеуі теңдей келіскен
Аялдамай жүреді.
Жібекті байқап Шеге ақын:
– Қызып қалды көк сандал,
Алып қашып кетпесін,
Алып ұрып бір жерге,
Өз қосына кетпесін.
Артымыздан қуғындап,
Көк сандал бізге жетпесін.
Ашуы келген Қорен хан
Түбімізге жетпесін.
Жібек тізгін тартады,
Көк сандалды байқады,

Албыттанған көк сандал
Билеп, ойнап басқаны.
Қуғыншы арттан келмес деп,
Жай жүрісті, саспады.

Ендігі сөз Қорен ханда. Қорен хан Жібекті күтті, келмеді. Ертеңіне тоғыз мың сарбазымен Сырлыбай ханға келді. Қорен хан Сырлыбайға: «Сен мені неге мазақ қыласың? Жібек менің тұлпарымды мінген қайтып келемін деп. Жібек те, тұлпарым да жоқ. Қайда қашырдыңыз, тез табыңыз. Болмаса, шауып аламыз», – деп қаһарланды. Сырлыбай хан жауап айта алмай, дағдарып тұрып қалғанда, Қаршығаның Қоренге жауап беріп тұрған жері:

– Ой, Қорен хан, Қорен хан,
Ел қорықты қаһарыңнан,
Тұлпардың сырын білесің.
Біліп тұрып тұлпарды
Әйелге неге бересің?
Өзің беріп тұлпарды,
Елден неге көресің?
Қатты айтуға батпаймыз,
Ел билеген төремсің.
Күшке салған оңалмайд,
Тұлпар ізі жоғалмайд.
Даланы кезіп шалыңыз,
Іздейік оны бәріміз.
Біреулер байқап білген-дүр,
Еркелеп ойнап жүрген-дүр.

Қорен Қаршығаның бұл сөзіне жығылып: «Тура айтасыз, тұлпар ізі жоғалмайды», – деп атына мініп, жөнep беріп, үдере шауып жүріп, көк сандалдың ізін тауып алды. Қорен хан қолын тоқтатып: «Сендер артымнан келе беріңдер. Мен Жібектің артынан жетіп, кейін қайтам», – деп

Қорен Жібектің артынан жөнep бapa жатқан жері:

Жөнepдi, қалмақ жөнepдi,
Қамшыны ұрып келедi.
Ойпаң жермен орғытып,
Сайлау жермен сырғытып,
Аялдамай келедi.
Қаз мойын қара тұлпарды,
Сауырға салып шапқылап,
Сауырынан аққан тер,
Моншақ-моншақ тамшылап,
Келе жатқан қалмақты
Жібек болжап біледi,
Бір төбеге келедi.
Көк сандалдың шылбырын,
Мойнына салып түйедi.
Сансызбай аман қалса деп,
Алладан медет тіледi.
Айналайын күдірет,
Не пейілімнен тұтылдым?
Ақырында, Құдай-ай,
Қашып келіп құтылдым.
Жылады Жібек жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Тәуекел деп Сансызбай,
Жол тосып жалғыз тұрады.
Әне-міне дегенше
Қорен келіп қалады,
Сансызбайды қарады.
– Көзің отғай жанасың,
Өзің жап-жас баласың,
Жібекті алға жіберіп,
Соғысатын немедей
Көлденең тартып тұрасың.
Ұрысар болсаң, шыныңды айт,

Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі.
Қашпайтұғын ер болсаң,
Мойныңды маған бұр дейді.
Кезегін беріп қалмақтың,
Толғана мойнын бұрады,
Алладан тілек қылады.
Атаңа нәлет Қорен хан,
Қорамсаққа қол салды,
Қол салғанда мол салды,
Садақты қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Зымырап оғы кетеді,
Сансызбайға жетеді.
Тоғыз қабат сауыттың,
Сегізінен өтеді,
Тесіле жаздап тоғызы,
Қырық шілтен болған қолдаушы,
Жауға сырын алдырмай,
Кезегін алды Сансызбай.
– Батар күнмен батайын,
Қоренді мен де атайын.
Ең болмаса, Құдай-ай,
Жастығымды ала жатайын.
Деп толғанып Сансызбай,
Қорамсаққа қол салды,
Қол салғанда мол салды.
Толғап тартып қалады.
Зымырап оғы кетеді,
Дәу қалмаққа жетеді.
Оқ тоқтаған мезетте
Қорен аттан құлады,
Ту қолынан сұлады.
Ат үстінен Сансызбай,

Қореннің басын кесіп салады.
Қаз мойын қара тұлпарды,
Жетегіне алады.
Тоқта, Жібек, тоқта деп,
Көңілің маған жоқ па деп,
Жанына еріп Сансызбай,
Екеуіне жетіп келеді.
Разы болып Сансызға,
Шеге колын береді.
Жалғыздап, балам, өлтірдің,
Ерлік болды осының.

.....
Қорқыныштан құтылдың.
Ержүрек ұл елдікі,
Жібек енді сенікі,
Қайда жүрсең болады,
Ісіңді Құдай оңдады.
Қолыңа алдың теңдікті,
Аман болсаң
Ақыл сала жүрерсің.
Есен жетсең еліңе,
Еш адамға қор қылмай,
Жібекті өзің сүйерсің,
Деп Қаршыға сөйлейді,
Әзіл айтып күледі.
Жібек тұрды қуанып,
Қуана басып бұралып,
Сансызбайдың ерлігі
Жібекке толды сыналып.

МАЗМҰНЫ

ӨЛЕҢДЕР

Әкеме.....	5
Сарыбайға	6
Кәмшат қыз.....	7
Өлеңші Омарға	9
Жаныс ақынға.....	10
Жылқышы.....	11
Пұшықтың ұрыға айтқаны	12
Шәбденге	13
Сәт сайланарда	14
Жалғызбын деп жүрмесін	15
Тілеміске	16
Абышқа	17
Артықша туған азамат	18
Қабат тусын күн мен ай.....	20
Өсиет	26
Шалтабайға.....	21
Қалиға.....	22
Тоқтағұлға.....	23
Кедей күйі	24
Әділдік керек халыққа	25
Кәдірбайдың төбеті.....	36
Өстепкеде.....	42
Патша әмірі тарылды.....	43
Зілді бұйрық	45
Белсенділерге	49
Ақын болдым он үште.....	50
Жастар алдындағы сөз.....	58
Халықтың сәлемі.....	61

Тоқтағұл	64
Қырғыз ұлы, құлақ сал	67
Балаларға	69
Жаз жыры.....	70
Алатау.....	72
Қымыз	74
Өмір жыры.....	76
Мәстек пен тұлпар	79
Кәрілік.....	83
Асау үйреткен жігіттерге.....	84
Тәжібайға	85
Тауда	86
Абайдың суретіне.....	87
Кәденжан	88
Кененге.....	89
Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң,	90
Сақалым темір күрек борға малған,	91
Мен келдім амандаса	92
Жайлауымыз – Құлансаз	98
Ата жаумен айқастық.....	100
Өлім мен өмір белдесті.....	104
Аттан, батыр ұрпағым	106
Ленинградтық өренім	109
Төлеген ер.....	116
Майданға хат	118
Аттандыру.....	121
Отан әмірі	122
Алатауды айналсам	125
Соңғы сөз	127

АЙТЫСТАР

Жамбыл мен Айкүміс	129
Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы	132
Бөлектің қызы мен Жамбыл	135
Сары ақынмен қағысу	137
Майкөтпен дидарласу	138
Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны	141
Жамбыл мен Бөлтірік	142
Жамбыл мен Құлмамбет	144
Жамбыл мен Досмағанбет	161

ЖЫР-ДАСТАНДАР

Көрұғылы	192
Қыз Жібек	243

Жамбыл Жабаев
ШЫҒАРМАЛАРЫ

Редактор
Ш. ЖҰБАТОВА
Мұқабаны көркемдеген
Ж. БОЛАТАЕВ
Беттеуші:
Н. КЕЛГЕНБАЕВ

ИБ 6(8)

Теруге 25. 06.2014 ж. берілді. Басуға 04. 09. 2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Әріп түрі «Times New Roman», кегль 11,5. Офсеттік
басылыс. Қағазы офсеттік. Көлемі 15 шартты баспа табақ.
Таралымы 2000+10. Тапсырыс № 211

«Нұрлы Press.kz» ЖШС
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143

«Полиграфсервис» ЖШС.
050050, Алматы қаласы, Зелёная көшесі, 13 «А».